

e-ISSN 3078-9001

Құтты білік

2025, Том 2, № 2

Qutty bilik

2025, Volume 2, Issue 2

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year

Алматы, 2025
Almaty, 2025

Бас редакторы: **АНАР САЛҚЫНБАЙ**, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Редакция алқасы

Айгуль Исмакова	филология ғылымдарының докторы, профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Алтынай Тымбол	филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Бижомарт Қапалбек	филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты (Алматы, Қазақстан)
Дулат Бакишев	тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Хангук шет тілдер университеті (Сеул, Корея)
Екрем Аян	PhD, доцент, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Ерден Қажыбек	филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Жазира Ағабекова	филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Жарқынбике Сүлейменова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Кәрімбек Құрманәлиев	филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Қаламқас Қалыбай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Мағрипа Ескеева	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Мехмет Өлмез	филология ғылымдарының докторы, профессор, İstanbul Üniversitesi (İstanbul, Türkiye)
Наджие Ата Йылдыз	филология ғылымдарының докторы, профессор, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Насреддин Назаров	философия ғылымдарының докторы, профессор, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Нергиз Бирай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Pamukkale Üniversitesi (Pamukkale, Türkiye)
Орхан Сөйлемез	филология ғылымдарының докторы, профессор, Кастамону университеті (Кастамону, Түркия)
Орынай Жұбай	филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Тұрсын Жұртбай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Тыныштық Еркемова	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Шайгүл Рамазанова	филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Эльмира Оразалиева	филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Юлай Шамильұлы	PhD., профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)

Жауапты редакторы:

Жанат Сарсенбай, PhD. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Ғылыми редакторлары:

Аққибат Ақжігітова, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Бауыржан Каспихан, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 050040, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71

Тел.: +7 707 993 38 27. E-mail: inbox@quttybilik.com web-site: www.quttybilik.com

Меншік иесі: «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркелген. 25.09.2024 ж. № KZ57VPY00102017 – тіркеу куәлігі.
Мерзімділігі – жылына 4 рет.

Editor-in-Chief: **ANAR SALKYNBAY**, *Doctor of Philology, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Editorial board

Aigul Ismakova	Doctor of Philology, Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Altynai Tymbol	Doctor of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Bijomart Kapalbek	Candidate of Philology, Institute of State Language Development (Almaty, Kazakhstan)
Dulat Bakishev	Candidate of Historical Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies (Seoul, Korea)
Ekrem Ayan	PhD, Associate Professor, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Yerden Kazhybek	Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhazira Agabekova	Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Zharkynbike Suleimenova	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Karimbek Kurmanaliyev	Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Kalamkas Kalybay	Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)
Magripa Eskeeva	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Mehmet Ölmez	Doctor of Philology, Professor, Istanbul Üniversitesi (Istanbul, Türkiye)
Nadzhiye Ata Yıldız	Doctor of Philology, Professor, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Nasreddin Nazarov	Doctor of Philosophy, Professor, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Nergiz Biray	Doctor of Philology, Professor, Pamukkale University (Pamukkale, Türkiye)
Orhan Söilemez	Doctor of Philology, Professor, University of Kastamonu (Kastamonu, Turkey)
Orynai Zhubay	Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Tursyn Zhurtbay	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Tynyshtyk Yermekova	Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Shaigul Ramazanova	Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Elmira Orazalieva	Doctor of Philology, Associate Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Yulai Shamiloglu	PhD, Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)

Responsible editor:

Zhanat Sarsenbay, *PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Scientific editors:

Akkibat Akzhigitova, *doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Bauyrzhan Kaspikhan, *doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Editorial address: 71, Al-Farabi Ave., Almaty, Kazakhstan, 050040

Tel.: +7 707 993 38 27. **E-mail:** inbox@quttybilik.com **web-site:** www.quttybilik.com

Owner: «International Association of Teachers of Kazakh Language». Registered with the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ57VPY00102017 dated 25.09.2024.

Periodicity – 4 times a year.

Главный редактор: **АНАР САЛКЫНБАЙ**, доктор филологических наук, профессор,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Редакционная коллегия

Айгуль Исмакова	доктор филологических наук, профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Алтынай Тымбол	доктор филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Бижомарт Капалбек	кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка (Алматы, Казахстан)
Дулат Бакишев	кандидат исторических наук, профессор, Университет иностранных языков Хангук (Сеул, Корея)
Екрем Аян	PhD, доцент, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Ерен Кажыбек	доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)
Жазира Агабекова	кандидат филологических наук, ассистент профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Жаркынбике Сулейменова	доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан)
Каримбек Курманалиев	доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)
Каламкас Калыбай	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Магрипа Ескеева	доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Мехмет Олмез	доктор филологических наук, профессор, Istanbul Üniversitesi (Istanbul, Türkiye)
Наджие Ата Йылдыз	доктор филологических наук, профессор, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Насреддин Назаров	доктор философских наук, профессор, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Нергиз Бирай	доктор филологических наук, профессор, Pamukkale Üniversitesi (Pamukkale, Türkiye)
Орхан Сойлемез	доктор, профессор, Университет Кастамону (Кастамону, Турция)
Орынай Жубай	доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Турсын Журтбай	доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Тыныштык Ермакова	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан)
Шайгуль Рамазанова	кандидат филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Эльмира Оразалиева	доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Юлай Шамильоглы	PhD., профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)

Ответственный редактор:

Жанат Сарсенбай, PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Научные редакторы:

Аккибат Акжигитова, докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Бауыржан Каспихан, докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Адрес редакции: 050040, Казахстан, Алматы, просп. аль-Фараби, 71

Тел.: +7 707 993 38 27. E-mail: inbox@quttybilik.com web-site: www.quttybilik.com

Собственник: Общественное объединение «Международная ассоциация преподавателей казахского языка». Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № KZ57VPY00102017 от 25.09.2024 г. Периодичность – 4 раза в год.

© Международная ассоциация преподавателей казахского языка

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Түркітану / Turkic Studies / Тюркология

<i>Article</i>	<i>A.B. Salkynbay</i> Абай – адам санасының реформаторы	
	<i>A.B. Salkynbay</i> Abay – A Reformer of Human Consciousness	
	<i>A.B. Салкынбай</i> Абай – реформатор человеческого сознания	8
<i>Article</i>	<i>Д. Ысқақұлы</i> Абай поэзиясындағы түркілік дүниетаным	
	<i>D. Yskakuly</i> The Turkic Worldview in Abai's Poetry	
	<i>Д. Ысқақұлы</i> Тюркское мировоззрение в поэзии Абая	20
<i>Article</i>	<i>М. Ескеева</i> Абай тіліндегі бинарлық қатынастар	
	<i>M. Yeskeyeva</i> Binary Relations in Abai's Language	
	<i>М. Ескеева</i> Бинарные отношения в языке Абая	38

Қазақ тіл білімі / Kazakh Linguistics / Казахское языкознание

<i>Article</i>	<i>Д.А. Алкебаева</i> Абай шығармаларындағы «сөз» концептісінің әлеуметтік мәні	
	<i>D.A. Alkebaeva</i> Social Significance of the Concept of <i>Soz</i> in Abay's Work	
	<i>Д.А. Алкебаева</i> Социальное значение понятия <i>Соз</i> в творчестве Абая	46
<i>Article</i>	<i>Э.Н. Оразалиева</i> Абай әлемі – тектілік пәлсапасының бастауы	
	<i>E.N. Orazaliyeva</i> The World of Abay is the Source of the Philosophy of Nobility	
	<i>Э.Н. Оразалиева</i> Мир Абая – источник философии благородства	56
<i>Article</i>	<i>Ж. Сарсенбай, А. Ақжігітова</i> Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердегі норма мен узус мәселелері.....	
	<i>Zh. Sarsenbai, A. Akzhigitova</i> Issues of Norm and Usage in Kazakh Texts on Social Network	
	<i>Ж. Сарсенбай, А. Ақжигитова</i> Проблемы нормы и узуса в текстах на казахском языке в социальных сетях.....	66
<i>Article</i>	<i>Н.А. Садуакас, М.О. Милов</i> Профессор Қ.Жұбановтың морфологияға қатысты көзқарастары.....	
	<i>N.A. Saduakas, M.O. Mirov</i> Views of Professor K. Zhubanov on Morphology	
	<i>Н.А. Садуакас, М.О. Милов</i> Взгляды профессора К. Жубанова на морфологию	80

Article	Р.Н. Дәрменқұлова, М.Қ. Сарсембаева Синтаксистік норма мәселелері	
	R.N. Darmentkulova, M.K. Sarsembayeva Problems of Syntactic Norm	
	Р.Н. Дарменқұлова, М.К. Сарсембаева Проблемы синтаксической нормы	94
Article	С.Қ. Асанова, Қ.Т.Мұхамеди Етістік негізді сөз тудырушы тұлғалардың этимологиясы	
	S.K. Asanova, K.T. Mukhamadi Etymology of Verb-based Word-forming Affixes	
	С.К. Асанова, К.Т. Мұхамеди Этимология словообразующих аффиксов глагольного происхождения	104
Article	Б. Мырзабаева, Я. Шимшек Сөз және сана кеңістігі: Абай шығармаларындағы адресаттық құрылым мен әлеуметтік мағына	
	B. Myrzabayeva, Ya. Shimshek Speech and the Space of Consciousness: The Addressee Structure and Social Meaning in Abai's Works	
	Б. Мырзабаева, Я. Шимшек Пространство речи и сознания: адресная структура и социальный смысл в произведениях Абая	112
Article	А. Абдыкадырова, О. Йылдыз Қазақ анимациясындағы Абай мұрасы: бала дискурсы және медиалингвистикалық бейімделу	
	A. Abdykadyrova, O. Yildiz Abai's Legacy in Kazakh Animation: Medialinguistic Adaptation and Child Discourse	
	А. Абдыкадырова, О. Йылдыз Наследие Абая в казахской анимации: медиалингвистическая адаптация и детский дискурс	126
Әдебиеттану / Literary studies / Литературоведение		
Article	Н.А. Йылдыз Абай қара сөздерінің тілді қолдану жағдайындағы әдеби аспектісі	
	N.A. Yildiz The Literary Aspect of Abay's Kara Soz in Terms of Language Use	
	N.A. Yildiz Abay'in Kara sözlerinin dil kullanımı açısından edebî yönü	138
Article	А. Касенова Қазақ әдебиетіндегі бала психологиясының көркем прозадағы көрінісі	
	A. Kasenova The Reflection of Child Psychology in Kazakh Literature Through Artistic Prose	
	А. Касенова Отражение детской психологии в художественной прозе в казахской литературе	146

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

Article	Л.Т. Алимтаева Профессор Р.С. Әмірдің еңбектері қазіргі оқу үдерісінде	
	L.T. Alimtayeva The Scientific Works of Professor R.S. Amir in the Modern Educational Process	
	Л.Т. Алимтаева Научные труды профессора Р.С. Амира в современном образовательном процессе	154
Article	К. Қурмантай Жазбаша тіл дамытуда сыни пікір қалыптастырудың лингвистикалық негізі	
	K. Kurmantay The Linguistic Foundation of Forming Critical Opinion in Written Language Development	
	К. Курмантай Лингвистическая основа формирования критического мнения в развитии письменной речи	162

Тұлғатану / Personalistics / Персоналистика

Article	А.А. Тұймебекова Абай мен Бауыржан: ұлттық болмыстың екі қыры – ойшылдық пен батырлық	
	A.A. Tuymebekova Abai and Bauyrzhan: Two Aspects of National Identity – Wisdom and Valor	
	А.А. Тұймебекова Абай и Бауыржан: два аспекта национального духа – мудрость и доблесть	174

ҒТАР 16.21.33

Ғылыми мақала

А.Б. Салқынбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

(E-mail: asalkbek@gmail.com)

Абай – адам санасының реформаторы

Аңдатпа. Мақалада Абай ойшылдың дүниетанымы мен қазақ санасына жасаған реформаторлығы «Ғақлия» сөздері негізінде қарастырылады. Ақынның тарихи қалыптасқан санадағы танымға реформа жасағаны – тек қазақ мақалдарын сынауы ғана емес, кейде біліп, кейде білмей айтылған тұжырымдарды қайтадан ойлы көзбен, сын көзімен қарап, санаға салмақ салғаны. Абай логикалық тұрғыдан терең ойлану арқылы кей ұғымдарды, пайымдауларды, тұжырымдарды әлі де тереңдете түсу қажеттігін алға тартады. Абайдың реформаторлығы – ұлттың ойлау жүйесіне, ұлт санасына, дүниетанымдық басты негіздеріне жаңа ойлау дағдыларын жасампаздықпен енгізген жаңалықтарында. Ол ақиқатты тану мен өзіңді танудың асыл жібін танып, тауып, қарапайым әдістер арқылы оңай түсінудің жүйесін көрсетті. Шындықты түсіндіру үшін ойлаудың қарапайым әдістерін пайдаланып, «Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Әкешесі бір екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен» сынды әлемнің қарапайым тілдік бейнесі арқылы қабылданған жалған ойлау қалпының бұрыстығын бірін екіншісінен шығару әдісін қолдану арқылы дәлелдейді. Формальды логиканың бұл әдісін Сократ та осылай пайдаланған еді. Сократтық әдісті пайдалану арқылы қалың елдің өзі таныған тұжырымдарының қисынды-қисынсыздығын санамен ойлап, дұрыс пен бұрыстың арасын қайта салмақтауын, ақыл таразысына салуын ұсынады. Осылайша қайта ойлау қажеттігін қалыптап, танымның сыни тұрғыдан дамуына бағыттады.

Адамдар, көбінесе, санаға сіңген танымдық қалыптарға тәуелді. Бұл қалыпты кім, қашан енгізгені де белгісіз... әсіресе дінмен, саясатпен енген қалыптардан арылу оңай болмайды. Ал қалыпты бұзу – сыни ойлау деңгейіне жеткен жасампаз тұлғаларға тән. Абайдың жасампаздығы – осындай санада сақталған, қабылданған қалыпты бұза алғандығы, ақиқатқа жетудің дұрыс жолын меңзеп, өзін-өзі танудың оң жолын көрсетуі.

Түйін сөздер: ойшыл, Абай, дүниетаным, реформатор, таным, ұлт санасы, адами болмыс

DOI: <https://doi.org/10.71078/qwts1d55>

Түсті: 10.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Қазіргі қазақ қоғамында шынайы ұлттық құндылықтардың қайта жаңғыруы, бұқаралық тұтыну мәдениетінің ұлттық жаңаруы байқалады. Рас, кей әлеуметтік ортада жалған құндылық сипатындағы «жаңа» нормалар мен имитациялардың да қатар өмір сүріп отырғанын жасыра алмағанымызбен, қоғамдағы жарқын өзгерістердің, ұлттық

дәстүрге, ділге бет бұру үдерісінің қарқынын аңғару қиын емес. Бұл – бүгінгі бұқараның ішкі рухани қуатының нәтижесінде пайда болған сілкініс. Жаһандану мен күн сайын дамып жатқан «көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» ғаламтор заманында, халықтың әлеуметтік белсенділігі ұлттық құндылықтардың қажеттілігін өзіндік МЕНнің өлшемі ретінде алға оздырды.

Адам баласының өз өмірін бағалауы, өзін тануы ең күрделі мәселе. Бұл тек философияның ғана емес, сонымен бірге психологияның, әлеуметтанудың, сонымен бірге тілдік бірліктер арқылы таңбаланатындықтан лингвомәдениеттану мен лингвофилософиялық зерттеулердің де нысаны бола алады. Әрбір адамның өзіндік діни түсінігі дүниетанымының құрамдас бөлігі, діннің шығуы, ерекшелігі, адамның рухани өміріндегі мәні т.б. туралы азды-көпті ақпаратының болатыны белгілі. Діни дискурстың мәнін айқындаудың өзіндік салмағы бар.

Зерттеудің мақсаты – Абайдың «Ақыл» сөздеріне негіздей отырып, ұлы ақынның реформаторлығын, ұлттың ойлау жүйесіне, ұлт санасына, дүниетанымдық басты негіздеріне жаңа ойлау дағдыларын жасампаздықпен енгізген жаңалықтарын зерделеу.

Зерттеу әдістемесі

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты деген ғылыми қағиданы еске алар болсақ, қоршаған орта туралы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы туралы таным – санада қалыптасқан дәстүрлі ақпараттардың негізінде жасалады. Ойлаудың сыртқа шығар көрінісінің ең негізгісі сөз арқылы орындалатындықтан, ойлау үдерісі мен адамның өзін қоршаған болмысты тануы тілде қалай көрініс табады деген мәселе лингвофилософиялық, лингвомәдени тұрғыдан зерттеу үшін маңызды. Халықтық қарапайым санада қалыптасқан пайым-түсінік Абай «Ақыл» сөздерінде жасампаздықпен жаңғыртылады. Абай жазып отырған мәселе қазақтың әлеуметтік тәжірибесінде бар. Біреудің бай не жарлы болуын, ауру не сау болуын, есті не есер болуын, жақсылыққа не жамандық жасауға икемді болуын жазмыштан көру санада қалыптасқан. Тілімізде қалыптасқан «Алланың жазуы», «Тәңірінің қалауы», «Құдайсыз қурай да сынбайды», «Жазмыштан озмыш жоқ» т.б. сынды тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер бар. Әлемнің қарапайым тілдік бейнесі арқылы берілген пайымның сипаты күнделікті өмірде кездесетін қарапайым түсінікке негізделгендігі зерделенеді.

Нәтижелер мен талқылау

Абай ойы – ұшқыр, көңіл көкжиегі – терең. Ойшылдың «дүниетанымы өте күрделі» де жасампаз. *«Түзікті бейішке шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың айыпсыз, мінсіз гафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те – бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз?»* деген сауал қояды. Ау, біздің ойымыз, біздің дұрыс деп санаған тұжырымымыз жаратушынікі екенін кім білді? *«Кім жақсылық, кім жамандық қылса-дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?»*. Ұлы Ақын осылайша тарихи қалыптасқан санадағы танымға шабуыл жасайды. Бірді біліп, бірді білмей айтылған тұжырымдарды қайтадан ойлы көзбен сын көзімен қарап, санаға салмақ салады. Тілде айтылып, сақталып қалған ұғымның бәрі шындық деу ақиқатқа жанаса ма деген сауалды көңілге ұялатады. Біреу жамандық жасайды, сатқындық істейді, кісіге қол жұмсайды, өзгенің өміріне араласады, қорлайды – осының бәрін жаратушы жасатып тұр деуге ауыз бара ма? Жаратушыны «ақылмен танудың», «әуелі иманды түзеудің» қарапайым жолын көрді Абай, көрді де осы жолдың түзулігін білді, білгенін Ақыл Сөзінде мұсылмандарға ғибрат етті. Абай логикалық

тұрғыдан терең ойлану арқылы кей ұғымдарды, пайымдауларды, тұжырымдарды әлі де тереңдете түсу қажеттігін алға тартады. Абайдың реформаторлығы, демек, ұлттың ойлау жүйесіне, ұлт санасына, дүниетанымдық басты негіздеріне жаңа ойлау дағдыларын жасампаздықпен енгізген жаңалықтарында. Ол ақиқатты тану мен өзінді танудың асыл жібін танып, тауып, қарапайым әдістер арқылы оңай түсінудің жүйесін көрсетті. Шындықты түсіндіру үшін ойлаудың қарапайым әдістерін пайдаланып, «Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен» сынды әлемнің қарапайым тілдік бейнесі арқылы қабылданған жалған ойлау қалпының бұрыстығын бірін екіншісінен шығару әдісін қолдану арқылы дәлелдейді. Формальды логиканың бұл әдісін Сократ та осылай пайдаланған еді. Сократтық әдісті пайдалану арқылы қалың елдің өзі таныған тұжырымдарының қисынды-қисынсыздығын санамен ойлап, дұрыс пен бұрыстың арасын қайта салмақтауын, ақыл таразысына салуын ұсынады. Осылайша қайта ойлау қажеттігін қалыптап, танымның сыни тұрғыдан дамуына бағыттайды.

Адамдар, көбінесе, санаға сіңген танымдық қалыптарға тәуелді. Бұл қалыпты кім, қашан енгізгені де белгісіз... әсіресе дінмен, саясатпен енген қалыптардан арылу оңай болмайды. Ал қалыпты бұзу – сыни ойлау деңгейіне жеткен жасампаз тұлғаларға тән. Абайдың жасампаздығы – осындай санада сақталған, қабылданған қалыпты бұза алғандығы, ақиқатқа жетудің дұрыс жолын меңзеп, өзін-өзі танудың оң жолын көрсетуі. Ол қандай жол еді?



1-сурет: «Мені таныған ақылменен таныр»

Адамзаттың өміріндегі ең күрделі және көп сұрақ туғызатын тақырып: адам мен жаратушы арасындағы байланыс, тағдыр, әділет және адамның өз іс-әрекетіне жауапкершілігі. Абай адамдардың өмірде кездесетін әр алуан жағдайына мән бере отырып, терең философиялық тұрғыдан талдау жасайды.

Адам тағдырын Аллаға жүктеп, өзінің әрекеттеріне жауапкершілікпен қарамауын, бәрін Құдай тағаланың жазуынан көруін нақты деректермен жеке-жеке талдай келе, мұндай көзқарастың әрқашан дұрыс боларлық қуаты да, күші де жоқ екенін айқындап, тарихи қалыптасқан көзқарастың бұрыстығына көз жеткізеді. Құдай Тағала әрбір адамға ақыл мен ерік бергенін, ал оның істеген іс-әрекетіне өзі жауапты екенін түсіндіргісі келеді. Қиындықтар мен сәтсіздіктерді тек Аллаға ғана артып, өздері ештеңе өзгертуге тырыспау ақылдың ісі емес. Алла тағала адамға ақыл берген, сол арқылы адам өзінің өмірін өз қолында ұстай алады. Ақынның ойынша, иман мен ғибадат адамның ақылымен толық болуы тиіс. Яғни жақсылық жасау мен жамандық жасау, жолдасты сату мен уәдеге берік болу, мейірімді не зұлым болу – жеке адамның өз таңдауы. Әр жеке адам өз әрекетіне жауап береді.

«Жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ» – ой түйіні, сөздің тоқ етері осы. Абайдың философиясы терең ойлануды талап етеді. Ол адамзаттың ақыл, әрекет, иман, парыз арасындағы байланысты терең түсінуін қалайды. Егер адам өз

ақылымен дұрыс шешім қабылдап, өзінің іс-әрекетіне жауапты болса, онда оның иманы мен ғибадаты да шынайы болады. Бұл шындық бүгінгі күнде де өзекті екені даусыз. Абайдың жиырма сегізінші сөзіндегі ойлар – адам мен Алла арасындағы терең байланыспен адамның өз тағдырына деген жауапкершілігін түсінуге шақыратын даналықтың бір үлгісі. Бұл сөздер қазіргі заманның адамына да маңызды, себебі данышпан бізді өз әрекеттеріміздің салдарына жауапты болуға, ақылмен әрекет етуге шақырады.

Ой түйініндегі әр сөздің нақты қолданысы мен айқын да дәл жеткізілуінің маңызы ерекше. Гумбольдт ілімі бойынша, халықтың дүниетанымы объективті шындықпен емес, халық рухының сыртқы көрінісі болып табылатын тілмен анықталады. Абайдың *«Жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес»* деп жазғанын оқығанда, ойланбайтын жан болмасқа керек. Қарапайым детальдар арқылы жасалған көрнекті ой жүрекке жетеді де, ақылды адам иман таразысының алдында тұрғандай сезініп, өз әрекетіне жауап іздей бастайтыны анық. Тіл арқылы сақталған тұжырымдар ұрпақтан ұрпаққа жетпек. Ал оның дұрысы мен бұрысы нақты өмір тәжірибесінде айқындалмақ. Жақсылықты не жамандықты жасау адамның өз таңдауы екеніне ақылымен ойлап жету үшін, имандылық пен имансыздықтың ақылмен таңдалып алынғанын түйсіну үшін, түсіндіру үшін таңдалып алынған тілдік деректердің күнделікті өмірде жиі кездесетін қарапайым заттар мен құбылыстарды, әрекеттерді таңбалауы аса маңызды. Ұлтымыздың дүниетанымы «халық рухының сыртқы көрінісі» саналатын қазақтың қасиетті ақыл сөзінде жатыр. Сол ақыл сөзді жүйелеп, оның артық-кемін бағалап, турасын талдап, бұрысын түзеген Абай данышпанның «Ғақлия сөзінде» жатыр. Адамның ойлауы сөз түрінде көрініс тауып, жүзеге асатындықтан, ойлау процесі мен адамның өзін қоршаған болмысты тануы тілде қалай көрініс табады деген мәселені лингвофилософиялық бағытта зерделеудің маңызы ерекше.

Абайдың басты тұжырымдамасы – ақылмен, қайратпен өз жолыңды тауып, жүректің үніне құлақ асу. Өзіңді өзің табуға, тануға ұмтылу. Өзіңді өзің дамытуға ұмтылу үшін, жүйелі ойлау деңгейіне шығу қажет. Ал бұл үзіліссіз білім алу жолын, ғылым жолын таңдау деген сөз.

Өмірдің мәні – дамуда. Заман озады, заманмен бірге адам өзгереді. Әр заманның өз үні, өз сөзі бар, заман сұранысына сай, көзқарастар өзгеріп отырады десек те, адамның рухани болмысын анықтайтын маңызды құндылықтар жүйесі өз мәні мен маңызын сақтайды. Қазіргі заманғы әлем – үміттер әлемі. Үмітті адамның таңдары – білім жолы. Бұл анық. Білім кеңейген сайын біз өзіміздің тұжырымдарымызды толықтырып, білмегенімізді біліп, кемімізді күзеп, бұрысымызды дұрыстап, ... әйтеуір ізденіс үстінде боламыз. Адамның рухани дамуының ең басты тірегі – ізденіс, іздену арқылы өзіңнің жеке басыңдағы кемшілігіңді сынай білу деңгейіне жетуге болады. Санада қалыптасқан қателерді табу және онымен күресу, сол қисындар мен болжамдарды, қағидаға айналған дәстүрлі пікірлерді сынау арқылы жүзеге асады. Адам өзінің немесе басқа адамдардың идеяларын сынай алады. Дұрыс сын – шындықты іздеудің бастапқы шарты да.

Сыни тұрғыдан ойлау жүйесінің тарихы софистік ілімнен бастау алатыны туралы жазылған ғылыми пәссапалық әдебиеттер жеткілікті. Сыни тұрғыдан ойлау деген сөз – ақиқатқа, имандылыққа, адалдыққа, жақсылыққа сәйкес келмейтін әрекетті теріске шығара отырып, оның бұрыстығын дәлелдеу. Еркін ойлы, дүниетанымы кең, білімі терең, тәуелсіз шешім қабылдай алатын кісі сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті де, әрі оны еркін айта да біледі. Яки, сыни тұрғыдан ойлау мен оны айтудағы маңызды шарт – ойлау еркіндігі мен сөз бостандығы деуге негіз бар. Софистер арасында «дана болу – еркіндікке ие болу деген сөз, ойды еркін, сауатты сөйлеумен сәйкестендіретін ойлау» деген пікір кеңінен тараған.

Абай данышпан – еркін ойлауға қабілетті, еркін ойды сауатты сөйлеумен де сәйкестендіре алған тұлға. Ақынның еркін ойлы логикалық пайымдаулары мен егжей-тегжейлі дәлелдеулері «Жиырма тоғызыншы» сөзінен айқын көрінеді. Абайдың осы сөзі туралы академик З. Қабдолов былай деп ой толғайды: Абай өзінің «Жиырма тоғызыншы сөзінде» қазақтың кейбір мақалдарын қатал сынға алады. Шынында да көнелеу мақал-мәтелдердің ішінде бір кезде үстем таптың тілек-мүддесінен туған, адамда адастыратын, зияндылары толып жатыр. Ақын жұртшылыққа соны әшкерелеп, мұндай сөздерге «сақ болу керектігін» түсіндіреді. Сөйтіп, оның бұл арада айтар пікірлері де халықты еңбекке баулыған үгіт-насихаттарына тоғысады: «жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалға қарсы шыққан Абай - «ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенде жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол ар кететұғын іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздеме; ол арлы адамның ісі», - дейді¹.

Рас, сыни тұрғыдан ойлау ХХ ғасырда қолданылмады. Сыни тұрғыдан ойлау кеңестің саясатқа қайшы келді. Абай толғамдары мен тұжырымдары –сыни ойлаудың төрінде тұр. Абайға Далалықтарға тән ой еркіндігі мен сөз еркіндігін сезіну тән. Қоғам сыни тұрғыдан ойлауға енді мүмкіндік алған ХХІ ғасыр Далалықтар үшін жасампаздық, жаңғыру заманы болып келмек. Ендігі жас буын алынған ақпаратты талдауға, қорытынды жасауға және талдау негізінде шешім қабылдауға, өз пікірін қалыптастыруға, өз ұстанымын қорғауға мүмкіндік алды. Абайдың аяңдап келіп айтар түзелген сөзін тыңдар *тыңдаушысын* туғызды заман.

Біздіңше, «Жиырма тоғызыншы сөз» алдыңғы Жиырма жетінші, Жиырма сегізінші сөздердің заңды жалғасындай. Ой – ортақ, тұжырымдары – жақын.

Қазақ сөзінің мәйегі саналатын мақал-мәтелдердің әдеби тіліміздегі маңызы ерекше. Мақал-мәтелдерде ұлтымыздың дәстүрлі дүниетанымы көрініс тапқан. Ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болатын тілдік бірліктердің ерекше бұл түрі қазақ халқының мәдениетінен, салт-дәстүрінен, ділінен мол ақпарат береді. Өзге сөздермен салыстырғанда, мақал-мәтелдердің табиғаты бөлек, мұнда толғамды ой, тұжырымды пікір бар. Далалықтардың данагөй сөзі – осы мақалдарда.

Кез келген тілдегі мақал-мәтелдердің басым бөлігі адамның тұлғалық ерекшеліктерін, ішкі рухани жан-дүниесіндегі мәнді сипаттауымен, сондай-ақ қоғамдағы әр алуан әрекеттерге баға беруімен айқындалмақ. Мақал-мәтелдер – адам болмысының қоғаммен қарым-қатынасындағы егжей-тегжейлі ерекшеліктерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, ғасырлар тереңінен бастап, тәжірибе арқылы қабылданған ақиқатты танытушы. Мұндай мәні терең сөздер арқылы адам санасында жанды әрекеттер қалыптасып, қоршаған әлемге қатысты түрлі бағалауы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы сезімдері, тарихи тәжірибесі, ішкі жан дүниесіндегі сезімдері жеткізіледі. Мақал-мәтелдердің күнделікті қарым-қатынаста қолданысы арқылы сөз жүйесінің іргелі жасампаздығы айқындалмақ. Тілдік бірліктер арқылы көрінетін санада жинақталған, қорланған, тілдік тәжірибеден өткен ақпараттар ұлт болмысын саралайды, сол арқылы ұлт рухының, дүниетанымың биіктігін танытады.

Әлемнің когнитивті тілдік бейнесі ретінде адам болмысының кемшіліктері мен идеалды адамдардың жоқтығын көрсететін мақал-мәтелдер де молынан кездеседі. Көбінесе мұндай мақалдар бинарлық оппозицияда тұрады.

Мақалдар мен мәтелдер халықтың күнделікті өмірінен ақпар беріп, дүниетанымының тілдегі көрінісі болады дедік. Әлемдік озық ойлардан хабары мол, сыни тұрғыдан ойлаудың биік деңгейін оқып-біліп меңгерген, ең бастысы, еркін ойлы, Ар ілімін жасаушы, «пайда ойлаудан» гөрі «Ар ойлауды» биік қоятын далалық дүниетанымды бала жасынан бойына сіңірген Абай қазақтың кей мақал-мәтелін жөндеуге, оң бағытта

¹ <https://abai.kaznu.kz/?p=1070>

халықтың санасын тәрбиелеу ісіне жол салды. Біршама сөзде кеткен мінді түзеді. Аталған мақалдарда *«не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны»* бар еді.

Ақыл сөзді шын ғибрат алып оқыған әрбіріміз Абай көрсеткен кемшілікті тани, мінді түсіне алатынымыз анық. Сыни тұрғыдан ойлау барысында сөзде кеткен міннің дұрыс анықталғанын, оның соқырға таяқ ұстатқандай анық жазылғанын түсіну, көзі қарақты, көкірек көзі ашық жанға қиын болмасқа керек. Ия, ХХ ғасырдағы кеңестік кезең үшін сыни тұрғыдан ойлауға кісен салынды. Сондықтан көптеген ғалымдар Абай сынынан таптық қатынастың көрінісін іздеуге талаптанды. Мұның уақытша талғажау әрекет екені түсінікті де. Ең бастысы, бұл кезеңдегі жазушылар, ғалымдар кеңестің кескісінен Абайды арашалап алды. Бұл ұлт үшін үлкен рухани жеңіс болды. Кейінгі жылдары Абайдың өзінің сыншылары да көбейіп, «Абай тұлғасын тым биіктету қате, ол да біздей «пенде» ғой» деушілердің шыққанын да білеміз. Абайдың пенде емес, Адам екенін, Қазақ екенін, қазақ Ақыны, Қазақтан шыққан данышпан екенін, данышпан ішінен шыққан Көреген екенін, ал көрегендік әлемдік деңгейде бағаланатынын дәлелдеу қажет болатын заманға куә болып жүргеніміз рас.

Абай заманы – феодалдық қоғамның артта қалып, хандық жүйе тарих қойнына еніп, капиталистік қоғамның жаңа белгілері айқындалып, орыс саясатының өктемдігі артып, колониалдық саясаттың уығы әбден бекіген уағы еді. Саясат өзгеріп, саясатқа сәйкес қоғамдық қатынастар дамып, әлеуметтік сұранысқа сәйкес адам мінезі де, қалыбы мен әдебі де өзгере бастаған тұста:

*Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманды жаман күйлемек,
Замана оны илемек – болатыны да анық еді.*

Бірақ «малы жанының, жаны Арының садағасы» болған Дала заңы мызғымауы керек. Ал осы жазылмаған дәстүрді жалғау үшін, «Ар», «намыс», «парыз» ұғымдарының мәнін сақтау үшін де Абай мақал-мәтелдерде берілетін мағынаға, мақал-мәтел арқылы берілетін тәрбиеге, ұлт болмысын сақтайтын дүниетанымдық тіректерге жауапкершілікті сезіне отырып сын айтады. Бұл сын мін іздеу емес, ащы болса да шындығын айтып, болашақ ұрпақты арсыздықтан, тоғышарлықтан сақтандыру еді.

Жә, сонымен, жиырма тоғызыншы сөзде Абай мына мақалдардың мәніне терең үңіліп, олардың болашақтағы ұрпақ үшін дәстүрлі ұлттық дүниетанымның көрінісі бола алмайтынын ашық жазады:

- 1) *Жарлы болсаң, арлы болма;*
- 2) *Қалауын тапса, қар жанады, сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ;*
- 3) *Атың шықпаса, жер өрте;*
- 4) *Алтын көрсе, періште жолдан таяды;*
- 5) *Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол;*
- 6) *Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті.*

Бұл мақал-мәтелдерді қазір де қолданатынымыз бар, әлі де болса, санамыз жаңғырып, жасампаздық жолына түстік деп айта алармыз ба? Арды биік қойып, жеке мүддені пайда көретініміз, ата-анадан мал тәтті деп, оларды жылатып қалдырып, болмаса қарттар үйіне өткізіп жүргеніміз жасырын ба? Осы біздің көкірегімізді имансыздық жайлап алып бара жатқан жоқ па?

Абай көрсеткен әр мақалды жекелей талдап, мағыналық құрылымын танысақ, данышпан көрсеткен кемшіліктер айқындала түседі. Мақал-мәтел мағынасы, әдетте, семантикалық жүйеде талданғанда анығырақ айқындалады. Талданатын ұғымдар арасында мағыналық байланыстарды саралау, мақал-мәтел мағыналарының ұқсастық матрицасын құру – әлеуметтік семантикалық талдаудың қажетті бөлігі. Тілдік санада әбден қалыптасқан сөз мағыналарының кемшілігін, мәнінің бұрыстығын сөз қолданушы

іштей бағалап, оны толық мойындауы қажет. Бұл тек лингвистикалық ғылыми қағида үшін емес, ана тілінде сөйлейтіндердің қолдауы мен қолдануы үшін, қабылдауы үшін маңызды.

Қазіргі жастардың бұл мақалдарды қабылдауы мен бағалауы, сөйлеу тәжірибесінде қолдануын анықтау мақсатында психолінгвистикалық эксперимент жасалды. Студенттер өзді-өзі диалог құра сөйлесіп, көрсетілген мақалдарды қосып, диалог тізбегін мәніне қарай қолданып, сабақтастыра жалғастырады. Дискурстық қарым-қатынаста мақал-мәтелдің мағыналық сипаты айқындалып, көпшіліктің қалай қабылдайтыны байқалады.

Әр тәжірибеге екі студент қатысады. Абай сынға алған мақалдар қағазға жазылып, үстелге қойылады да, студент оны өзі таңдайды. Таңдалған мақал бойынша мағынасына лайықты пікір айтылып, мәтіннің бүтіндігі сақталуы міндеттеледі. Сұқбатта мақалдың ішкі мағынасы мен мәні айтушының ішкі ой әлемінің тілдік бейнесіне айналады.

Алынған нәтижені өңдеуге топ студенттері қатыстырылады.

Абай сынға алған мақалға қатысты бинарлық оппозицияда тұратын мақалдар бар. Бұл мақалдарды сұқбатқа қатысқан студенттер тиімді пайдалана отырып, қарсыласын сөзбен тоқтата алды.

Келтірілген мақалдардың мағыналық жағынан оппозициялық қатынасы немесе мәнінің өзге де семантикалық құрылымдарының ерекшелігін айқындау арқылы, бастапқы Абай сынға алған мақалдардың беретін мағыналары ұлттық дүниетанымның сипатын таныта алмайтындығын психосемантикалық эксперимент арқылы дәлелдеуге талаптанамыз.

Сыналған алты мақал-мәтелдің қазақ дүниетанымына сәйкессіздік дәрежесі өзге мақалдардың мағыналары арқылы бағаланады. Нәтижесінде сыналған мақал-мәтелдер туралы көзқарас тек Абайдың ғана жеке пікірі емес, қазіргі қалың көптің де, әсіресе, сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті ХХІ ғасыр жастарының тұжырымдарымен сәйкес келетіндігі айқындалды. Мұны түсіндірудің ең оңай жолы: сыналған мақалдар арқылы танылатын әрекеттердің сипаты мәнсіз, ұлттық құндылыққа, имандылық жолға сәйкессіз, қазіргі қазақ дүниетанымының деңгейіне сәйкес келмейді. Әрине, ел арасында әр алуан жағымсыз әрекеттер кездесуі ықтимал, бірақ олар ұлттық құндылық пен ұлттық дүниетанымның негіздері бойынша қабылданбайды, қолдау таппайтын факторлар болмақ.

Мәселен:

Жарлы болсаң, арлы болма; Арлы болу не арсыздыққа бару – кез келген кісінің өз таңдауынан болмақ. Жарлы не бай болу жеке тұлғаның арсыз болуының себебі не сылтауы бола алмайды. Арлы болу – адами қасиеттің ең жоғарғы қасиеті. «Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын». Арсыз болып, жақындарыңның, балаларыңның көзіне қарай алмай жүру – бұл дүниенің қорлығы.

Қалауын тапса, қар жанады, сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ; «Қалауын тапса қар жауады» деудің ғылыми негізі бар. Судың формуласы H_2O , оның құрамында оттегі бар; демек оның қалауы табылса жануында ықтималдық бар екені анық. Алайда, өзің сияқты ет пен сүйектен жаралған адамның алдына барып, одан бір нәрсе сұрау, жалыну, аяғына жығылу, өтініш білдіру – жеке тұлғаның азаматтығына, арына сын. *«Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой».* Біреуден сұрап, сорлы болғанша, қолыңнан келгенше, өзің ұмтылсаң, өзің істеген нәрсенің берекесі де болмақ, өзің тапқан пайданың, қаржының ырзығы да ерекше.

Атың шықпаса, жер өрте деген мақалдың ішкі мәні – жағымсыз. Жаман, ұнамсыз әрекет жасап, қоғамдағы адамдарға немесе табиғатқа зиянды тигізіп, атыңды шығару дегеннің өзінде тыңдаушының эмоциялық әрекеті жағымды болмайтыны анық. Атың

шықпаса, дегендегі -са тұлғасы шартты мағынаны беретін жұрнақ, демек атыңды елге жаюдың, сен туралы өзгелердің білуінің, хабардар болуының негізгі шарты «жер өртеумен», бір нәрсені бүлдірумен байланысты болғанының не жақсылығы бар? Кез келген жеке тұлға өз атын жақсы да ізгі істерімен шығарса мақұл. *«Аттың атын шығаратын төрт тұяғы, адамның атын шығаратын тілі мен жағы»* деген мақалдың айтары әлдеқайда мол. «Жақсы сөзді жарым ырысқа» балаған қазақ халқы үшін жеке тұлғаның сөйлеген сөзінде көп мән бар. Кісінің атын шығаратын оның дұрыс айтылған, оң жол көрсететін, әділдікпен дұрыс шешім шығаратын, көпке үлгі боларлық өнеге айтатын, арғы-бергі тарихтан тағылымды сыр ақтаратын сөзі деген дүниетаным қазақ ұстаған өмірлік қалыпқа сай.

Алтын көрсе, періште жолдан таяды деген мәтелінің астары тар, кеңдік, биіктің, тереңдік өлшемінен кем. Періштенің тазалығы, ақтығы мен пәктігі, кіршіксіздігі – асыл қасиеті ретінде танылған мұсылмандық дүниетанымда оның «алтын» көріп жолдан таюы неғайбыл. Абай мұны *«Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны»* дейді.

Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол мәтелінің адам мінезіне қатысы бар. Әрине, әр мақал мен мәтелдің өзіндік мән-мағынасы бар, олардың ешқайсысы екіншісін дәл көшірмейді. Бірақ олардың кейбірі жеке сезімдер жетегінде кетуі де мүмкін екенін жоққа шығар алмаймыз. Барлық мақалдан ақиқаттың алмас қылышындай шындық пен әділдікті күту бекер. *Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол* мәтелінде адами эгоизмнің көрінісі байқалады. Алайда, *«Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмеңдеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?»*. Бұл дүниедегі таңдаған жолың «атандық» болса, бір күнгі «буралық» қылғаның бойыңа күш-қуат берер ме, абырой әкелер ме? Адам өз табиғатынан, өзінің табиғи қажеттіліктерінен азат бола алмайды, кейде өмірдің тарттырар азабынан да тәуелсіз бола алмауы ықтимал. Алайда адам табиғатына тән өзімшілдік қасиет, өзіндік мінез бар. Мұны түсіну де оңай емес.

Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті.

Моральдық кереңдік – бұл мақалдың мәнін шартты түрде осылай атауға болар, бәлкім. Субъектінің өзіне шамадан тыс көңіл бөлуін, адамгершілік, моральдық талаптарды елемейін, әдеп пен ізгіліктен мақұрым, көңіл көкжиегінің тарлығын білдіреді. *«Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе?»*. Мақалда айтылған ойға нақты жауап Абайдың өзінде. Мінез-құлықтың, баланың ата-анаға деген көзқарасын танытатын бір-біріне тікелей қарама-қарсы бағыт ұстанатын мақалдар жеткілікті. Бұл жағдайда ата-анадан малды артық көруден артық арсыздық болмақ емес. Сондықтан Абай сөзі бүгінде де аса өзекті қалпын сақтап қалады. Мәлімдеме түрінде тағылған айыптың маңызы артық, өзектілігін сақтайды. Өкінішке қарай, ата-ананы, үлкенді қадірлей алмау, бағасын байыптай білмеу – қазіргі таңдағы моральдық жағынан озудың емес, азудың көрінісіндей.

Қорытынды

Мақал-мәтел – шындықты түсіну мен қабылдаудағы тарихи тәжірибе. Психолінгвистикалық тұрғыдан, белгілі бір жағдайға сай мақал-мәтелдерді қолдану әрекеттің маңызды жағын анықтап көрсету, тыңдаушыны сендіру, иландыру, пікірді бұрынғы тарихи тәжірибелер арқылы дәлелді ету, айтылған ойды өзекті ету мақсатында болады. Жеке тұлғаның санасында мақал-мәтел – ықшам әрі дәлелді, нақты жауап берудің өзіндік жақсы формасы. Сондай-ақ мәдени нормалар мен дұрыс сөйлеу талаптарын жеткізудің, нормативті мінез-құлықты тәрбиелеу құралы саналады. Абай сынға алған мақал-мәтелдер қазақ ұлтының дүниені танудағы өзіндік көзқарасы, дүниетанымы бола алмақ емес.

Адамзат тарихында, мәдениетінде адам мінезі туралы сөз әрқашан болады және бола бермек, өйткені мінез арқылы қоғамда өзгеріс орын алады, қоғам ілгері дамиды. Қоғамдағы әр алуан қарым-қатынас негізінде уақыт рухы мен әлеуметтік даму үрдістері жаңаша көрініс табады. Сондықтан адам мінезі туралы жазу, ондағы психологиялық факторларды зерделеу әрқашан маңызды да, өзекті болмақ. Адам мінезінің таңғажайып тартымдылығының сыры бәлкім, күрделі мына өмірдегі бірегей тұлға – АДАМ баласының қасиетін білудің шексіздігінен болар. Бірде ашық, бірде тұйық, бірде байсалды да салмақты, бірде қаңбақтай жеңілтектік те жараса қалатын адам мінезінің қыр-сыры танылып болды дей алмас ешкім.

Өмірге жолаушы болып келген кез келген адам өзінің жер бетіндегі жолының бүкіл бөлігінде, өмірдің күнделікті алуан түрлі әрекетінде жүріп, көп қырлы динамикалық қозғалысында мінездегі жасырын өзгерістердің сыртқа шығып жататынын өзі де кейде сезе алмайды. Қарым-қатынастағы сан алуан әрекеттер мен жағдайларға сай мінездің де сан түрлі қатпарлары ашылып, анықталып, жеке адамның өзіндік келбетін ерекшелей бермек. Қазіргі ғылыми психологиялық интерпретацияда «мінез» феномені өзінің ерекше бай көріністерінің алуан түрлі сипатына жеке адамның материалдық, әлеуметтік және рухани өмірінің де байланысы болатынын көрсетеді. Мінездің ішкі және сыртқы сипаттары жеке тұлғаның қызметіне, әлеуметтік жағдайына, рухани құндылықтарды бағалап, оны керегіне жарата алу мүмкіндігіне, сонымен бірге оның генетикалық ерекшелігіне де қатысты болады.

Әдебиеттер тізімі

- Абай тілі сөздігі. (2011). *Абай тілі сөздігі*. Алматы: Өнер.
- Абай энциклопедиясы. (1995). *Абай энциклопедиясы*. Алматы.
- Абай. (1995). *Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер* (Т. 2). Алматы: Жазушы.
- Абай. (2020a). *Шығармаларының академиялық толық жинағы* (1-том). Алматы.
- Абай. (2020b). *Шығармаларының академиялық толық жинағы* (2-том). Алматы.
- Абай. (2020c). *Шығармаларының академиялық толық жинағы* (3-том). Алматы.
- Байтұрсынұлы, А. (2022). *Таңдамалы шығармалары*. Алматы: Қазақ университеті.
- Бөкейхан, Ә. (2010). *Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах* (Т. 5). Астана: Сарыарқа Баспасөз үйі.
- Мырзахметов, М. (2010). *Абайтану* (1-том, б. 21–22).
- Abai.kaznu.kz. (n.d.). *Абайдың қара сөздері – рухани азық*. <https://abai.kaznu.kz/?p=1070>
- Abai.kz. (n.d.). *Абайдың он үшінші қара сөзі*. <https://abai.kz/post/6664>

References

- Abai encyclopedia*. (1995). Almaty. (In Kazakh)
- Abai. (1995). *Two-volume collection of works: Poems and translations, poems, "black words"* (Vol. 2). Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)
- Abai. (2020a). *Complete academic collection of his works* (Vol. 1). Almaty. (In Kazakh)
- Abai. (2020b). *Complete academic collection of his works* (Vol. 2). Almaty. (In Kazakh)
- Abai. (2020c). *Complete academic collection of his works* (Vol. 3). Almaty. (In Kazakh)
- Abai.kaznu.kz. (n.d.). *Abai's "black words" – spiritual nourishment*. <https://abai.kaznu.kz/?p=1070> (In Kazakh)
- Abai.kz. (n.d.). *Abai's thirteenth "black word"*. <https://abai.kz/post/6664> (In Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2022). *Selected works*. Almaty: Kazakh University. (In Kazakh)

- Bukeikhan, A. (2010). *Complete collection of works in 7 volumes* (Vol. 5). Astana: Saryarqa Publishing House. (In Kazakh)
- Dictionary of the Abai language*. (2011). Almaty: Öner. (In Kazakh)
- Myrzakhmetov, M. (2010). *Abaitanu* (Vol. 1, pp. 21–22). (In Kazakh)

A.B. Salkynbay

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: asalkbek@gmail.com)

Abai – A Reformer of Human Consciousness

Abstract. This article explores the worldview of the thinker Abai and his role as a reformer of Kazakh consciousness through the lens of his prose work *Words of Edification* (*Gakliya*). Abai's reform of traditional modes of thinking within the historically shaped Kazakh consciousness is not limited to his critique of proverbs, but also lies in his thoughtful re-evaluation of common judgments – sometimes made knowingly, sometimes not – urging a deeper, more critical engagement with these ideas. Through logical reasoning, Abai insists on the need to deepen certain concepts, interpretations, and judgments. His reformism lies in the creative introduction of new modes of thinking into the national mindset, worldview, and cognitive foundation. Abai revealed the golden thread of recognizing truth and self-awareness, presenting a simple yet effective system for understanding these profound ideas. He utilized straightforward thinking methods to explain complex truths. For instance, he uses *reductio ad absurdum* (proof by contradiction) to expose flawed patterns of thinking commonly accepted through simplistic worldviews: “Now it seems God grants wealth to some good-for-nothing without any effort. Yet when someone prays to God, works honestly, and seeks benefit through honest labor, God refuses to reward his effort – does not even allow him to feed his family properly, keeps him poor. He afflicts a harmless, innocent person with illness and disgrace, while letting thieves and villains remain healthy. Of two siblings with the same parents, He makes one wise and the other foolish.” This method, reminiscent of formal logic, was also used by Socrates. By employing a Socratic method, Abai encourages people to re-evaluate the logic and validity of their commonly held beliefs, to weigh right and wrong in the scales of reason. Thus, he cultivates the necessity of rethinking, guiding the development of critical thinking.

People often rely on ingrained cognitive patterns, the origins of which are frequently unknown. These patterns are especially hard to shed when rooted in religion or politics. Breaking these entrenched molds requires individuals with creative, critical minds. Abai's innovation lies in his ability to challenge these internalized norms and guide people toward truth and self-awareness.

Keywords: thinker, Abai, worldview, reformer, cognition, national consciousness, human nature

А.Б. Салкынбай

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: asalkbek@gmail.com)

Абай – реформатор человеческого сознания

Аннотация. В статье рассматривается мировоззрение мыслителя Абая и его реформаторская роль в формировании сознания казахского народа на основе его философских размышлений – «*Ғақлия*» (Слова назидания). Реформа, проведённая

Абаем в сложившихся когнитивных установках общественного сознания, проявляется не только в критике народных пословиц, но и в переоценке ряда укоренившихся, порой неосознанных, умозаключений с позиции рационального и критического мышления. Через глубокий логический анализ Абай подчёркивает необходимость дальнейшего осмысления и углубления отдельных понятий, оценок и представлений. Его реформаторская деятельность заключается в том, что он творчески внедрил в национальную систему мышления новые мыслительные навыки и подходы, обновив основные мировоззренческие ориентиры казахского общества. Он раскрыл путь к познанию истины и самопознанию, показав систему простого и доступного понимания сложных философских вопросов. Используя элементарные приёмы логического мышления, Абай показывает несостоятельность ложных представлений о справедливости мира, распространённых в повседневном языке, таких как: «Теперь, значит, один бездельник получает богатство без труда, а человек, молящий Бога, трудящийся честно, остаётся бедным и не может достойно содержать свою семью; или скромный и безобидный человек становится больным и униженным, а в то же время вор и злодей остаётся здоровым; у одних и тех же родителей один ребёнок оказывается умным, а другой – глупым». Путём сопоставления и логического вывода одного утверждения из другого он доказывает абсурдность такого рода мышления. Этот приём формальной логики применялся также Сократом. Следуя сократовскому диалектическому методу, Абай предлагает народу самостоятельно переосмыслить привычные умозаключения, различить логичное и нелогичное, истину и заблуждение, взвешивая их на весах разума. Тем самым он формирует необходимость критического переосмысления и направляет познание к более глубокой рефлексии.

Сознание человека, как правило, подвержено влиянию устойчивых когнитивных шаблонов, происхождение которых зачастую неизвестно. Особенно сложно освободиться от моделей, навязанных религией или политикой. Нарушение этих установок свойственно личностям, достигшим уровня критического и творческого мышления. Реформаторская сила Абая заключается в том, что он сумел разрушить устоявшиеся в коллективном сознании догматические схемы, указав путь к истине и самопознанию.

Ключевые слова: мыслитель, Абай, мировоззрение, реформатор, познание, национальное сознание, человеческая сущность

Автор туралы мәлімет:

Салқынбай А.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2334-7499>.

Information about author:

Salkynbay A.B. – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2334-7499>.

Сведения об авторе:

Салқынбай А.Б. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2334-7499>.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Дандай Ысқақұлы*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан***Абай поэзиясындағы түркілік дүниетаным**

Аңдатпа. Мақалада Күлтегін жазбаларындағы, «Авестадағы», «Қабуснамадағы», Мөңке би, Қ.А. Иассауи, Ж. Баласағұн, Жүніс Еміре, Ә. Науайы, Мақтымқұлы, т.б. шығармаларындағы түркілік дүниетаным, түркілік ой-пікірлер он тоғызыншы ғасырда Абай арқылы соны серпінмен тұтас бір түрікшілдік ағым ретінде жалғаса түскендігі арнайы қарастырылады.

Түркілік руханияттың көгінде жарық жұлдыз боп жанып, Шығыстық өркениеттің көрнекті өкілдері санатындағы Әл-Фараби, Иассауи, Низами, Физули, Науаи, Мақтымқұлы секілді ұлылармен бірге қазақ халқының ұлы перзенті Абайдың есімі де зор құрметпен аталады. Таяу Шығыс мәдениетін, тарихын зерттей жүріп, Абай Табри, Рабғузи, Рашид ал-Дин, Бабыр, Абулғазы Баһадур хан және басқаларының еңбектерімен танысты, сондай-ақ шығыстың діни ғалымдарының пайымдауындағы логика мен мұсылман правосы негіздерін де білді. Абай Таяу Шығыстың ежелгі мәдениеті ғана емес, сонымен бірге өз заманындағы мәдениетімен де жақсы таныс болатын. Ол татардың тұңғыш ағартушыларының еңбектерін де білетін.

Түйін сөздер: Абай поэзиясы, түркілік дүниетаным, түркия руханияты, сопылық әдебиет, шығыс әдебиеті

DOI: <https://doi.org/10.71078/rezms583>

Түсті: 9.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Түркі әлемі ұлыларға кенде емес. Түркілік руханияттың көгінде жарық жұлдыз боп жанып, Шығыстық өркениеттің көрнекті өкілдері санатындағы Әл-Фараби, Иассауи, Низами, Физули, Науаи, Мақтымқұлы секілді ұлылармен бірге қазақ халқының ұлы перзенті Абайдың есімі де зор құрметпен аталады. «Сыншыл ойға көз сүзіп, бас иген, дінге сынның тұрғысымен қараған, халқының мәдениеті жолында аянбай күрескен жалынды қайраткер, пысық, дүниеқор, мансапқор, алаяқ феодал ақсақалдардың ішінде серік таппай күйінген Абай қазақ елінің көлемінде ғана емес, сонымен бірге қазақ елімен іргелес жатқан шығыс елдерінің көлемінде де заманынан оза туған дана кісі болды» (Әуезов, 2004: 5).

Сөз еткелі отырған тақырыптың бағыт-бағдарын, мәні мен маңызын Мұхтар Әуезовтің «Абай шығыс поэзиясында, Таяу Шығыстың бұрынғы және сол тұстағы мәдениетіне келгенде де өзіндік бетін сақтай білді... Кейін халық творчествосынан искусствоның анағұрлым өмірлік, берік негіздерін тауып, Абай шығыс әдебиетінен халық шығармалары – «Мың бір түнді», парсы мен түріктің халық ертегілерін, халық эпосын бәрінен артық бағалады. Ол әңгімелеген «Шаһнама», «Ләйлі Мәжнүн», «Көроғлы» поэмалары ел арасына кең таратылды.

Таяу Шығыс мәдениетін, тарихын зерттей жүріп, Абай Табри, Рабғузи, Рашид ал-Дин, Бабыр, Абулғазы Баһадур хан және басқаларының еңбектерімен танысты, сондай-ақ шығыстың діни ғалымдарының пайымдауындағы логика мен мұсылман правосы негіздерін де білді. Абай Таяу Шығыстың ежелгі мәдениеті ғана емес, сонымен

бірге өз заманындағы мәдениетімен де жақсы таныс болатын. Ол татардың тұңғыш ағартушыларының еңбектерін де білетін» (Әуезов, 2008: 107) – деп, сонау елуінші жылдардың бас кезінде-ақ айтып кеткен, әсіресе әдіснамалық жағынан аса маңызды ой-пікірлері айқындай түседі.

Шамамен төртінші ғасырларда Иранда пайда болған сопылық ағым Орта Азияға да кеңінен тарай бастайды. «Алланың разылығы үшін халыққа жақсылық жасаған, оларға жәннат пен бақыт жолдарын көрсеткен дәруіштерді түркілер ежелден діни қасиетті, киелі деп, санаған. Ақын-жырауларға ұқсата отырып, оларды құшақ жая қарсы алып, жылы лебізбен қабылдаған, айтқандарына сеніп отырған» (Көпрүлү, 2017: 17, 115). Осы кездерде халықты имандылыққа, сопылық бағыттың өзегі саналатын Алланы шексіз сүюге шақырған «Қабуснама» өмірге келді. Бақытты өмір сүруге баулитын тәрбиелік мәні зор «Қабуснаманың» «Алла тағаланы тану туралы» бірінші тарауы мынадай жолдармен басталған:

«Ей, перзентім, білгенің жақсы, алла тағаланың бірлігін тану жайлы бірнеше сөзді бұрын да айтқанмын. Біріншіден, алланың бірлігін, барлығын мойындауға ықылас-сенімнің берік болсын. Өйткені, көп адамдар оны мойындамау салдарынан көңілі қараңғыланып, азғындайды. Ал көңілі пәк таза жандар адаспайды. Ей, перзентім, біліп алғын, алла тағаланың барлығы зайырда, жасырында. Оны жердегі, көктегі бар заттардың қадір-қасиетінен ажырата білу арқылы ақылмен таниды... Алла тағаланы танығың келсе, алдымен өзіңді өзің таны... Алдымен, әрбір жан өзін өзі тани білсе, алла тағаланы да таниды...

Алла тағаланың барлығын ойлағаның абзал, ал оның заты, тегі, жаратылысы қандай екен деп, әуреленбе. Олай ету азғындықтың нышаны болмақ...

Біздің жаратылысымыз бен санамыз алла тағаланың нақты сипаты мен тегі-затын суреттеуге шамасы келмейді...

Дүниеге келмектегі мақсат - алланың жеке-дара екендігін тану, тек алла тағала ғана жалғыз басқаның бәрі жұп-жұбымен егіз жаралған...тек бір алла тағалаға жалғыздық жарасады. Демек, алла тағалаға теңдес еш нәрсе жоқ екенін жақсылап түйіп алғын» (Қайқауыс, 1992: 11-12).

Зерттеу әдістемесі

Мақаладағы негізгі ойды анықтауда талдауға материал ретінде Абай поэзиясын алдық. Ақын поэзиясының түркілік дүниетаныммен сабақтастығы осы бағыттағы ортақ мұратты тірек еткен ойшылардың шығармаларымен салыстырыла зерттелді. Сонымен қатар, мақалада әдеби талдау, контекстік талдау, шолу әдістері қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түркістанан түлеп ұшып, әлемдік өркениеттің биігіне көтерілген ұлылардың қатарында сопылық әдебиеттің аса ірі өкілі, әрі ақын, әрі философ, ойшыл Қожа Ахмет Иассауидің есімі – әлемге мәшһүр. Атеизм басып тұрған кездер де ақынның түркі әлемін жарқыратып тұрған рухани жарық жұлдызын өшіре алмады. Керісінше, арада он шақты ғасырдай уақыт өтсе де Иассауидың имандылыққа, жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген сопылық әдеби мұралары түркілік, исламдық мәдениеттің орталық өзегіне, адамдардың бақытты өмір сүру қағидаларына айналып, әлемдік өркениеттің ажырамас, тұтас бір бағытына айналып отыр.

Сол кездерде әлемдік өркениетте араб пен парсы тілдерінің, сонымен бірге әдебиетінің де көш бастап тұрғанына қарамастан, Иассауидың шығармаларын көне түркі тілінде жазуы, сөйтіп түркілік әдебиеттің, мәдениеттің, білім-ғылымның, әлеуметтік-қоғамдық ой-пікірдің тарихи даму бастауында тұрып, түркілік тұтас бір діни, әдеби-рухани бағытқа айналуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. «Ал Қожа

Ахмет Ясауи күшті тұлғасымен түркілер арасында ғасырлар бойы өмір сүрген үлкен бір тарихат құрды. Бұл тарихат - түркі тарапынан және түркілер арасында құрылған алғашқы тарихат болған» (Көпрұлы, 2017: 17, 115).

Ақынның:

«Қоштамайды ғалымдар, сіздің айтқан түркіңді,
Даналарды тыңласаң, ашар көңіл мүлкіңді.
Аят-хадис мағынасы, түркі болса, сайма-сай,
Мағынасына жеткендер, жерге қояр бөркіңді.
Қазы мүфті, молдалар, шариятқа жолбасшы,
Нағыз ғашық алып-дүр, тарихаттың әркіні...
... Қожамын деп лепірме, өшбу дүние би паян,
Білемін деп айтпас сен, көңілдегі шәркіні.
Раһнама дүр, Қожа Ахмет, гүлстан дүр мағрифат,
Сөйлер сөзі ақиқат, ашар көңіл құлпыңды.
Міскін зағип Қожа Ахмет, жеті атаңа рахмет,

«Парсы тілін білемін, құп көремін Түркімді!» – деп жырлауынан оның тек бір Алланы ғана сүйіп, басқасын кейінге ысырып қоятын діни фанатик емес, сонымен бірге, өз жұртын, одан қалды, барша адамзат баласын барынша сүйетін зор махаббатын да сезініп, азаматтық болмысын байқағандай да боламыз. Сондықтан да болса керек, Түркияның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Намық Кемал Зейбек «Ахмет Ясауи – дүние жүзіндегі 200 миллионнан астам халқымыздың ортақ атасы... Ахмет Ясауиды тану – ұлтымыздың рухын тану деген сөз» -деп, жазыпты (Намық, 1998: 8). Ал тағы бір белгілі түрік ғалымы Мехмет Фуат Көпрұлы «Анадолының түркі отаны болуында Яссаудың өзінің және дәруіштерінің еңбегі зор... Ахмет Ясауидың түркі тарихындағы маңызы... исламның түркілер арасында тарала бастаған алғашқы кездерінді тұңғыш рет сопылық ағымның негізін қалауында» деп, ақынның қоғам, дін саласындағы қайраткерлік қызметін, тұтас бір әдеби ағымның негізін қалаған шығармашылық жолын аса жоғары бағалайды (Көпрұлы, 1999: 3).

«Аят-хадис мағынасы, түркі болса, сайма-сай, // Мағынасына жеткендер, жерге қояр бөркіңді»-деген Иассауи осы тілді осы уақытқа дейін сақтап келе жатқан ата-бабаларына рахмет айтады; ізгі ойын жүзеге асыру мақсатымен исламның негізгі қағидаларын қарапайым халыққа түрік тілінде түсіндіруді алдына мақсат етіп қояды (Иасауи, 2016: 188). Түркілердің рухани азығы да түрік тілінде болуы керек деген бұл игілікті іс кейіннен тұтас бір түрікшілдік ағымға айналып, түрік тілінің, әдебиетінің, мәдениетінің дамуына соны серпін әкеліп, әлемдік кеңістікке шығарды. «Иассауиді ұлтқа бөлуге болмайды, өйткені, ол кезде қазақ, өзбек, түрікпен ұлттары әлі жоқ еді. Олар әлі де ұлыс болатын... Мұны түркі халықтарына ортақ тіл деген жөн» (Сауранбаев, 1970).

Нәтижелер мен талқылау

Адам ата жаралғалы бері жер бетіндегі тыныш өмір сүргісі келетін адамзат қоғамы соғыстан көз ашпай келеді. Адам баласы қайткенде, адам болып қалады, қалыпты, тату-тәтті тіршілік етіп, өмір сүреді деген секілді сан алуан сауалдар күні бүгінге дейін мазаны алып, жұрт жаратқанға жалбарынып, құдайға құлшылық етумен келеді. Осы сықылды сұрақтарға жауап іздеген ізденістер көне түркі жазбаларынан бастап, бүгінгі күнге дейін рухани дамуымыздың орталық өзегі болыпты.

Күлтегін жазбаларындағы «Биікте көк тәңірі, //Төменде қара жер жаралғанда //Екеуінің арасында адам баласы жаралған... // Тәңірі жарылқап, // құт-бағым барлығынан, // үлүк үлесім барлығынан, // өлмекші халықты тірілте көтердім, // жалаңаш халықты тонды, // кедей халықты бай қылдым, // аз халықты көп қылдым, // ығыр, егескен елдіктегілерді, // халықты түгел тату, бейбіт қылдым, // барлығы

маған бағынды» (Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы, 2019: 30) деген жазбалар тәңірге табынған халықтың «тәңірі жарылғап», соның арқасында бірлікке, тыныш, қалыпты өмірге қолдары жетіп, бақытты тіршілік жасап жатқандарынан хабардар етеді.

Он бірінші ғасырда хатқа түскен Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны адамдарды бақытты өмір сүру үшін ойланып тіршілік жасауға шақырады:

«Қане, әлемді қолына ұстап елірген,
Өзіне шаһар-бекет соққан темірден?»

Қайда төбет, дүние кезіп шарлаған,
Қарақұс мініп, жасыл көкке самғаған?!

Қане, «Құдай өзімін!» – деп, бақырған
Хақтың өзі көк теңізге батырған.

Қане, дүние-малын жиып алушы,
Байлығымен жер қойнына барушы?»

Қане, тұғыр – батыс кезіп, барлаушы –
Дүние тұтып, елді алып, жаулаушы?

Қане, асасы жылан болып қолында,
Айырылып теңіз, жүріп өткен оңы да?!

Алды бәрін, өмірге өлім тоя ма,
Ей, құлқы пәк, сені алмай қоя ма?!

Ашып көрсе, қара жердің қабатын,
Жатыр не ерлер, қайғы қиған қанатын» (Құтты білік, 1986).

«Қабуснамада» Алланы, өмірді тек қана ақылмен тануға болатынын төмендегіше баяндапты:

«Алланы танығың келсе, алдымен өзіңді өзің таны. Өз хал-қадіріңнен хабарың болсын. Алдымен, әрбір жан өзін өзі тани білсе, алла-тағаланы да таниды.

...Біздің жаратылысымыз бен санамыз алла-тағаланың нақты сипаты мен тегі-затын суреттеуге шамасы келмейді...

Дүниедегі басқа заттарды да өз өрнегің сияқты танып, түсіне біл. Дүниеге келмектегі мақсат – алланың жеке-дара екендігін тану, тек алла-тағала ғана жалғыз, басқаның барлығы жұп-жұбымен егіз, алыс пен жақын, жиырылу-тарқалу, түс-тұлға, асыл тектілік сияқтылардың бәрі – жұптылықтың белгілері. Тек бір алла-тағалаға ғана жалғыздық жарасады...

Бұлардың (құбылыстардың. – Д.Ы.) алма-кезек ауысып тұратын қозғалысына тән жүйелі заңдылықтар бар. Егер бұл заңдылықтар бұзылса, жүйесіздік, тәртіпсіздік белең алып, дүние астан-кестең болады. Осы табиғи заңдылықтардың сақталу нәтижесінде күллі әлемде жүйелі тәртіп орнайды...

Дүние түзілгенде, ұлы даналықпен түзіліп, оған көркемдік пен сұлулықты үйлестірді.

... Алла-тағалам дүниені жаратумен бірге ризық-несібені қоса жаратты, ішіп-жеуді, нәпсіні жаратты» (Қайқауыс, 1992: 11-14).

Ал өлімнен қашып құтыла алмаған («Өлімнен қашудың өзі – исламда жол берілмейтін нәрсе» (Ш. Уәлиханов) Қорқыттың өзі кейіннен «Алла, Алла демейінше, іс түзелмес, Тәңірі бермейінше, ер байымас»; «Аузымызды ашып, тұлге келтіргенкөктегі

Тәңірі көрікті»; «Ешбіреуге ұқсамайтын, бүкіл әлемді жаратушы Алла Тағала көрікті. Уа, Тәңірім, дос-жар болып, медет берсін, ей, хан ием!»; «Сізді Тәңірім осындайлардан сақтасын!» деп, Алланы, Тәңірді мойындап, басына қиын жағдай түскенде: «Биіктердің биігі, Тәңірім, // Ешкім білмес ұлықсың // Сен адамға тәж бердің, шайтанға лағнет айттың... // Ұлы Тәңірім, медет бер!» – деп, жаратқанға жалбарынады (Қорқыт ата, 1999: 128, 186).

Әлемдік өркениеттің бастауында тұрған, ежелгі түркі әдебиетінің, мәдениетінің ғасырлар қойнауынан жеткен ең көне әдеби ескеркіші саналатын «Авестада» Күлтегінде көтерілген ойлар ғылыми тұрғыдан тереңдей түсіп, өрістей бастаған. «Ей адамдар, келіңіздер, мына сөздерге құлақ түріңіздер, мына жарқын ойларға бөленіңіздер, әлі мүмкіндік бар кезде ер мен әйел жақсылық пен жамандықты айыра білуі керек. Аһура Мазданың көмегінің арқасында тура жолға қарай қадам басыңыздар» дегенде, өмірде тура жолға түсуге көмектесетін жаратқанға (Аһура Маздаға) қарай «қадам басуға» шақырып тұр. Күлтегін жазбаларында «тәңір жарылғап» жетістіктерге қол жеткізсе, «Авестада» Аһура Мазданың (жаратқанның) көмегімен тура жолға түсуге шақырады.

Ары қарай дұрыс, бақытты өмір сүрудің жолдарын қолға таяқ ұстатқандай түсіндіреді:

«Егіз туған екі күш әубаста адамның санасында болатын. Біріншісі – Спинта Мину, яғни ойдағы, сөздегі, істегі жақсылық; екіншісі – Ангру Мину, яғни ойдағы, сөздегі, істегі жамандық. Осы екеуінің арасынан дана жақсылықты, надан жамандықты таңдайды.

...Жамандық жолға түскендер ең жаман өмірге, жақсы жолдағылар ең жақсы һәм бақытты өмірге жолығады, бұл барлық (әрекет) жалғаса береді.

Осы егіз екі күштің ішінен надан жаман істерді, ақылды тәңірдің қалауынан болған жақсы істерді таңдады. Жақсылықты мейірімді ақыл иесі мен құдайшыл жан таңдайды.

Кімде-кім құдайдың құдіреті, жақсы ой және әділдікпен жолдас болса, мейірім мен әділдік періштесі оның болмысына жол ашады. Жақсы жолды таңдағаны үшін қуанышқа бөленіп, оның сыйлығына ие болады. Екі дүниеде де бақытқа кенеледі.

...Жүрек пен ойдың басшылығында даналықтың мәйегіне жетуімізде Мазданың өзі жар болсын!

Ей, халайық! Даналар мен игі жақсылардың сөздеріне құлақ салыңдар! Себебі олардың тәлім-тәрбиесі мен сөздері рух пен өмірге күш-қуат сыйлайды. Ей, Аһура Мазда! Сен қаншалықты барлық нәрседен хабардар болып, тура және қисық жолда жүргендердің сыйы мен жазасын өзің жақсылап бергеніңмен де, даналар өздерінің күш-қуаты мен нұрларының арқасында жүректерге жол табатын шешен тілдерімен тура дәстүрді насихаттап, бақытқа қол жеткізе алады.

Туралықтың соңынан жүрген адам екі дүниеде де қуаныш пен бақыт сарайына қол жеткізеді» (Ежелгі..., 2019: 221-225).

Осы үзіндінің бас жағындағы «ойдағы, сөздегі, істегі жақсылық; екіншісі – Ангру Мину, яғни ойдағы, сөздегі, істегі жамандық» тіркестің айтар ойы – терең: адамның ойы, сана-сезімі қандай болса, сөйлеген сөзі де, ісі де сондай болады.

Ал он екінші ғасырда исламдық руханиятта салтанат құра бастаған «... Иасауи ілімі табиғаттың өзін адамның игілігі үшін Тәңір тарапынан жаратылғандығын, барлық әлемнің адамға сәжде етіп тұрғандығын уағыздайды. Барлық жаратылғандардың жаратылыс мақсаты – адам және оның игілігін қамтамасыз ету. Иасауи ілімінде табиғат өзінің жаратылыс мақсаты мен мәнін толық біледі, сезінеді. Табиғатқа бұл қызметті Тәңір бергендіктен, оның еркі Тәңірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәңір алдында жауапқа тартылады. Иасауи ілімі – сол ерікті қалай қолдансақ адамдық мәнге жетеміз, Тәңірге лайықты құл боламыз деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәннің ақиқатын табу, өзін өзі тану жолы. Иасауи ілімі адамның ішкі тыныштыққа жетуі арқылы қоғамда бірлік пен тыныштық орнатуды, адамды

іштей бөліну мен ыдырау психологиясынан арылтуды мақсат етеді. Иасауи адамның ішкі әлеміндегі ыдырауды реттеуге ықпал ететін күшті уағыздайды, ол – Тәңірге деген махаббат» (Кенжетай, 2015).

Бұл жерде Қ.А. Иассауидың түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымы мен исламдық өркениеттің жеткен жетістіктеріне сүйене отырып, адамдардың қалыпты өмір сүруі мен қоғам дамуының арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін, бүгінгі таңда өзінің өміршеңдігін көрсетіп отырған тұтас бір ғылыми негізді діни ағымды қалыптастырған дара тұлға екендігіне назар аударған жөн.

Он үшінші ғасырдың соңы мен он бесінші ғасырдың басында Анадолыда өмір сүрген Жүніс Еміре «Жан өлмейді» деген өлеңінде:

«Екі жүзді сопылар бұл маңайда жүрмесін,
Құдайға құл болмаған өзінен өзі тозады.
Құдайдың өзі жүректе, ал сөздері Құранда,
Құдай көкте, махаббат одан да биік тұрады»;
«Жаны таза пендеге Аллаһ өзі дем берер,
Тура жолды тапқанға мәңгі өмірге жол берер.

Жан шыққанда кеудеден соңында із, шаң қалар,

Денең жерге көміліп, кеңістікте жан қалар» (Түрік поэзиясы, 2012: 21, 28) – деп, жырлаған екен.

Кешегі Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, // Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. // «Мені» мен «менікінің» айрылғанын // «Өлді» деп, ат қойыпты өңкей білмес», «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел», Әлихандардың осы уақытқа дейін айтылған алашшыл ойларды қорытып, сөзге айналдырдық, енді сол сөздерді іске асыру – кейінгі ұрпаққа аманат деуінің түркілік ұлы идеялардың тамыры тарихтың тереңінде жатқанын аңғартса керек.

Адам жанының ішкі сырларына, болмысына үңілген кезіндегі әл-Фарабилердің адамгершілік құндылықтарына негізделген «кемел адам», «ізгі адам» тұжырымдамалары күні бүгінге дейін жалғасып, толығып, «толық адам» (Абай) іліміне айналып, адамтанудың, дұрыс өмір сүрудің сара бағытына айналған. Ғұламалар адам болмысының тән мен жаннан тұратынын анықтап, адамгершілік қасиеттермен суғарылған, ізгі істерге бағыттайтын ақылмен өмір сүрудің бірден-бір тура жол екенін көрсетіп берді.

«Адамды не бақытты етеді?» деген сауалдың жауабы әл-Фарабидің пікірінше – адамның бойындағы ең жақсы ізгі қасиет адамшылық; «адам бақытқа жету үшін шын бақыт туралы білімге ие болып, осы білімге сәйкес іс-әрекет жасауы тиіс»; «адамның бойында адамгершілік қасиеттері болмаса, терең біліміне қарамастан, ол шын бақытқа жете алмайды»; «Адам ізгі қасиеттер арқылы ғана бақытқа жете алады»; «адам ізгі істерді аңда-санда, кездейсоқ емес, өз еркімен және үнемі жасауы тиіс» (Әл-Фараби..., 2014: 33, 179); «Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда, қалаларда теріс қылықтар жойылады» (Әбу-Насыр әл-Фараби, 2009: 516).

Адамның адам болып, адамша өмір сүріп, бақытқа қол жеткізуі түркі әлемінен имандылықты ту етіп көтеріп шыққан ойшыл ұлы ақын Қожа Ахмет Иасауиді де көп толғандырған. Жастай шешесінен, әкесінен айрылып, өмірдің қиындығын көп көріп, қатал мектебінен өткен Қожа Ахмет өмір, өмірдің мәні мен мақсаты жайлы көп толғанған. Иассауидың дүниетанымында адам қалай өмір сүрерін біле алмай, адасуымен өтетін бес күн жалған – баянсыз.

«Өтті ғұмырым, шариғатқа жете алмадым,

Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.

Хахихатсыз мағрипатқа бата алмадым,

Жолы қатты пірсіз қалай өтер достар» (Қожа Ахмет Иасауи, 1998: 291);

«Уа, жаратқан! Хақ есігін аш алыстан,
Мен бір жемтік, жеді нәпсім – аш арыстан.
Күнәм шексіз, бақытсыздық батпағынан
Шығара гөр, мен бейбақты қасарысқан.

Дүние – нәпсі, соны іздеген соры қалың
Иттей болдым, сүйек тастар жолыма кім?
Қара басты! – Хақ жолынан мен адастым,
Қайда барам, ей, достарым, не қыламын?

Нәпсі, шайтан жүргізеді жарлық маған,
Бір пенде жоқ соған құл боп шалдықпаған.
Пендең сорлы – танымаған оң мен солды,
Уа, дариға, қасіреттен қаңғып барам» – деп, мұңын шағады.

Тағы бірде:
«Опасыз фәни – бұл жалған
Жұтады жуан-жұқаны.
Малыңа сенбе құлданған,
Қурайдың ол бір бұтағы» – дей келіп:
«Шүбәсіз білің бұ дүние,
барша халықтан өтеді,
Иланбағын малыңа,
бір күн қолдан кетеді.
Ата-ана, қарындас, қайда кетті пікір қыл,
Төрт аяқты ағаш ат, бір күн саған жетеді.
Дүние үшін қам жеме,
Хақтан өзгені деме,
Кісі малын жеме,
Сират үсті ұстайды.
Әйел, бауыр, қарындас,
ешкім болмайды жолдас,
Батыл бол ғаріп жас,
өмірің желдей өтеді.
Құл Қожа Ахмет тағат қыл,
өмірің білмеймін неше жыл,
Әсілің білсең, гүл суы,
және гүлге жетеді» – деп, толғанады (Ежелгі..., 2020: 309).

Өзгермелі өмір – қашан да опасыз. Қанша мықты болсаң да, қайда барсаң да – «Қорқыттың көрі». Он үшінші ғасырдың ортасы мен он төртінші ғасырдың басында Анадолыда өмір сүрген, исламның сопылық бағытын ұстанған түріктің атақты ақыны Жүніс Еміренің

«Байлар қайда бұрынғы,
Байлығына сыйынған?
Оларға да бүгінгі
Бейіттен жер бұйырған.

Ханзадалар қайда асты,
Хан сарайға сыймаған?
Көрге олар да жайғасты,

Құм төсегін жимаған.
Қай жақта жүр шашырап,
Сұлу қыздар - асыл жан?
Олардың да топырақ
Айдай жүзін жасырған.

Кішік пенен ұлығым,
Теңеседі көмген соң.
Бегі қайсы, құлы кім,
Маңызы жоқ өлген соң» – деп жырлауында өмірдің ащы шындығы көркем көрініс тапқан (Түрік поэзиясы, 2012: 30-31).

Он төртінші ғасырда жасаған Қайғысыз Абдал өмірді кім көрінген келіп-кетіп жататын шаһарға, базарға теңепті:

«Бұл дүниенің мысалы
Үлкен шаһар секілді.
Еншіңе тиген өмірің
Тез тарқар базар секілді.

Шаһарға әркім келеді,
Жазғанын сонда көреді.
Кері қайтып кетеді,
Келмес сапар секілді» (Түрік поэзиясы, 2012: 37).

Иассауиден үш жүз жылдай кейін жасаған өзбектің атақты ақыны Әлішер Науайы «Жалғанда пенде бар ма жаны мұңсыз

Отырып қалды пірімтағы үнсіз...

Дедім мен «Азабымды кім түсінер,

Ойласам, көңіліме мұң түсірер»...

«Уа, сахи, толтыра құй, кепті қаным,

Қаңсыған көкірегім төкті жалын» (Науайы, 1948);

«Өмірі кісі көрмесе дәуренінің опасын,

Өмір емес, ол - ойран! Өмір деп, несін айтасын.

Ол бір жанның жапасы баяны жоқ болмақ таң,

Көрмеген күнді жарқанат, мәңгілік түнде жатасың» (Науайы, 1948: 25);

«Қайғысы көп барша пәнде –

Бұл дүниеден опа көрмес,

Бұл бір пәни толған шерге,

Дертін жаяр опа бермес...

Науаидың бұл дүниеден,

Үміті жоқ көңілге алған.

Не опа бар бұл ғаламда,

Не береді дүние жалған?» – деп, ел-жұртымен мұңдасады.

Науаиден алты ғасыр кейін өмір сүрген түркімен Мақтымқұлы да өмірден тартқан жан азабын «Болды» деген өлеңінде төмендегіше жырлапты:

«Көңіл аулап, опасыз жар сүйіппін,

Тайды серттен, өзегіме дерт толды.

Тартты азабын жаным жапа күйіктің,

Екі көзім қарай – қарай төрт болды.

Аңдадым, абайсызда шатылдым,

Қайран ойды тұңғыыққа батырдым.

Жақсылыққа түс қыл алла, тапсырдым...
Өз ойым өз ішімді жеп құрт болды.
Мақтымқұлы, жүрегінде жара бар...»;
«Баянсыз мынау дүние
Заманымды тар қылды.
Ақыры жетіп түбіме
Шаттығымды зар қылды.
Пырағы, доғар сөзінді,
Қинама текке өзіңді!..
Тыныштық елден безінді
Шақшадай басты шар қылды» (Мақтымқұлы, 2014: 66).

Өмірдің өктемдігін мойындағанымен де өршіл ақын тағы бірде буырқанып, шамырқанып, шарт кетіп, ақындық мінез таныта отырып, тәубесіне келгендей, сабасына түскендей де болады:

«Асқар таулар биікпін деп, бәлсінбе,
Төмпешікпен сен де теп-тең боларсың.
Асау дария, айбат шекпе әлсізге,
Күнің жетсе, сен де тепсең боларсың.

Асыр салған тағылары таулардың,
Алыс емес, сені түгел аулар күн.
Ніл дарияның дарқандығын даулар кім,
Есең кетсе, сен де кешем боларсың.

Бұл жалғаннан жарлымын деп, түңілме,
Бағың жанар күндердің бір күнінде.
Үкім айтып, үбір менен шүбірге,
Көкжал сынды сен де өктем боларсың.

Дүниеде не бар сүйген жарға тең,
Ахиретке бірге әкеткен бар ма екен?
Имансызға қайдадағы тар мекен,
Иман болса, сен де кеп-кең боларсың.

Жақсылардан жырақ кетпе, мұңайма,
Адам түгіл, аласарар құдай да.
Көңіліңді баурар болса мың айла –
Мұратыңды бастан тепкен боларсың.

Лұқпанша дертке дауа тапсаң да,
Сүлейменше жынын жаудың қақсаң да,
Ескендірше жердің жүзін шапсаң да,
Бәрібір сен жермен жексен боларсың.

Мақтымқұлы, көзіңді сал маңайға,
Орныңды тап, оң-солыңды абайла.
Тәлім алып, тәлім беріп талайға

Сөйлей-сөйлей сен де шешен боларсың» (Мақтымқұлы, 2014: 141-142). Жақсы аударылған өлең жаттығын білдірмей, қазақ тілінде жазылған төл туындыдай құлпырып тұр.

«Бұл дүние бекерсің
Бір күні өтіп кетерсің.
Опасы жоқ дүниенің
Түбіне кім жетерсің.
Келеріңде дүние,
Толықсып шыққан айдайсың.
Кетеріңде дүние

Су жүрмеген сайдайсың» (Тоқтағұл, 2015: 21) – деп, Алатауды жырға бөлеп, термелетіп жүрген қырғыз Тоқтағұл көрепасты отаршылдардан көріп:

«Ой дүние жалғаны...
Қайтып шығар көңілден,
Ғаріп болған жұртымның
Боздап жылап қалғаны.
Қайғылы қара бір күнді
Құзғындар басқа салғаны.
Қу дүние, жалғансың,
Бұқараны боздатып,
Қайғыны басқа салғансың.
Жазығы жоқ адамды

Күн көрсетпей айдайсың» – деп, Алатаудан Сібірге айдалып бара жатқанда, өмірдің опасыздығынан көрген әділетсіздіктерді жырға қосады (Тоқтағұл, 2015: 45).

Ал сонау қазақ даласында он жетінші ғасырда өмір сүрген Мөңке би күннен күнге құлдырап бара жатқан заманның сұрқынан шошып:

«Азарсың, жұртым, азарсың,
Азарыңның белгісі:
Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.
Ит пен мысықтай ырылдасқан,
Еркек пен қатының болады...
Жас баладан биің болар,
Жас балшықтан үйің болар,
Ат жақсысы арбада болар,
Жігіт жақсысы саудада болар.
Көлдің суы бітіп, табаны қалар,
Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар.
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар.
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,

Сөйтіп, ақылы жоқ, санасыздың заманы болар» – деп, күңіреніп, алдағы өмірге болжам жасап. шырылдаған шындықты айтуға мәжбүр болса, одан үш ғасырдай кейін жасаған дала данышпаны Абай:

«Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!» (Құнанбаев, 1977: 104);
«Қор болды жаным,
Сенсіз де менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым,
Тағдыр етсе алла,

Не көрмейді пәндә?» – деп, өмірдегі әділетсіздіктерді көп көргендіктен іште пайда болған ащы запыранын сыртқа шығарып, сырын ашқандай, мұңдасқандай болады (Құнанбаев, 1977: 130).

Өмірдің ащы-тұщысын көп татқан, надандықпен алысып, әбден шаршаған, одан шығар жолды шарқ ұрып іздеген Иассауи көңіліне жұбанышты ислам дінінен тауып, имандылықтың жолына ерте түседі:

«Наданмен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса, тозақ одан қашар.
Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,
Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.

Надан хәлін менен сұрама, көңілім қапа,
Хақтан қорқып, қайғы тұтсам, күлер «қақа».
Араны ашық, нәпсі ұлық, мысалы лақа,
Надандардан қорқып саған келдім мен-ә.

Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілеймін жомарттардан.
Ғаріп жаным мың садаға даналардан,
Дана таппай жер астына кірдім мен-ә!»;

«Бес жасымда шариғатты зоуде білдім,
Дін жақтан да ораза ұстап, сәуле міндім.
Күндіз-түн зікір сарнап, тәубе қылдым,
Сондықтан алпыс үште кірдім жерге» (Иассауи, 2009: 32).

Қазақтың ұлы ақыны Абай да өзіне дейінгі Шығыс ақындарының шығармашылық жолымен жақсы таныс болған; соларды өзіне үлгі тұтқан. «Ол түпнұсқа арқылы (ішінара шағатай тіліндегі аудармасы арқылы) араб-иранның бүкіл батырлық-діни эпосын, шығыстың Фирддоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули сияқты классиктерін білді. Жас шағында ол қазақ өлеңіне «ғаруз» өлшемін тұңғыш рет енгізіп және сол классиктердің ақындық лексикасынан алынған көптеген араб-парсы сөздерін енгізіп, әлгі ақындарға өзі де еліктеген еді» (Әуезов, 2008: 107). Алғашқы өлеңдерінің бірінде ол:

«Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси

Медет бер я шағири фәрияд», – деп, өзіне дейінгі түркі әлемінің рухани жұлдыздарнан медет сұраған, сыйынған.

Бұл турасында «Абайтанудың» білгірі М. Әуезов «Шығыс ақындарының

шығармаларында үлкен орын алған үлгі – сопылық... Абай жас кезінде жазған «Әліпби» өлеңінде әріптерді алып отырып, өлең түрімен ойнатады. Жалпы өлеңнің мазмұны аспан тілегі емес, жер тілегі... Құрылысы, стилі жағынан, «Иузи раушаннан» басқа... «Әліпби» мен «Иузи раушан» өлеңінің айырмашылығы «Иузи раушанда» жер үстінде көретін махаббат емес, сопылық сарында жазылған» – деп, жазады (Әуезов, 2008: 107).

Ал Абайдың өзі болса, бірінші қара сөзінің өзінде-ақ «Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық?» – деп, жазыпты. Бұл жердегі «Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды» деген тіркестерге қарап, мәселенің мәніне тереңірек үңіліп, байқамаса, ақын сопылыққа да, дінге де қарсылық білдіріп, «жоқ» деп, отыр ғой деп, ойлап қалуы да мүмкін. Шындығында ақын софылықты ұстанып, дін бағуға мүмкіндік жоқ, «оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық?» (Құнанбаев, 1977: 128) – деп, реніш білдірген.

Бүкіл ғұмырын абайтануға арнап, осы тақырыпқа он томдық зерттеулер жазған М. Мырзахметов Абай мұрасындағы сопылық сарын туралы «Абайдың суфизиге қарым-қатынасын, тіпті оның дүниетанымымен де ортақтасатын жақтары барлығын Абайда өзекті желідей тартылатын камили инсани, яки толық адам, немесе инсанияттың кәмәлаттығы мен бенделіктің кәмәлаттығы жайлы ой толғаныстары да айғақтап жатады» (Мырзахметов, 2020: 480).

«Сұм өмір абақты ғой, саналыға» (Мағжан). Арада талай ғасырлар өткенде, тура осындай күйді қазақтың ұшы-қиыры жоқ кең даласында «күндей күркіреп», ғұмыр кешіп жатқан дала данышпаны Абай да басынан кешіреді:

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?...
Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым жасыдым да»;

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың ашыған - у, ойың - кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,

Кім көңілді көтеріп, болады ермек?» (Құнанбаев, 1977: 44) – деп, күніренген ақын бірінші қарасөзінде «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің; білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі бір тез қартайтатұғын күйік... Ақыры ойладым; осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кім де кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, иә, оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де , ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп, енді көңілге түйген ойларын қағазға түсіре беретін ойын айтады. Иассауидың хикметтері, Абайдың қарасөздері өмірге осылайша келген (Құнанбаев, 1977: 127-128).

Иассауи бұл жолға оңай түсе салмаған. Адамның өмірдегі тура жолын іздеген ол:

«Көңілім қара, қудай ақ сақал-мұртым,
Кең ием, кейін серіп, қаһар бұлтын.
Күйетін күнәм үшін тақалды күн,
Күллі періштеге күнәм паш болды, достар.

Пір шарап тамшысына масаңданып,
Түн қаттым, жол таба алмай, бас айналып.
Жақсылық Шүкір алла жасай қалып,

Құс көңілім әнін көкте салды, достар» (Иассауи, 2009: 32).

«Қай күні қасіретіңді жұтпадым мен,

Көз жасым елу бірде құмға сіңді,

Көп қорқып күнәлардан дірілдедім,

Жүректі алпыс үште дүрсілдетті» (Иассауи, 2009: 32) – деп, бұл бағытқа қалай түскенін де жасырмай, ашық жырға қосқан.

Пайғамбар жасы 63-інде қылуатке түскен ол бүкіл ғұмырын адам қайткенде, қалыпты өмір сүреді, бақытқа қол жеткізеді, бәле-бәтерден, жамандықтардан аулақ жүре алады деген секілді мәңгілік сауалдарға жауап іздеп, оны ислам дінінің сопылық бағытынан тауып, ойға түйгендерін жырға айналдырып, нәтижесінде «Диуани хикмет» өмірге келді.

«Диуани хикмет» бастан-аяқ исламдық имандылыққа негізделген адамгершілік ережелерін насихаттаған, ақыл, өсиет айтқан өлең-жырлардан тұрады. Абайдың қара сөздері секілді Иасауи әр өлеңіне тақырып қоймай, реттік санмен «1-ші хикмет», 2-ші хикмет» үлгісінде беріп отырған.

Сопылық поэзияның өзегін жер бетіндегі тіршіліктің иесі жаратқанды – Алланы мойындауға, оны сүйеге шақырған өлең-жырлар құрайды. Он бірінші ғасырда өмір сүрген Жүніс Еміре:

«Күллі әлемге жайлы нұрын таратқан,

Жаннан артық сүйем сені Жаратқан!...

Дүниеде барсың Ием, сеземін,

Бір өзіңе зәру боп тұр өзегім...

Қай пендеге түссе Алланың назары,

Көгінде оның Бақ жұлдызы жанады...

Асыл дінді мансұқтаудан тыйылам,

Бір Аллаға шексіз сенем, сыйынам!» (Түрік поэзиясы, 2012: 29-30) – деп, өзінің жаратқанды барынша сүйетіндігін, өйткені, кім де кім Алланың алдында адал болып, оны шексіз сүйсе, сол адам оның назарына ілігіп, басына бақ құсы қонып, бақытты болады деген түйінді ойларын жыр жолдарына айналдырған екен.

«Алланы таныған – өзін де табады», «Алланың ақ жолынан өзге жолда қайран жоқ», «Бір алладан басқа жәрдемші жоқ» деген секілді ойларға тоқтаған Қожа Ахмет Иассауи да бір Аллаға деген қалтқысыз махаббаттың адамдардың арасындағы шынайы сүйіспеншілікке, ғашықтыққа ұласуын қалайды, сонда ғана барып, адамдардың адам болып қалып, қалыпты өмір сүре алатындығына кәміл сенеді. Іштен басқа пейілде болып, сөзі сылдырағандар екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады. Мұндай адамдардың екіжүзділігі, надандығы, алдамшылығы өмірде не бір келеңсіздіктерге ұрындырады деген негізгі ойын ұсынады. Ол адамды бақытқа жеткізер ізгі қасиеттер, адамгершілік жаратқан Алланы мойындаудан басталады деп, ең алдымен, жамағатты жаратқанға ғашық бола сүйеге шақырады:

«Сүйсең – хақты сүй»;

«Нағыз махаббат қысқа ғұмырыңды ұзартады»;

«Құштарлықтың бейнетіне де төзу керек»;

«Тақуа болма, тентек болма – ғашық бол»;

«Алланың ақ жолынан өзге жолда қайран жоқ»;

«Ғашық болсаң – таза бол»;

«Ғашықтық – ұлық базар»;

«Шын ғашықты көрсең қуан»;

«Аллаға аусын ғашықтың ырқы барлық»;

«Шынайы ынтызарлық – ғашықтың бақыты»;

«Ғашықтық жол – ауыр жол»;

«Ғашықтық жол – ауыр жол»;

«Ғашық бол, қалтқысыз адал ғашық бол»;
«Дүниеге құл болма»;
«Ғашықтық – дүниедегі ең қиын түйін»;
«Шын сүйіспеншіліктің не екенін білмеген жан жолда қалады»;
«Махаббат дәмін татпаған, жар сүйіп, қызығын көрмеген, үйін ойлап дүние таппаған, ойсыз-қамсыз шайтандыққа бой алдырғаннан иман қашады»;
«Ғашық болмай, танып болмас Алла сені,
Не қылсаң да ғашық қылғын, пәруәрдігәр.
Ғашық дертін көтердім, дәрменім жоқ,
Ғашық жолда жан бергеннің арманы жоқ» (Иассауи, 2009: 32).
Ақын 10-шы хикметінде:
«Басынан әркімнің жалған өтер,
Баянсыз – жатпай жиған мал да бекер.
Қарындас, ата-анаң қайда кетті?
Ағаш ат әлі-ақ бір күн саған жетер» – дей келіп:
«Хақты сүй, пендешілік қамын жеме,
Кісінің, қыл көпір тұр, малын жеме.
Қарындас, қатын-бала кімнен қалмас,
Қожа Ахмет, сынды, сорлы, сағың неге?!

Белгісіз қалды енді қанша ғұмырың,
Берік бол, жалғыз Хақты барым де де.
Адамның асыл тегі су мен құл ғой,
Құл болмақ қайта айналып жалын дене» (Иассауи, 2009: 32) – дей келіп, енді бұлай жүре беруге жарамайды, өмір өткінші, дегендей, ойлануға шақырады.

Қорытынды

Ақынның бұл жердегі «Хақты сүй», «жалғыз Хақ» деп отырғаны жаратқан, құдай, алла мағынасында екендігі түсінікті болса керек. «Ақынның халықты имандылыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа, қанағатшылдыққа, адал еңбекке, бауырмалдыққа шақырған, тойымсыздық, дүниеқорлық, арамдық, зұлымдық атаулыны әшкерелеген сөздері қазіргі заман адамдарына да тікелей арналып тұрғандай» (Бердібай, 2018: 197).

Иассауидың жырлауында адамдардың тура жолға түсуі Алланы сүюден, оған барынша ғашық болудан басталады. Ал Алланың жолы адамдарды өзін өзі танып, өмірді, оның мәні мен маңызын түсініп, өмірдегі өз орнын тауып, имандылықпен тіршілік жасауына қол жеткізеді. Сонда ғана ол адамның жүрегінде тыныштық орнап, отбасында, қоғамда бірлік, береке салтанат құрып, бақытқа қол жеткізе алады. Бұл жерде адамның бүкіл тағдыры оның саналылығына, имандылығына тікелей байланысты екендігі анық көрініп тұр.

Осы сияқты себептерден Қ.А. Иассауи поэзиясының негізгі өзегі – Алланы сүюге арналғандығы, бұл тақырыпты барынша шегіне жеткізе жырлағаны. Ақын поэзиясының басты ерекшелігі де, оның даңқын шығарып, тұтас бір діни-философиялық, әдеби ағымның басты тұлғасына айналуы да имандылықты ту етіп, асқақтата жырлауында, Алланы сүйе білу әрбір адамның өміріндегі ең шешуші мәселе екендігіне барынша назар аудара білуінде жатса керек.

Әдебиеттер тізімі

Абай. (1995). Энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

Әл-Фараби және қазіргі заман. (2014). Алматы: Қазақ университеті.

- Әуезов, М. (2004). *Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-том*. Алматы: Жібек жолы.
- Әуезов, М. (2008). *Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-том*. Алматы: Жібек жолы.
- Баласағұн, Ж. (1986). *Құтты білік* (Ауд. А. Егеубаев). Алматы: Жазушы.
- Бердібай, Р. (2018). *Түбі бір түрікпіз: Он томдық шығармалар жинағы. 4-том*. Алматы: Дәуір.
- Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. (2019). 1-том. Алматы.
- Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. (2020). 2-том. Алматы.
- Иасауи, Қ.А. (2016). *Диуани хикмет* (Хикмет жинағы). Астана: Ғылым.
- Иассауи, А. (2009). *Диуани хикмет: Даналық кітабы*. Алматы.
- Көпрүлү, Ф. (2017). *Түркі әдебиетінде алғашқы сопы ақындар*. Түркістан.
- Қайқауыс. (1992). *Қабуснама*. Алматы: Балауса.
- Қорқыт ата. (1999). *Энциклопедиялық жинақ*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.
- Құнанбаев, А. (1977). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том*. Алматы: Ғылым.
- Құнанбаев, А. (1977). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том*. Алматы: Ғылым.
- Мақтымқұлы, П. (2014). *Таңдамалы өлеңдері*. Ашхабад: Ылым.
- Мырзахметов, М. (2020). *Абайдың шығыстық әлемі*. Халықаралық Түркі академиясы.
- Мырзахметұлы, М. (2015). *Мұхтар Әуезов – абайтанушы ғұлама*. Астана: Ғылым.
- Науаи, А. (1948). *Таңдамалы шығармалары*. Алматы.
- Науайы, Ә. (ж.ж.). *Ескендір қорғаны. Ғазалдар*. Астана: Аударма.
- Сауранбаев, Н. (1970). *Диуани хикмет туралы бір-екі сөз. Қазақ әдебиеті*.
- Тоқтағұл. (2015). *Таңдамалы шығармалары*. Астана: Ғылым.

References

- Abai. (1995). Encyclopedia. Almaty: Kazakh Encyclopedia.
- Al-Farabi and the Modern Era. (2014). Almaty: Kazakh University.
- Anthology of Ancient Literature. (2019). Vol. 1. Almaty.
- Anthology of Ancient Literature. (2020). Vol. 2. Almaty.
- Aueзов, M. (2004). *Complete Collection in Fifty Volumes. Vol. 15*. Almaty: Zhibek Zholy.
- Aueзов, M. (2008). *Complete Collection in Fifty Volumes. Vol. 31*. Almaty: Zhibek Zholy.
- Balasaguni, Y. (1986). *Kutadgu Bilig* (Translated from Old Turkic by A. Egeubaev, with a preface and commentary). Almaty: Zhazushy.
- Berdibai, R. (2018). *We Are One Turkic People. Collected Works in Ten Volumes. Vol. 4*. Almaty: Dauir.
- Kaykavus. (1992). *Qabusnama*. Almaty: Balausa.
- Köprülü, F. (2017). *The First Sufi Poets in Turkic Literature*. Turkistan.
- Korkyt Ata. (1999). Encyclopedic Collection. Almaty: Kazakh Encyclopedia.
- Magtymguly, P. (2014). *Selected Poems*. Ashgabat: Ylym.
- Myrzakhmetov, M. (2020). *Abai's Eastern World*. International Turkic Academy.
- Myrzakhmetuly, M. (2015). *Mukhtar Aueзов – A Scholar of Abai Studies*. Astana: Gylym.
- Navoi, A. (n.n.) *Iskander's Fortress. Ghazals*. Astana: Audarma.
- Navoi, A. (1948). *Selected Works*. Almaty.
- Qunanbaiuly, A. (1977). *Complete Works in Two Volumes. Vol. 1*. Almaty: Gylym.
- Qunanbaiuly, A.. (1977). *Complete Works in Two Volumes. Vol. 2*. Almaty: Gylym.
- Sauranbaev, N. (1970). "A Few Words About Diwani Hikmet." *Kazakh Literature*.
- Toktagul. (2015). *Selected Works*. Astana: Gylym.

Yasawi, A. (2009). *Diwani Hikmet: The Book of Wisdom*. Almaty.

Yasawi, K.A. (2016). *Diwani Hikmet (Collection of Hikmets)*. Astana: Gylym.

Danday Yskakuly

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The Turkic Worldview in Abai's Poetry

Abstract. This paper examines how the Turkic worldview and philosophical ideas expressed in the Orkhon inscriptions of Kültegin, the *Avesta*, the *Qabusnama*, and the works of Mönke Bi, Khoja Ahmed Yasawi, Yusuf Balasaguni, Yunus Emre, Alisher Navoi, Magtymguly, among others, continued in the 19th century with renewed vigor as a unified Turkicist movement through the legacy of Abai.

In the spiritual firmament of the Turkic world, Abai's name shines brightly alongside such eminent representatives of Eastern civilization as Al-Farabi, Yasawi, Nizami, Fuzuli, Navoi, and Magtymguly. While researching the culture and history of the Near East, Abai became familiar with the works of al-Tabari, Rabghuzi, Rashid al-Din, Babur, Abulghazi Bahadur Khan, and others. He also grasped the foundations of logic and Islamic law as interpreted by Eastern religious scholars. Abai was well-versed not only in the ancient cultural heritage of the Near East but also in its contemporary intellectual life. He was also familiar with the works of the first Tatar enlighteners.

Keywords: Abai's poetry, Turkic worldview, Turkic spirituality, Sufi literature, Eastern literature.

Дандай Ыскакулы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Тюркское мировоззрение в поэзии Абая

Аннотация. В статье рассматривается, как тюркское мировоззрение и философские идеи, отражённые в надписях Культегина, Авесте, Кабуснаме, а также в произведениях Мунке би, Ходжа Ахмета Ясави, Юсуфа Баласагуни, Юнуса Эмира, Алишера Навои, Махтумкули и других, получили новое дыхание и продолжение в XIX веке через творчество Абая, оформившись в цельное течение тюркизма.

В духовном пространстве тюркского мира имя Абая сияет яркой звездой наряду с такими выдающимися представителями восточной цивилизации, как Аль-Фараби, Ясави, Низами, Физули, Навои, Махтумкули. Изучая культуру и историю Ближнего Востока, Абай познакомился с трудами ат-Табари, Рабгузи, Рашид ад-Дина, Бабура, Абулгази Бахадур-хана и других авторов. Он также знал основы логики и мусульманского права в интерпретации восточных богословов. Абай был знаком не только с древним наследием Ближнего Востока, но и с культурой своей эпохи. Кроме того, он изучал труды первых татарских просветителей.

Ключевые слова: поэзия Абая, тюркское мировоззрение, тюркская духовность, суфийская литература, восточная литература.

Автор туралы мәлімет:

Дандай Ысқақұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8281-8659>

Information about author:

Danday Yskakuly – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8281-8659>

Сведения об авторе:

Дандай Ысқақұлы – доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8281-8659>

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Мағрипа Ескеева*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,**Астана қ., Қазақстан**(E-mail: mag61103@inbox.ru)***Абай тіліндегі бинарлық қатынастар**

Аңдатпа. Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың туған халқы жайлы тұжырымдамалық пайымдаулары мен гуманизмге, жалпыадамзаттық мүддеге бағытталған ғибратты ойлары бүгінгі қазақ әлемінің рухани дамуының өзегіне алынуда. Мақала Абай шығармалары тіліндегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын тілдік бірліктерді талдауға бағытталған. Көп қабатты бір концепт бойына жинақталған идеялық таңбалар тізбегі ортақ белгілерге негізделген мәндес ұғымдарды да, аралық ұғымдарды да, антиномиялық ұғымдарды да қамтиды. Әрбір тізбектің полярлық шегі қарама-қарсы мәнен тұйықталады. Философтар диалектиканың дуалистік теориясына орай концепт ұғымын қарама-қайшылықтар бірлігі ретінде тануы да осыдан туындайды. Лингвистика ғылымы бойынша ноосфералық әлемдегі мұндай қарама-қарсылық коннекторлары тілдік әлемде бинарлық жұптар арқылы көрініс табады. Тілдегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын тілдік бірліктер диалектикадағы қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңдылығымен ұштасып жатқан лингвофилософиялық құбылыс. Тұтастай алғанда тіл жүйелі құрылым, кешенді ноосфералық құбылыс болғанымен ішкі табиғаты қайшылыққа толы. Адамзат табиғаттың бір бөлшегі саналатындықтан оның тілі де табиғи микрокомпонент, әрі адамзаттың бар болмысын, өзге тіршілік иелерінен ерекшелігін ашатын, адами танымды, сапаны айқындайтын, сондай-ақ белгілі бір тілдік қауымдастықтың немесе этностың ментальдық дара сипатын танытатын көп қырлы категория. Абай тіліндегі бинарлық қатынастар «өмір – өлім», «жан – тән», «бар – жоқ», «жақсы – жаман», «даналық – نادандық» «имандылық – имансыздық», «әке – бала» т.б. оппозицияларды қамтиды. Абай тіліндегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын лексемалардың этномәдени мазмұны ұлы ойшылдың күрделі ойлау жүйесі мен дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындайды.

Түйін сөздер: Абай Құнанбаев, қазақ тілі, бинарлық қатынастар, қарама-қарсылық коннекторлары, лингвофилософия

DOI: <https://doi.org/10.71078/em5vqh55>

Түсті: 8.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Этнос тілінің мазмұнында жинақталған күрделі танымдық үдерістерді айқындауда сол қауымнан шыққан, сол қауымның тілінде ойлап, сөйлеп, жазатын ұлы тұлғалардың ой-тұжырымдары мен пайымдаулары, яғни шығармаларының тілі негізге алынатыны белгілі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармалары үздіксіз даму үдерісінен өтіп келе жатқан қазақ әдеби жазба тілінің жаңа бағытта дамуына серпін берумен қатар қазақ қоғамының төл рухани-мәдени құндылықтарын заманға сай дамытудың, әлемдік өркениетте өз орнын алатын ұрпақ қалыптастырудың бағыт-бағдарын да меңзейді. Абайдың қазақ қауымына тән кемшіліктер жайлы тұжырымдамалық пайымдаулары мен гуманизмге,

жалпыадамзат мүддесіне, қазақ мүддесіне бағытталған тағлымға толы ғибратты сөзі бүгінгі қазақтың рухани дамуының өзегіне алынуда. Абай әлемін тану – қазақтың рухани әлемінің нығаюына, рухани өрлеуіне серпін береді. «Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі» (Тоқаев, 2024). Абайдың даналығы мен парасаттылығын, күрделі рухани әлемі мен мен көпқабатты дүниетанымын сипаттайтын шығармаларының бүгінгі ұрпаққа да, келер ұрпаққа да берері мол. Сондықтан да Абай шығармаларындағы антиномиялық, яғни қарама-қарсы ұғымдарды сипаттайтын әр деңгейлі – (лексемалық, синтаксистік, контекстік) тілдік репрезентацияның мазмұнын ашу қазақ тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі. Абайдың қолданысындағы қарама-қарсы ұғымдардың қолданысы қазақ тілінің бейнелі де астарлы табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда тіл жүйелі құрылым, кешенді ноосфералық құбылыс болғанымен ішкі табиғаты қарама-қарсы ұғымдардан тұрады. Адамзат табиғаттың бір бөлшегі саналатындықтан оның тілі де табиғи микрокомпонент, әрі адамзаттың бар болмысын, өзге тіршілік иелерінен ерекшелігін ашатын, адами танымды, сапаны айқындайтын, сондай-ақ белгілі бір тілдік қауымдастықтың (этностың) дара сипатын танытатын көп қырлы категория. Сол себепті де адам танымындағы символдық нышандар мен одан таралған ұғым, тану нысаны – заттар мен құбылыстар араларындағы көзге көрінбейтін табиғи-семиотикалық-логикалық байланыстар лингвистер тарапынан қызығушылық тудырып, тілді зерттеудің онтологиялық ұстанымдарына ерекше мән беріліп келеді.

Белгілі бір тілдік ортаның «мазмұндық өріс жүйесі арқылы танылатын ментальды болмысы абстрактылы идеялардың матрицасы – таңбаның сан алуан қызметі жинақталған символдық концептілер жүйесіне негізделеді (Колесов, 2004: 11).

Зерттеу әдістемесі

Адам танымы мен өзара изоморфтық реңкке ие заттар, құбылыстар арасындағы тік және көлденең бағыттағы мәңгілік байланысты айқындайтын, сол заттар мен құбылыстар жайлы архаикалық ұғым-түсініктердің жиынтық мәнін құрайтын концепт тұтастай алғанда символдық мән-таңбалардың тоғысу нүктесі болса, концептуалды өрісті бір нүктеде тоғысатын бірнеше символдық мән-таңбалар тізбегінен тұратын сәулелер жүйесі құрайды. Таңбалар белгілейтін идеялардың лингвистикалық сипат алып, саналы адамзаттың дыбыстың тілінің қалыптасуы, сөздің идеялық қыры мен акустикалық бейнесінің байланысы, яғни ішкі тұлға мен сыртқы тұлғаның бір-біріне ықпалы, арақатысы абстрактылы-логикалық модельдер мен нақты лингвистикалық модельдердің сабақтастығы тұрғысынан онтологиялық негізде айқындалады.

Сан қабатты бір концепт бойына жинақталған идеялық таңбалар тізбегі ортақ белгілерге негізделген мәндес ұғымдарды да, аралық ұғымдарды да, антиномиялық ұғымдарды да қамтиды. Әрбір тізбектің полярлық шегі қарама-қарсы мәнмен тұйықталады. Философтар диалектиканың дуалистік теориясына орай концепт ұғымын қарама-қайшылықтар бірлігі ретінде тануы да осындан туындайды. Лингвистикалық ғылым бойынша ноосфералық әлемдегі мұндай қарама-қарсылық коннекторлары тілдік әлемде бинарлық жұптар арқылы көрініс табады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Тілдегі бинарлық қатынас «алғашқы бейтарап ұғымның қарама-қарсы нұсқаларының танылуына байланысты мазмұнның полярлануы нәтижесінде» (Шур, 1974: 46) мағынаның қарама-қарсы бағытқа ыдырауымен қатар жүретін құбылыс. Антиномиялық сипатқа ие бинарлық жұптардың орталық шегіндегі бейтарап ұғым оппозициялық ұғымдармен

тепе-теңдік қатынасты сақтайды. Мәселен, «Адам» микрожүйесі бойынша *ер адам, әйел* тұлғалары тізбектің полярлық шектерін бейнелесе, *адам* орталық шегін көрсетеді. Ал адамды табиғаттың бөлшегі, саналы, сөйлей алатын тіршілік иесі ретінде «Табиғат» микрожүйесінде қарастырсақ, *еркек* ← *тіршілік иесі* → *ұрғашы* үштігі шығады. Бұл тіршілік иелерінің тек жыныстық ерекшелігі жайлы адам санасында танылған идеялық таңбалар жиынтығы, концептің бір түзу бойына орналасқан қарама-қарсы бағыттағы сәулесінің тілдік бейнесі. Тіршілік иелерінің басқа сапалық қасиеттеріне, оларға қатысты басқа да атаулардың қалыптасуы бірнеше тізбектен тұратын қарама-қарсы бағыттағы сан-алуан сәулелер кешеніндегі идеялық таңбалардың лингвистикалық сипат алуына байланысты. Тізбектің полярлық шектері мен бейтарап-орталық шегінің араларында мыңдаған аралық ұғымдар шоғырлануы мүмкін. Сондықтан тілді онтологиялық тұрғыдан зерттеуде тіл жүйесіндегі бинарлық қатынастардың табиғатына ерекше мән беру басты ұстанымдардың бірі болуы қажет.

Адам танымымен, оның ғаламды пайымдауымен қатар жүретін лексика-семантикалық даму» нәтижесінде оппозициялық мазмұн бір негізден тараған сөздерді де, гетерогенді лексемаларды да қамтиды. Түркі тілдері тарихи лексикологиясында түбірлес моносиллабтардың антонимдік сипаты ғылымда белгілі құбылыс, сирек болса да *кел* ↔ *кет*, *ат* ↔ *ал*, *сат* ↔ *сал*, *бас* ↔ *баш*(*ай*), *ұш* ↔ *ұс*(*та*), *ыз*(*ғар*) ↔ *ыс*(*тық*) т.б. сөздердің оппозициялық қырлары, олардың гомогенділігі туралы болжамдар айтылуда. Түбірлес моносиллабтардың оппозициялық жұп түзу мүмкіндігін айқынырақ ажырату үшін жалпытүркілік танымда белгілі, антиномиялық мәні айқын гетерогенді моносиллабтар негізінде көрінетін бинарлық жұптардың табиғатын негізге алу керек.

Абай тіліндегі қарама-қарсылық коннекторларының мазмұндық ауқымы мен қолданыс аясы ұлы ойшылдың дүниетанымының кеңдігі мен тереңдігін, қазақтың мүддесін жалпыадамзаттық мүддемен ұштастыра білген даналығын сипаттайды. Абай ең алдымен қазақтың перзенті, түркі халықтарының өкілі, сондықтан ақын тіліндегі бинарлық жұптардың мазмұндық аясы жалпытүркілік ұғымдардан құрала отырып, жалпыадамзаттық әмбебап ұғымдардың оппозициялық жұптарына ұласады. Ақын тіліндегі антиномиялық ұғымдардың репрезентанттары лексемалық тура мағынадан алшақ болуы да мүмкін.

Абай Құнанбайұлының өлең жолдарында қолданылған *мен*, *менікі* лексемаларының мазмұны аталған есімдіктің тура мағынасынан әлде қайда кең әрі астарлы, оппозициялық мәні бар:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес (Өлсе өлер табиғат, адам өлмес) (Абай, 2005).

Ұлы ойшылдың қолданысындағы *мен* – адамның жаны, мәңгілік рух; *менікі* – ет пен сүйектен тұратын адамның тәні, осы өмірдегі адами тұрпаты, жалған дүниедегі уақытша форма немесе табиғат. «Менікі» адам қайтыс болғаннан кейін топыраққа айналып, жерде қалады, ал «мен» басқа күйге еніп мәңгі жасайды. «Адам өлмейді, оның жаны тәнінен бөлініп, болмысы рухқа айналады» (Есім, 2012:134). Демек, Абайдың «мені» мен «менікісі» жалпыадамзаттық *Жан* ↔ *Тән* бинарлық жұбының мазмұндық аясына кіреді, белгілі бір дәрежеде көне түркілік *Көк* ↔ *Жер*, *Өмір* ↔ *Өлім*, *Мәңгілік* ↔ *Жалғандық* оппозицияларымен ұштасады. Есте ұстайтын мәселе, Абай бұл өлеңінде жалпы адамдар жайлы емес, ақыл-парасаты жоғары, ел-жұртқа қадірлі адамдар туралы айтады:

Өлді деуге сыйа ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? (Өлсе өлер табиғат, адам өлмес) (Абай, 2005:102).

Көне түркі мұралары тілінде де бинарлық символдардың жіктелісі айқынаңғарылады. И.В.Стеблева көне түркі ескерткіштері мәтініндегі бинарлық оппозициялар әртарапты

(универсалды) болып келетініне мән бере отырып, түркілер дүниетанымындағы оппозициялық символдар өз бастауын ежелгі кезеңдерден алатынын көрсетеді: «...одновременно с этим обнаруживается сумма конкретных классификаторов, часть которых также является универсальной. ...следы бинарной символической классификации в рунических текстах позволяют сделать вывод, что она, повидимому унаследовано от более древних времен» (Стеблева, 1972: 214).

Түркілер тіліндегі жоғарғы әлем мен төменгі әлемнің қарама-қарсылық сипаты тік сызық бойынша *Көк – Жер* бинарлы жұбы арқылы сипатталады. Көне түркі тіліндегі *көк* «аспан» сөзінің бинарлық жұбы *жер-су* қос сөзінің басты символдық атрибуттары: жоғарғы әлемдегі алып кеңістік *Көкке* қарама-қарсы төменгі әлем; адамзаттың – атамекені, яғни жалғандық; тіршілік иелері мен өсімдік әлемінің өсіп-өркендеуіне жағдай жасаушы; тіршілік иелерінің материалдық тұлғасын өмірге әкелуші, яғни аналық негізбен байланыстылығы. «Көне түркілер дүниетанымы бойынша *көк-жер* бинарлы жұбының ерекше мәндерінің бірі мәңгілік – жалғандық идеясы *иш* ↔ *дон* «ұш – қон» іс-әрекеттік оппозициясы арқылы нақтыланып, *tirlig* ↔ *ölüg* «өмір (тірлік) – өлім (өлік)» жұбымен тиянақталады» (Ескеева, 2011:168). Адам баласы дүниеге келгенде жаны *Көктегі* тәңірден беріліп, тәні *Жерде* пайда болады, қайтыс болғанда жаны *мәңгілік* мекен *көкке* қайта ұшып, тәні адамзаттың уақытша мекені, *жалған* дүние – *жерде (көрде)* мәңгілікке *қонақтап*, сіңіп кетеді деген діни-мифологиялық дүниетанымын көне түркі ескерткіштері тіліндегі бинарлық оппозициялардың семантикалық қырлары арқылы дәл анықтауға болады.

Абайдың өмір мен өлім жайлы тұжырым пайымдаулары жалпы түркілік дүниетаным мен ислами мәдениеттің сабақтастығын сипаттай отырып, жалпы адамзаттық әмбебап пайымдаулармен ұштасады. Абай тілінде *өлім* – адамды қорлықтан, бұл дүниенің азабынан құтқарады; *өмір* – өткінші:

Өлім барда қорлық жоқ.

Өмір, дүние дегенің

Ағып жатқан су екен.

Жақсы-жаман көргенің

Ойлай берсең у екен (Не іздейсің, көңілім, не іздейсің) (Абай, 2005:15).

Нәтижелер мен талқылаулар

Абай шығармалары тіліндегі мазмұны терең әрі ауқымды бинарлық жұптардың бірі – *Жақсы (адам) ↔ Жаман(адам)*, *Жақсылық ↔ Жамандық* оппозициялары. Абай танымы бойынша жақсылық та, жамандық та адамның өзінен: Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады... Жаманшылыққа бірелігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі... (Он төртінші сөз) (Абай, 2005:58); білсем деп ұмтылмау, ақыл-парасаты мол, білімді немесе көргені көп, айтары бар адамдарды тыңдағысы келмеу де жамандықтың белгісі: Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгілі қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл, жиреніп үйден қуып шығады (Он жетінші сөз) (Абай, 2005:65); сол сияқты жұмысы жоқтық пен талапсыздық адамды жамандыққа жетелейтін қасиеттер: Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді (Қырық екінші сөз); Адам баласының ең жаманы – талапсыз... (Қырық төртінші сөз) (Абай, 2005:69). Ұлы ойшыл жақсы адамның басты атрибуты ретінде адамшылықты, кісілікті қояды, ал адамшылықтың негізі махаббатта: Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі (Қырық бесінші сөз) (Абай, 2005: 24).

Абай Құнанбайұлы *Жақсы адам ↔ Жаман адам* оппозициясын адам тәнінің табиғи қажеттіліктері мен адам жанының, яки саналы адамның рухани қажеттіліктерін қарама-қарсы қою арқылы да түсіндіреді: Жас баладан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары. ...Біреуі білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді Мұның бәрі – жан құмары... Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз (Абай. Жетінші қара сөз). Абай тіліндегі мұндай мысалдар *Жан құмары ↔ Тән құмары* оппозициясы арқылы *Жақсы адам ↔ Жаман адам* бинарлық жұбының мазмұндық аясына кіреді.

Жалпы түркі тілдерінің деректері негізінде *Жақсы → Жаман* бинарлық жұбының негізгі лексикалық бірлігі *жақсы, жаман* антиномиялық лексикасының этимологиялық бастауы бір архитұлғадан таралуы мүмкін: **žaq ↔ *žat: жақсы ↔ жаман; *žaq: жат → žat ↔ жақын*. Ескерткіштер тілінде *jayūt-* «приближаться» (Батманова, 1971:42). *jakilig* «сторонник», *jan* «возвращаться» (Батманова, 1971: 43) лексемалары қолданылады. *jayūt, jakilig* сөздерінің қазақ тіліндегі нұсқалары *жақын, жақтас* сөздерінің негізі *жақ* (оң жақ, сол жақ) моносиллабы. **žaq* тұлғасымен түбірлес *žan* (үйдің жаны, жанында) лексемасы мен көне түркілік *jan-* «возвращаться» сөзі синкретизмдер қатарына жатады, «жақын» мәнін беретін *жуық* сөзі де қолданыста. Демек аталған тұлғалардың бәрінің негізі бір, ортақ семасы «белгілі бір объектінің екінші объектіге жақындауы немесе қасында орналасуы», ортақ түбір **ja/*ža* тұлғасы. **žaq/žan* моносиллабтарының оппозициялық мәні *žat* «бөтен», *žaw* «қас» сөздерінен көрініс береді. Ескерткіштер тілінде *jat* «враг», «чужой, чужбина» (Словарь, 1969: 247), *jaу* «враг» (Батманова, 1971: 42) түрінде тұлғаланады, *jat* сөзінің «враг» мағынасының да тіркесуі оның *jaу* лексемасымен түбірлес екенінің айғағы, ортақ түбірі **ja/za* (Севортян, 1989: 56), ортақ мәні «бөтен, жау; алыстан, басқа жақтан келген; жақын емес». **ja* түбірі *jablaq, jabuz* «плохой, дурной» (Батманова, 1971: 42) сөздеріне де негіз болып тұр, қазақ тіліндегі нұсқалары *жауыз, жаман/жабы*. Демек *жаман* сөзімен оның анонимдік сыңары *жақсы* сөздерінің түбірлес екеніне көз жеткізуге болады. Жақынын жақсы көру, өзіне беймәлімді жат санау, жаман санау жалпы адамзатқа тән құбылыс.

Абай тіліндегі бір ғана *Иманды ↔ Имансыз* оппозициясының мазмұны адамгершілік қасиеттер мен адамшылыққа жат қылықтарды сипаттайтын семалардың тұтас кешенін қамтиды. Бұл қазақтың рухани мәдениетіндегі иманның қаншалықты маңыздылығын, халық санасына соншалықты сіңісті болып кеткен адамгершілік өлшемі екенін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде кісілікті сақтау – имандылық шарты, бұл Абайдың да басты ұстанымдарының бірі. Айырықша ақыл-парасат иесі Абай тіліндегі иман жайлы лингвоақпараттың жалпы мазмұны: имандылық – адамның рухани әлемін тазарту жолы, қоғамды жаман әдеттен арылту жолы. Қазақ ұғымындағы имандылықтың бір баламасы – кісілік. «1. Адамгершілік, азаматтық. 2. Әлдеқандай болған, дандайсыған, кісімсіген мінез» (Сөздік, 2008: 441) мағыналарын беретін *кісілік* сөзінің екінші мәні сөз мазмұнындағы идеосемалардың бірнеше бағытта дамуға қабілетті полисемантикалық сипатына байланысты. Түркі тілдері семантикалық жүйесіндегі гомогенді сөздердің қарама-қарсы мағыналарға ыдырауы да жиі кездесетін құбылыс. Жалпытүркілік *kisi/kiši* лексемасының этимологиясы жайлы көзқарастар да «Тәңірлік» идеясына барып тіреледі. Түркі тілдеріндегі үлкен – кіші оппозициясы арқылы *kisi/kiši* «адам, кісі» лексемасының аталымдық уәжін анықтауға болады. Тәңір түркілер танымындағы ұлылықтың, үлкендіктің символы болса *kiši/kiši* «адам» кішіліктің белгісі, адам баласы Тәңірдің алдында дәрменсіз, оған тәуелді, Тәңірдің туындысы. Жаратқанға жалбарынып, бойынды да, ойынды да күнадан алыс ұстап, кісілікті сақтау – имандылық шарты. Қазақ тіліндегі *кісілік* сөзінің мазмұнында кімге болса да құрметпен қарап, кішілік көрсету, мансап пен байлықты мақтан тұтпау, қарапайымдылық пен кішіпейілділікті сақтау сияқты адами қасиеттердің сипаттайтын семалар жинақталған. Қазақ тіліндегі иман

жайлы лингвоақпараттың жалпы мазмұны иманшылықты адамның рухани әлемін тазарту жолы, қоғамды жаман әдеттен арылту жолы тұрғысынан айқындай отырып, «иман – мұсылманның басты парызы», «иман – адамгершілік өлшемі» идеяларының мазмұнын қамтиды.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлы тіліндегі бинарлық қатынастар негізінен *Жақсы (адам) ↔ Жаман (адам)* оппозициясының мән-мағынасын түсіндіретін антиномиялық жұптардан тұрады. Абай тіліндегі бинарлық қатынастарды сипаттайтын лексемалардың этномәдени мазмұны ұлы ойшылдың күрделі ойлау жүйесі мен дүниетанымдық ерекшеліктерін, өмірлік ұстанымдары мен туған халқына деген шынайы сүйіспеншілігін, «қазақтың болашағы жарқын болу үшін қайтпек керек?», «қайтсек қазақ бәсекеге қабілетті ұлтқа айналады?» деген сұрақтар төңірегіндегі ұлы идеяларды ұлықтаған ұлттық мүддесін айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

- Абай. (Ибраһим Құнанбаев). (2005). *Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер*. Алматы: Жібек жолы.
- Древнетюркский словарь*. (1969). Под. Ред. В.М. Надеяева, Д.М. Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М. Щербака. Ленинград: Наука.
- Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках*. (1971) Под ред. И.А. Батманова. Фрунзе: Илим.
- Ескеева, М.Қ. (2011). *Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі*. Астана: Сарыарқа.
- Есім, Ғ. (2012). *Хакім Абай*. Астана: Фолиант.
- Колесов, В.В. (2004). *Язык и ментальность*. Санкт-Петербург: Петербург. Востоковедение.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі* (2008). Алматы: Дайк-Пресс.
- Севортян, Э.В., & Левитская, Л.С. (1989). *Этимологический словарь тюркских языков*. (IV т.) Москва: Наука.
- Стеблева И.В. (1972). Ореконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы В *Тюркологический сборник* (С. 213-226). Москва: Наука.
- Тоқаев, Қ.К. (2023). *Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан*. <http://www.akorda.kz/>
- Щур, Г.С. (1974). *Теория поля в лингвистике*. Москва: Наука.

References

- Abai (Ibragim Qunanbaiuly). (2005). *Poems, poems, translations and prose*. Almaty: Zhibek Zholy. [in Kazakh].
- Ancient Turkic dialects and their reflection in modern languages*. (1971). Edited by I.A. Batmanov. Frunze: Ilim. [in Russian].
- Dictionary of Old Turkic*. (1969). Edited by V.M. Nadelyaev, D.M. Nasilov, E.R. Tenishev, & A.M. Shcherbak. Leningrad: Nauka. [in Russian].
- Eskeeva, M.Q. (2011). *Linguo-philosophical foundations of Old Turkic written monuments*. Astana: Saryarqa. [in Kazakh].
- Explanatory dictionary of the Kazakh language*. (2008). Almaty: Daik-Press. [in Kazakh].
- Kolesov, V.V. (2004). *Language and mentality*. Saint Petersburg: Petersburg Oriental Studies. [in Russian].

- Sevortyan, E.V., & Levitskaya, L.S. (1989). *Etymological dictionary of Turkic languages* (Vol. 4) Moscow: Nauka. [in Russian].
- Shchur, G.S. (1974). *Field theory in linguistics*. Moscow: Nauka. [in Russian].
- Stebleva, I.V. (1972). On the reconstruction of the ancient Turkic religious-mythological system. In *Turkological Collection* (pp. 213–226) [in Russian]. Moscow: Nauka.
- Tokayev, K.K. (2023). *Abai and Kazakhstan in the 21st century*. <http://www.akorda.kz/> [in Kazakh]
- Yesim, G. (2012). *Hakim Abai*. Astana: Foliant. [in Kazakh].

Magripa Yeskeyeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
(E-mail: mag61103@inbox.ru)

Binary Relations in Abai's Language

Abstract. The conceptual reflections and humanistic ideas of Abai Kunanbaiuly, the great son of the Kazakh people, dedicated to his native people and universal human values, lie at the core of the spiritual development of the modern Kazakh world. This article focuses on analyzing linguistic units that characterize binary relationships in the language of Abai's works. A sequence of ideological symbols, consolidated around a multi-layered concept, encompasses synonymous, intermediate, and antinomic notions based on shared features. The polar boundaries of each sequence are closed by opposing meanings. Philosophers' recognition of the concept as a unity of contradictions, in line with the dualistic theory of dialectics, also stems from this. In linguistic science, such oppositional connectors in the noospheric world manifest through binary pairs in the linguistic realm. The linguistic units describing binary relationships in language intertwine with the linguo-philosophical phenomenon linked to the dialectical law of the unity and struggle of opposites.

Overall, while language is a systematic structure and a complex noospheric phenomenon, its inherent nature is full of contradictions. Since humanity is considered a part of nature, its language is both a natural microcomponent and a multifaceted category that reveals human existence, distinguishes humans from other living beings, defines human cognition and quality, and reflects the unique mental characteristics of a linguistic community or ethnicity. The binary relationships in Abai's language include oppositions such as "life – death," "soul – body," "existence – non-existence," "good – evil," "wisdom – ignorance," "faithfulness – faithlessness," "father – child," etc. The ethno-cultural content of lexemes describing these binary relationships in Abai's language elucidates the great thinker's intricate system of thought and worldview.

Keywords: Abai Kunanbaev, Kazakh language, binary relationships, opposition connectors, linguophilosophy.

Мағрипа Ескеева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
(E-mail: mag61103@inbox.ru)

Бинарные отношения в языке Абая

Аннотация. Концептуальные размышления и гуманистические идеи великого сына казахского народа Абая Кунанбаева, преданного своему народу и общечеловеческим ценностям, лежат в основе духовного развития современного казахского мира. В

данной статье рассматривается анализ языковых единиц, характеризующих бинарные отношения в языке произведений Абая. Последовательность идеологических символов, консолидированная вокруг многослойного концепта, охватывает синонимичные, промежуточные и антиномичные понятия, основанные на общих признаках. Полярные границы каждой последовательности замыкаются противоположными смыслами. Отсюда же вытекает и осознание философами концепта как единства противоречий, в русле дуалистической теории диалектики. В лингвистической науке такие оппозиционные скрепы в ноосферном мире проявляются через бинарные пары в языковой сфере. Языковые единицы, описывающие бинарные отношения в языке, переплетаются с лингвофилософским явлением, связанным с диалектическим законом единства и борьбы противоположностей.

В целом, хотя язык является системной структурой и сложным ноосферным явлением, его внутренняя природа полна противоречий. Поскольку человечество считается частью природы, его язык является как природным микрокомпонентом, так и многогранной категорией, которая раскрывает человеческое существование, отличает людей от других живых существ, определяет человеческое познание и качество и отражает уникальные ментальные характеристики языкового сообщества или этноса. Бинарные отношения в языке Абая включают такие оппозиции, как «жизнь – смерть», «душа – тело», «бытие – небытие», «добро – зло», «мудрость – невежество», «верность – неверие», «отец – ребенок» и т. д. Этнокультурное содержание лексем, описывающих эти бинарные отношения в языке Абая, проливает свет на сложную систему мышления и мировоззрения великого мыслителя.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, казахский язык, бинарные отношения, коннекторы оппозиций, лингвофилософия.

Автор туралы мәлімет:

Ескеева М.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>

Information about author:

Yeskeyeva M.K. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>

Сведения об авторе:

Ескеева М.К. – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>

Қазақ тіл білімі / Kazakh Linguistics / Казахское языкознание

ҒТАР 16.21.55

Ғылыми мақала

Дина Алкебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

(E-mail: alkebaeva@mail.ru)**Абай шығармаларындағы «сөз» концептісінің әлеуметтік мәні**

Аңдатпа. Мақалада Абайдың құнды пікірлерінің бірі – «сөз» табиғатының әлеумет өміріндегі ең маңызды, мәнді құбылыс екенін өз шығармаларына арқау етуі қарастырылады. Абай – қазақ халқын жеті түнде адастырмас темірқазығы. Абай өзі өмір сүрген ортасына, халқына сын көзбен қарап, сол кезде белең алған халық арасына кең тараған әлеуметтік мәселелерді рушылдық, мансап қуу мен мал жинау сынды әдеттермен күресуді «сөзі» арқылы жеткізген. Өнер, білім, ғылымға көңіл бөлу адам баласын надандықтан құтқарар жол деп түсінген. Абай өлеңдері мен қара сөздері болашақ ұрпақ пен жалпы адамзатқа айтылған өсиет, ақыл айту мәнінде беріліп отырады. Ол тек лирикалық толғаныспен ішкі көңіл-күйін ақтарып оқырманын өзіне еліктіруді мақсат етпейді, ойын, сөзін ұғынатын әлеуметтік топты негізгі нысанаға алған болатын. Туған халқымен қоса адамзат баласына үлкен ой тастайды. Абайды ғұлама ғалым ретінде тануға болатын ғылыми концептінің бірі сөз, «сөз» ұғымын категория деңгейіне дейін өзіне тән поэтикалық, философиялық астарымен жеткізеді. Абай сөзтану ғылымының негізгі нысаны болып саналатын сөзге үлкен мән берген. Қазіргі уақытта мемлекеттік тіл статусына ие болған қазақ тілі сияқты іргелі тілдің сөзтану жүйесін тану оның практикалық мәні мен мазмұнына тікелей байланысты, сондықтан халық даналығында да Абай сияқты ойшылдар мен сөз зергерлері сөз маңызына арнап даналық ойларын айтып кеткен болатын. Сөзтану ғылымының ғылыми-теориялық мақсат-міндеттерінен басқа да қолданбалы сипаты тұрғысынан алатын орны айрықша күрделі сала болып келеді. Абай сөздің философиялық интеллектуалды мәнінің сипатына, көп функционалды табиғатының қызметіне ерекше мән берген. Абайдың сөз мәніне ерекше көңіл аударып, осы ғылым саласының әлеуметтік әрі эстетикалық сондай-ақ көп функционалды табиғатының қыр-сырын жеткізуге ерекше мән берген. Мақалада Ұлы Абайдың сөз, сөз мәні мен сапасы, әлеуметтік ролі туралы терең тұжырымдары мен ойлары сөзтану ғылымына тікелей қатысты болып келетіндігі талданады.

Түйін сөздер: сөзтану, сөз мәні, сапасы, әлеуметтік ролі, эстетикалық роліDOI: <https://doi.org/10.71078/zp1t7t24>

Түсті: 8.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп Абайды аса жоғары бағалады, сондай –ақ «қазақта Айбайға дейін мұндай ақын болған жоқ» деп айтқан еді (Байтұрсынұлы, 1991: 289). Қазірге дейін қазақта Абайдай ақын туған жоқ деп айтуға да болады. Бүгінгі таңда өзінің көкейкесті күрделілігімен маңызды сөзтану ғылымының негізгі нысаны – сөз. Қазақ халқы сөзге, тілге, оның құдіретіне, мән-мазмұнына аса ерекше мән берген: өздерінің пайымдаулары мен танымдық әрі концептуалдық ой-пікірлерін терең мәнді ой-толғамдарымен,

сөздерімен жеткізіп айтқан. Қазақ халқының сөз даналығында, эпос, ақын-жыраулар тілінде «сөз» мәнін ерекше бағалаған.

Зерттеу әдістемесі

3. Ахметов «Абай туралы сөз» Абай кітабының алғы сөзінде «Абай қоғам өмірі жайында көп толғанып, халық мүддесі үшін, адалдық, адамгершілік, үшін күресуге ұмтылды, қалай күресудің жолын іздеді. Халық мүддесі үшін күресуге бел байлап, елді, жастарды адал еңбек етуге, өнер үйренуге, білім, ғылым жолына түсіруге мақсат бай осы ой-пікірін жалпы жұртқа жария етуге, соладың жүрегіне ұялатуға жарарлық бірден – бір күшті құрал өлең сөз, ақындық өнер деп біледі» – деп жазған екен (Ахметов, 1995: 8).

Абай өзі өмір сүрген дәуірге сөз өнері арқылы үлкен төңкеріс жасады. Өлеңмен жазылған сөздері арқылы қазақтың қоғамдық саяси, әлеуметтік сұранысының негізгі өзекті мәселерін көтерді, сол жолдағы күресі «сөз» арқылы болды. «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» өлеңді де сөздің патшасы десе, бұл туралы «сөздің патшасы» атануын абайтанушы Ғарифолла Есім: «Сөздің патшасы – өлең. Мәселе сөзде. Сөз болған соң өлең бар, патшалығы бар. Сөз деген не? Қандай іс, қарекет болсын, ол сөз арқылы айқындалады. Сондықтан сөз – істің қарекет көрінісі. Екіншіден, сөз идеяға байланысты. Идеяның өзі сөз арқылы анықталмақ. Сөзсіз идея айқындалмайды. Үшіншіден, сөз – ойлаудың нәтижесі әрі оның процесі. Тұжыра айтсақ, қандай сөзде болсын қорытынды бар. Сөзде жаңа ой басталып, алдыңғы ой көмескіленіп тұрады. Сөздің жаңа ой басы дейтініміз сондықтан», – деп себебін түсіндірсе, енді келесі ойын былай сабақтайды: «Өлең – сөздің патшасы» дегенде Абай өлең мен сөздің бір-бірімен байланысын «патша» деген ұғыммен білдіріп отыр. Патша болу үшін оның қасиеттері жалпы патшалыққа тән болса, сонымен бірге патшалықтың қасиеті патшада болуы шарт. Міне, өлең деген сондай мәнге ие болып, бүкіл сөздің патшасы атанған. Сөз деген патшалық болса, өлең – оның патшасы», – деп түсіндіреді (Есім, 2012: 193-196). Абай осы жағынан алып қарағанда ғұлама ғалым деп тануға болады. Оның ақиқатын ашу үшін Абай өлеңдеріндегі «сөзге қатысты» айтылған сөздері қазіргі сөзтану ғылымының ғылыми концепцияларын толық тану мүмкіндіктеріне ие.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазіргі ХХІ ғасырды ғалымдар «ақпарат ғасыры» немесе «мәдени империализм ғасыры» деп атайды. Г.Г. Малинецкий: «Егер ХІХ ғасырды геосаясат ғасыры деп атауға болатын болса, ХХ ғасыр – геоэкономика ғасыры, онда ХХІ ғасыр геомәдениет ғасыры болмақ», – дейді (Малинецкий, 2010: 3). Неге? Қазіргі уақытта әлем психологтары, басқа да ғылым саласының ғалымдары сөздің құдіретін, жасампаз күшін, сөз энергетикасын жан-жақты зерттей отырып осы сала бойынша ғылыми төңкеріс жасап жатыр. Абай сөздің құдіретін, жасампаз күшін сөз энергетикасын ХІХ ғасырда-ақ өз шығармаларында өлең шумақтары арқылы айтып қойған болатын. Хакім Абай: «Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қысқан соң, Зар шығады тілімнен. Ақылмен ойлап білген сөз. Бойыңа жұқпас, сырғанар. Ынталы жүрек сезген сөз. Бар тамырды қуалар» деген өлең жолдары бар. Сөздің адам денсаулығына керемет ықпалы мен әсерін биологтар, физиологтар мен психоневрологтар дәлелдеп келеді. Генетиктер адам қабылдаған ақпараттың оның толқынды генінде жазылатынын, әрбір сөздің адам әрекетінде көрініс табатын генетикалық бағдарлама құрайтынын, яғни сөздің ДНҚ-ға әсері туралы зерттейді. ДНҚ-дағы молекулалар ақпараттарды электромагниттік толқындар арқылы алмастырып отырады. Бұл туралы генетиктер былай түсіндіреді: «Адам денесінен ДНҚ-ны алып, бақылау жасалатын адамға әртүрлі эмоциялық ақпараттар беріледі. Нәтижесінде адам эмоциялық әсерленуге өте қатты берілген кезде оның денесінен алынған ДНҚ да тап сондай күшті электромагниттік әсерлерге ұшырап отырады. Бір

таңғаларлығы, ДНҚ-ны эксперимент жасалатын адамнан қанша алыстатсақ та әсерлену сол қалпы сақталады». Расында, «өткірдің жүзінен, кестенің бізінен өткір сөз» жүректі жылыта да алады, жаралай да алады. Абай осы сөз құдіретінің адамды толғандыратын ерік-жігеріне құт беретін жасампаз күшін әр өлең жолдарында қоғамдық әлеуметтік санаға төңкеріс жасау мақсатында әр өлең жолдарында айтып отырған. Сөйлеу – тіл арқылы хабарларды (ақпаратты) қалыптастыру, беру және түсінудің психикалық процесі. Қарым-қатынас (хабарларды беру, таным), таңбалау (белгілеу, атау), индикация (нұсқау) және реттеу (байланыс орнату, эмоцияны білдіру, басқа адамға әсер ету) функцияларын орындайтын адамның сөйлеуі бірлескен бөлінген еңбек әрекетінде үйлестіру құралы ретінде пайда болды. Абай әр сөзді жеке психологиялық қуатты құрал ретінде адамның мінез-құлқын реттейтін, психикалық процестерді (сезім, қабылдау, есте сақтау, зейін, ойлау, қиял) өз еркімен басқаруға және басқаруға мүмкіндік беретін, оларды анық сана деңгейіне көтеретін фактор ретінде айтты. Сөз әлеуметтік-психологиялық мағынада сөйлеу мәдени-тарихи тәжірибені иемдену құралы немесе тілдік формаларда жазылған әлеуметтік тәжірибенің қол жеткізу құралы болып табылады. Сөйлеудің әртүрлі аспектілерін психология, лингвистика, нейрофизиология, психолингвистика және басқа ғылымдар зерттейді. Сөз – адамның психологиялық, интеллектуалды, физиологиялық өсуіне ықпал ететін ерекше мықты фактор. Сөз арқасында жеке тұлғаның санасы, көзқарасы, ерік-жігері, мінезі т.б. қасиеттерінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Сөз адамға эстетикалық ләззат береді, жан дүниесіне ықпал етіп, оны толғандырады, шабытқа бөлеп, ерік-жігеріне энергетикалық күш береді. Сөз адамды жасытып, жанын қинайды, сөз – арман-ниетке ұмтылдырады. Сөз зергерлері дүниеде түрлі байлықтың бар екенін таңда десе, тіл байлығын таңдайтынын, мұралардың ең қымбаттысы – сөз екендігін, асыл сөз мәңгі жасайтындығын айтқан еді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Абай өз шығармаларында «сөз» концептік ұғымды жиі пайдаланған. Абай әлеуметтік топқа қаратып айтылған ойларын сөйлеушінің ерік, тілегі, мақсатты ойға құрылған пікірін жеткізсе, тілек қабылдану, сендіру, иландыру, мойындату мақсаттары белгілі әлеуметтік тапсырма қажеттігінен туындайды. Сөз, сөз жанрлары көп жағдайда тілдік тұлғаның дискурс тәртібі және ойлау қабілеті арқылы анықталады. Олай болса, тілдік тұлғаның ақыл-санасында қалыптасқан жанрлық фреймдері болады. Кез келген адам, яғни прагматикалық фактор әлеуметтік лингвистиканың иесі болып саналады. Адамның құзырындағы әлеуметтік-лингвистиканың даму барысында орныққан жанрлық фреймдері оның өзіне тән санасының табиғи құрылымымен ерекшеленеді. Абай өз поэзиясында сөздің осы әлеуметтік – лингвистикалық құзеттілігінің барлық қағидаттарын пайдаланған.

Абай поэзиясы – сөз арқылы тәрбиелеу тәсілі, тілдік ойлау жүйесінің терең мағыналы асыл ойлары арқылы жүзеге асарылған. Сондықтан Абай сөздің әлеуметтік мәні – мәңгілік.

Абай «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде көбінесе ғылым-білімге шақыру қағидасына негізделген деп талданып келеді. «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз. Білгендердің сөзіне, махаббатпен ерсеңіз» деген жолдарда «білгендердің сөзі» арқылы оны шын жүректен қабылдап «сөзге махаббатпен еріңіз» деген ой айтады. Осында адамның сөзі өте күрделі, психо-физиологиялық фактор болғандықтан «терең ой» деген тіркес адамның «ішкі сөзін» «ішкі ойлау» процесін жетілдіруі, оны алдына мақсат етіп қою керек дегенге саяды. Себебі, сөз – адам миының құпиялығы көп күрделі процесінің қызметі деген ғылыми тұжырымға ие. Мына өлең шумақтарындағы «Біздің сөзге ерсеңіз, мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл», – дегенде сөздің сөзге құлақ сал, соны санаға тоқып ал дегенді үйретуге тырысады. Сөз толқытады, тебірентеді, сөз

адамды оятады, құлшындырады, сөз тәрбиелейді. Осы шығармасында «сөз мәнісін білу арқылы, «ақыл – мизан, өлшеу қыл» деген тұжырым айтады. Араб сөзі «мизан – таразы» деген мағынаны білдіреді. Сөз мәнісін, сөз мәнін ақылмен таразыла, оның өлшемін өзін таңда деген ойға салмақ сала отырып, әр сөздің мәнін ақылмен таразыла деген ұғымды тұжырымдайды.

«Жақыныңның сөзі тәтті деп, жақыным айтты дей көрме. Надандықпен кім айтса, ондай түпсіз сөзге ерме» – деген өлең жолдарында сөздің мәнін түсінуге терең мағыналы ойлар айтады. «Сөзге қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма», – деп әркімнің сөзіне ере бермей, сөзі мәнді болса, сонда ғана адамды тануға болатынына тәрбиелейді. Сөздің прагматикасында «шын сөз, өтірік сөз», «ақиқат және жалған» аралығында теңесіп жатады. Абай адамның сөзінің бәрі шын, өтірікке құралатынына да мән береді. Сондықтан, шын сөз қайсы біле алмай, әр нәрседен құр қалма дегені, айтушының сөзінің жалған мен ақиқатқа құралатынан, ақиқат сөздің мәнін тануға шақырады. Адам бойында шын сөзін, тура сөзін айта алмайтын адамдарды «өнерсіздің қылығы, тура сөзін айта алмайтындардың» бар екенін, олардың өмір жолын таба алмайтын да ашық айтып береді. Бұл пікірдің анықтығын 19 қара сөзінде дәлелдеп береді: Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады. Абай өзін «қазақта қара сөзге дес бермедім» деп қара сөз деген тіркесті қолдана отырып, өзінің шешен, ділмәр сөздің майын тамызатын көсем сөз иесі екенін білдіреді.

Абай поэзиясы – қазақ ұлттық әдеби тілінің негізін салушы, ғасырларға созылған дәуірдің тілдік талғамын қалыптастырушы. Белгілі ғалым В.Г. Костомаров қоғам өміріндегі тарихи, өзгерісті кезеңдерге байланысты әр дәуірдің өз тілдік талғамы болады дейді. Зерттеуші талғам категориясының әр дәуірде әртүрлі мазмұнмен толықатынын айтады: дұрыс және бұрыс талғам, уақыт немесе ғасыр талғамы, халықтық талғам, т.б. (Костомаров, 1994: 72).

Абай поэзиясы – қазақ ұлттық әдеби тілінің негізін қалап, дәуірлік талғамын терең мән мен мазмұнға құраған, сол арқылы қазақ сөзінің ғасырлық талғамын қалыптастырған тұлға. 1950-жылдарда І. Кеңесбаев арнайы мақала жазып, Абай – қазақтың жаңа әдеби тілінің негізін қалаушы деген байлам ұсынды. Мұндағы жаңа деген анықтауышты телу мәнін зерттеуші былайша дәлелдейді. Абайға дейін де әдеби тіл болды, оның өзі екі түрлі сипатта болды: бірі – Орта Азияның түркі тілдес халықтарына ортақ әдеби тіл, екіншісі – қазақтың ауыз әдебиеті мен жеке қаламгерлерінің (Махамбет, Ыбырай, т.б.) тілі болды. Абай ие болған тілдік мұра – қазақтың ауыз әдебиеті мен ауызекі сөйлеу тілі болды. Бірақ Абай шағатаизм, татаризмдерімен шұбарланып келген бұрынғы орта азиялық әдеби дәстүрді де, көне ауыз әдебиеті тілінің дәстүрін де місе тұтпай, әдеби тілдің жаңа этапын бастады – дейді (Кенесбаев, 1955: 12). Ғалым бұл пікірін қазақ әдеби тілінің әр кезеңдегі дамуы туралы жазғандарының барлығында бекіте, айқындай түседі.

1960-жылдардың аяқ шенінде Абай тілінің сөздігін жасауға басшылық еткен А. Ысқақов та Абай – қазақтың жазба әдеби тілінің іргетасын қалаушы деген қағиданы қостай отырып: «Абай қазақ даласында осындай әр алуан тілдер, әртүрлі өрнектер мен стильдер, әр қилы бағыттар мен көзқарастар бір-біріне «қара көрсетісіп», аралас-құралас жарыса, жанаса өмір сүрісіп, ел ішіндегі рухани тұрмыс пен тіршілікке олардың

әрқайсысы өзінше әр қадарлы дақ түсіріп жатқан шақта тарих сахнасына шықты да, өзінің бағыты да жаңа, мазмұны да жаңа, тілі де жаңа шығармаларын жазды» – деп, Абай тұсындағы қазақ тілінің жай-күйін білдіріп өтеді (Кенесбаев, 1955: 7). М. Балақаев: «Тілдік талғамы нашар адамның тіл мәдениеті де төмен болады, тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу», – дейді (Ысқақов, 1985: 45).

Сөз мәдениетінің сапалық қасиеттері – ұлттық тілдің тазалығы, анықтығы, көркемдігі, дұрыстығы, байлығы т.б. Осы жерде Абайдың өзіне дейінгі немесе өзімен тұстас қазақ ақындарының тілі жөніндегі көзқарасын білдіреді деген бір ауыз өлеңі жайындағы талас пікірлерді көрсете кету өте қажет. Ол – Абайдың: Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау, Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау. Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса, Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау! – Абай Құнанбайұлының көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абай Құнанбайұлының өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Абайды ғұлама ғалым ретінде тануға болатын ғылыми концептінің бірі сөз, «сөз» ұғымын категория деңгейіне дейін өзіне тән поэтикалық, философиялық астарымен жеткізеді. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды (Өлкебаева, 2011: 45). Абай Құнанбайұлының қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Сөйлеудің қоғамдағы рөлін зерттейтін зерттеушілер екі функцияны ажыратады: интеллектуалдық және коммуникативті. Коммуникативті сөйлеу – ақпарат алмасу немесе әрекетті ынталандыру үшін адамдар арасындағы қарым-қатынас сипаты. Тыңдаушыда дұрыс эмоция болуы үшін хабарға дұрыс мағына беру керек. Зияткерлік сөйлеу – сөз арқылы ойды білдіру, қалыптастыру құралы. Абай сөзтану ғылымының негізгі нысаны болып саналатын сөзге үлкен мән берген. Қазіргі уақытта қазақ тілі сияқты іргелі тілдің сөзтану жүйесін тану оның практикалық мәні мен мазмұнына тікелей байланысты, сондықтан халық даналығында Абай сияқты ойшылдар мен сөз зергерлері сөз маңызына арнап даналық ойларын айтып кеткен болатын. Сөзтану ғылымының ғылыми-теориялық мақсат-міндеттерінен басқа оның практикалық, қолданбалы сипаты тұрғысынан алатын орны айрықша күрделі сала болып келеді. Абайдың алғашқы жазылған өлеңдерінен-ақ сөздің философиялық интеллектуалды мәнінің сипатына, көп функционалды табиғатының қызметіне осы саланың ғылым-білім нысанына айналатынын анық аңғарған. Кез келген ақынды түсіну үшін оны қоғамдық ой-пікірімен бірге біртұтас әлем ретінде тану керек, оның айтқан ой-толғаныстарының ұлттық сананы оятатын, соған қозғау салып, түрткі болатын батыл пікірлерінің астарлы ақиқатына жетуге талпыныс жасау болып саналады. Абайдың сөз мәніне ерекше көңіл аударып, осы ғылым саласының әлеуметтік әрі эстетикалық сондай-ақ көп функционалды табиғатының қыр-сырын жеткізуге ерекше мән берген. Абайдың құнды пікірлерінің бірі – «сөз» табиғатының әлеумет өміріндегі ең маңызды, мәнді құбылыс екенін өз шығармаларына арқау етуі. Абай сөз табиғатының әлеуметтік маңызын айрықша назарға алғаны белгілі. Айта кететін нәрсе, Абай мұрасы, тілі, философиялық көзқарастары әдебиетші және тілші ғалымдар тұрғысынан аз зерттелінген жоқ. Бірақ ұлы Абайдың сөз, сөз мәні мен сапасы, әлеуметтік ролі туралы терең тұжырымдары мен ойлары сөзтану ғылымына тікелей қатысты болып келеді. Абай бірінші қара сөзінде былай дейді: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». Он

тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды», – дейді (Құнанбайұлы, 2003: 85).

Абай өз сөзінің әлеуметтік топқа арналғанын мына өлеңдерінен толық бағдарлауға болады. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың. Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын. Ақылдылар арланып ұялған соң, Ойланып түзеле ме деп айтқанмын. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін. Көздің жасы, жүректің қаныменен. Ерітуге болмайды ішкі мұзын. Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін» деген өлең шумақтарында сөздің әлеуметтік рөлін бағалап, «ішкі сөз» қызметіне де терең мән беруді талап етеді (Абай, 1995: 28). Абай сөздің мәні мен маңызын «сөзді адамды түзеуші» деп таниды. Жұртына, еліне «шалқақтамай сөзге түсін» десе, енді бірде «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін» деп сөздің негізгі мәні мен мағыналық, ақпараттық, интеллектуалды, философиялық қасиеттерін адам баласына түсіндіреді.

Сөзтану ғылымында ішкі сөз деген ұғым бар яғни сөзтану ғылымының негізгі ғылыми концепцияларына жатады. Абай өлеңнің ішкі ырғақтық жүйесін сақтау үшін «сөздің ішін» деп алады, бірақ сөздің ішкі мағынасын қабылдаушыға жететін сөздің мәні мен мағынасын айтып отыр. «Өлсе өлер табиғат адам өлмес» деген өлеңінде «Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сия ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» деген жолдаржа сөзбен ақыл айтып, тұлға болып елін, жұртын биік мақсаттрға ұмтылдыратын тұлғалар туралы да айтады.

Сөз сапасы да туралы тамаша толғамдары бар. Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың. Сайра да зарла, қызыл тіл, Қара көңілім оянсын. Жыласын, көзден жас ақсын, Омырауым боялсын. Қара басқан, қаңғыған, Хас надан нені ұға алсын? Көкірегінде оты бар, Құлағын ойлы ер салсын. Тыңдамаса еш адам, Өз жүрегім толғансын. Әр сөзіне қарасын, Іштегі дертім қозғалсын. Өуелесін, қалқысын, От-жалын боп шалқысын. Жылай-жырлай өлгенде, Артағыға сөз қалсын – деген өлең жолдарында сөздің сапасы, мәні мен мазмұнын түсіну мәселелерін негіздейді.

Сөз – психологиялық құбылыс. Абайдың тән сипаты, жан құмарлығы, ақыл мен сезім қасиеттері туралы әлеуметтік-этикалық ойлары, философиялық көзқарастары өте терең әрі мағыналы. Мысалы, Абайдың өз заманының адамдары туралы: «көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоғынан азады».

Мысалы, Абайдың сөз мәні туралы: «Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ, ондай жерде сөз айтып болма мазақ» дегендегі «сөз танырлық» дегені сөзтану ғылымымен синонимдес екені айтпаса да түсінікті. Абай әлеуметтік аласапыранды, арқыраған азулы билік пен жуас, момын күйлі өмірдің әуре сарсаңға толы күндерін бастан кешірді. Өз халқымен сырласты, өз поэзиясы еліне қаратып айтқан «сөзі» болды, оған «сөз айттым Өзірет Әлі, айдаһарсыз» деп ойын ашық айтуы толық дәлел бола алады.

Тіл – жалпы, дерексіз болып келеді, бірақ оған қарама-қарсы құбылыс ретінде сөз – деректі, мәнді, сондықтан оның шынайылығы да осында. Абай өз заманында сөздің рухани мәнін, сапасын, эстетикалық көркемдігін, әлеуметтік қуатын жете түсініп, әр уақытта сөзді негізгі нысан етіп ұстаған. Сондықтан бірде «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» десе, бірде сөздің әлеуметтік мәнін «қуатты, күшті, нұрлы сөз, қуатын білген абайлар... Жалын мен оттан жаралған сөз ұғатын қайсың бар» дейді.

Сөздің эстетикалық көркемдігін, сұлулық сыры арқылы өрілген мәнін былай өрнектейді: «Қуатты ойдан бас құрап еркеленіп шығар сөз» немесе «сөз сарасы», «сөз

жақсысы», «сөзі тәтті», «жақсы сөз» деген сөз тіркестерімен стилистикалық бағалау категориясы арқылы сөздің қасиеттерін, мәнін, әлеуметтік базасын дәл көрсете білген.

Сөздің сөйлеу «әрекетіндегі» сапасы мен мәнді сипатын Абай былай жеткізген: «буынсыз тілің, Буулы сөзің әсерлі адам уғлына, Иісінің сөзің, Ұққыш-ақ өзің, Қисығын түзеп туғырға». Сөздің айтушы мен тыңдаушы арасындағы байланысын нақты көрсетеді. Сөздің «ақылға қонымды» өрнегін Абай: «Адамзатқа не керек: Сүйемек, сезбек, кейімек, Харакет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек» деп сөз сөйлеудің өте күрделі құбылыс екенін әлеуметке ой сала дәйектейді.

Қорытынды

Сөздің әлеуметтік рөліне Абай ерекше мән беріп, «ақылмен ойлап сөйлемек» деген жолдарды «орынды сөз» мәнін көздегені айқын аңғарылады.

Концептуалдық жүйеге негізделген адамның сөзіне Абай баса назар аударған. Мысалы: «Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар, Абайлар әрбір сөзді өз халынша» деп сөздің мәнін ұғатын әлеуметтік топты басты назарға алады. Кейде сөз мәнінің тереңіне бойламайтын тыңдаушысының бар екенін де жоққа шығармайды. «Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық, үзіліп үмітпенен бос қуардық, Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп жүрмесін деп, азғана сөз шығардық» дегені тыңдаушы кім, оның ішкі әлемі сөз мәнін түсіне ала ма, жоқ па деген сұрақты өзіне де, өзгеге де көп қояды. Абай сөзді әлеуметтік тұрғыдан жоғары бағалаған. Мысалы: «Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық, Кім көңілді көретін, болады ермек» деп сөздің сапалық қасиетіне жалпы әлеуметтің, тыңдаушысының назар аударуын талап етеді.

Абай отаншылдық, азаттық, елдік күресті қолдарына қару алмай-ақ, терең де мәнді сөзімен, ой-пікірлерімен, ғылыми-философиялық тұжырымдарымен ұлттық санаға әсер ету арқылы күресе білді.

Әдебиеттер тізімі

- Ахметов, З. (1995). *Абайдың ақындық әлемі*. Алматы: Ана тілі.
- Әлкебаева, Д. (2011). *Сөз мәдениеті*. Алматы: Ценные бумаги.
- Байтұрсынұлы, А. (1991). *Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу* / Құр. Р. Нұрғалиев. Алматы: Жалын.
- Есім, Ғ. (2012). *Хакім Абай*. Астана: Фолиант.
- Кенесбаев, С. (1955). Абай осноположник казахского литературного языка. *Советский Казахстан*, (9), 155.
- Костомаров, В.Г. (1994) *Языковой вкус эпохи: из наблюдений над речевой практикой масс-медиа*. Москва.
- Құнанбайұлы, А. (1995). *Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.1*. Алматы: Жазушы.
- Құнанбайұлы, А. (2003). *Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Қара сөздер*. Алматы: Мектеп.
- Малинецкий, Г.Г. и др. (2010). *Когнитивный вызов и информационные технологии* <http://library.keldysh.ru/preprint.asp?id=2010-46>.
- Ысқақов, А. (1985). *Абай. Энциклопедия*. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, Атамұра.

References

- Abai (Ibragim Qunanbaiuly). (1995). *Two-volume collection of works. Vol. 1* Almaty: Zhazushy. [in Kazakh]
- Akhmetov, Z. (1995). *The poetic world of Abai*. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]

- Alkebaeva, D. (2011). *Culture of Speech*. Almaty: Tsenniye bumagi. [in Kazakh]
- Baitursynuly, A. (1991). *Ak zhol. Poems, translations, publicistic articles and literary research* (Compiled by R. Nurgaliev). Almaty: Zhalyyn. [in Kazakh]
- Kenesbaev, S. (1955). Abai the founder of the Kazakh literary language. *Soviet Kazakhstan*, (9), 155. [in Russian]
- Kostomarov, V.G. (1994). *The linguistic taste of the era: Observations on the speech practices of mass media*. Moscow. [in Russian]
- Malinetsky, G.G., et al. (2010). *Cognitive challenge and information technologies* [in Russian]. <http://library.keldysh.ru/preprint.asp?id=2010-46>
- Qunanbaiuly, A. (2003). *Poems. Epics. Translations. Words of edification*. Almaty: Mektep. [in Kazakh].
- Yesim, G. (2012). *Hakim Abai*. Astana: Foliant. [in Kazakh]
- Ysqaqov, A. (1985). *Abai. Encyclopedia*. Almaty: Main editorial office of "Kazakh Encyclopedia, Atamura. [in Kazakh]

Dina Alkebaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: alkebaeva@mail.ru)

Social Significance of the Concept of «Soz» in Abay's Work

Abstract. This article explores one of Abai's most valuable opinion – his deep emphasis on the nature of the *soz* (speech) as a central and meaningful phenomenon in social life. Abai is regarded as the guiding star of the Kazakh people, a moral compass that never fails. He critically observed the society he lived in and used his *soz* (speech) to challenge the prevalent social issues of his time, such as tribalism, pursuit of status, and materialism. Abai believed that art, knowledge, and science were the key paths to liberate humanity from ignorance. His poems and prose are presented as guidance and moral teachings not only for future generations but for all of humanity. Abai's intention was not merely to reveal his inner emotional state through lyrical expression, but to address a socially conscious audience capable of grasping the meaning of his words. His work inspires reflection not only among his own people but across all of humankind. One of the scientific concepts that allows us to recognize Abai as a profound scholar is his treatment of the notion of the *soz* (speech). He elevated the concept *soz* (speech) to the level of a category imbued with poetic and philosophical depth.

Abai paid great attention to the word, which is the main object of *soztanu* (speech science). The recognition of the word science system of such a fundamental language as the Kazakh, which currently has the status of the state language, directly depends on its practical meaning and content, therefore, in folk wisdom, such thinkers and word jewelers of as Abai expressed their wise thoughts on the importance of the word.

In addition to the scientific and theoretical goals and objectives, word science occupies a particularly difficult area in terms of its applied nature. Abai paid special attention to the nature of the philosophical intellectual essence of the word, the function of the multifunctional nature. Abai paid special attention to the essence of the word and paid special attention to the presentation of the social and aesthetic, as well as the multifunctional nature of this branch of science. The article analyzes that the deep conclusions and thoughts of the Great Abai about the word, the meaning and quality of the word, the social role are directly related to the science of word.

Keywords: *sóztanu* (science of the speech), word meaning, quality, social role, aesthetic role.

Дина Алкебаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: alkebaeva@mail.ru)

Социальное значение понятия «соз» в творчестве Абая

Аннотация. В этой статье рассматривается одно из самых ценных мнений Абая – его глубокий акцент на природе «соз» (речь) как центрального и значимого явления в общественной жизни. Абай считается путеводной звездой казахского народа, моральным компасом, который никогда не подводит. Он критически наблюдал за обществом, в котором жил, и использовал свое «соз» (речь), чтобы бросить вызов распространенным социальным проблемам своего времени, таким как племенной строй, стремление к статусу и материализм. Абай считал, что искусство, знания и наука являются ключевыми путями к освобождению человечества от невежества. Его стихи и проза представлены как руководство и моральные учения не только для будущих поколений, но и для всего человечества. Намерение Абая состояло не только в том, чтобы раскрыть свое внутреннее эмоциональное состояние через лирическое выражение, но и обратиться к социально сознательной аудитории, способной понять смысл его слов. Его творчество вдохновляет на размышления не только среди его собственного народа, но и во всем человечестве. Одним из научных понятий, позволяющих признать Абая глубоким ученым, является его трактовка понятия «соз» (речь). Он возвел понятие «соз» (речь) в ранг категории, наполненной поэтической и философской глубиной.

Абай уделял большое внимание слову, которое является главным объектом *созтану* (слововедения). Признание системы слововедения такого фундаментального языка, как казахский, имеющего в настоящее время статус государственного, напрямую зависит от его практического значения и содержания, поэтому в народной мудрости такие мыслители и ювелиры слова, как Абай, высказали свои мудрые мысли о значении слова.

Помимо научно-теоретических целей и задач, наука о слове занимает особенно сложную область с точки зрения ее прикладного характера. Абай уделял особое внимание природе философской интеллектуальной сущности слова, функции многофункциональной природы. Абай уделял особое внимание сущности слова и уделял особое внимание представлению социальной и эстетической, а также многофункциональной природы этой отрасли науки. В статье анализируется, что глубокие выводы и мысли Великого Абая о слове, значении и качестве слова, социальной роли напрямую связаны с наукой о слове.

Ключевые слова: речеведение, значение слова, качество, социальная роль, эстетическая роль.

Автор туралы мәлімет:

Алкебаева Д.А. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>.

Information about authors:

Alkebayeva D.A. – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>.

Сведения об авторах:

Алкебаева Д.А. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>.

ҒТАР 16.21.33

Ғылыми мақала

Эльмира Оразалиева

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясы, Астана қ., Қазақстан
(E-mail: orazaliyeva.elmira01@gmail.com)

Абай әлемі – тектілік пәлсапасының бастауы

Аңдатпа. Тектілік табиғатын зерделеу, оның халық пәлсапасына, ұғымдық кеңістігіне бойлау – бүгінгі елтанымдық ұстанымдар өрісінің еңселісі. Қазақ халқының «тек» сөзіне үлкен мағына беруі – өмір дәлелдеген ақиқат, заман қашаған шындық. Бүгінгі «генетика», «генофонд», «генетикалық код», «генетикалық ақпарат» сөздерінің ғылыми-танымдық дәйектемесі «тектілік» ұғымынан гөрі «шығу тегі», «қандық құрамы», «адамның физио-анатомиялық ерекшелігі», «гендер жиынтығы» сияқты мағыналардың тоғысынан бастау алса, «тек» сөзінің өзіне ғана тән семантикалық ой өрісі қазақ танымымен біте қайнасып, ұлттық ділі мен құндылықтарының қайталанбас шоқтығын құрайды. Қазақ үшін тек – саналы ұрпағының бастауы, өмірлік пәлсапасының арқауы, тамырлы сабақтастықтың ажырамас бірлігі. Осындай киелі бастаудан нәр ала қалыптасқан Абай шығармаларын талдау, ақынның өсу жолын зерделеу, ұлы сөз зергерінің танымдық өрісімен сабақтастықты анықтау тектілік пәлсапасының «адамтану» әлемінің құпиясымен астарласу, ішкі құндылықтарымен тоғыса өмірлік бағдарын анықтау мүмкіндіктерін өзектеуге жетелейді. Тегі мен тәрбиесі, өскен ортасы мен бойына жинаған өнегесі Абай шығармаларының өмірлік тәжірибесін таным көкжиегімен сабақтай отырып, саналы қағидаттар тізбегін саралағаны ақиқат. Бергісі Құнанбай, арғысы Өскенбай, Ырғызбай, Айдос Олжайұлы сияқты бабалар рухымен өсіп өнген Абайдың тектілігі айтулы билер мұратымен, аға сұлтан қайратымен қашалды. «... ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата-ананың қызынан ғапыл қалма!»-деп ақынның өзі жырлағандай, мақала аталар жолымен, бабалар мұратымен адам бойында қаланатын қасиеттер арқылы өмірлік ұстанымдар мен құндылықтар пәлсапасы өзектелетінін талдауға бағытталған.

Түйін сөздер: тек, пәлсапа, құндылық, бабалар мұраты, өмірлік ұстанымдар, таным

DOI: <https://doi.org/10.71078/vv4arh89>

Түсті: 11.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Тектілік табиғатын зерделеу, оның халық пәлсапасына, ұғымдық кеңістігіне бойлау – бүгінгі елтанымдық ұстанымдар өрісінің еңселісі. «Тектен нәр алған тозбайды», «шұғаның қиқымы да шұға», «тұлпардың тұяғы», «сұңқардың қияғы», «түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген тұжырымды ойлардың иесі атанған қазақ халқының «тек» сөзіне үлкен мағына беруі өмір дәлелдеген ақиқат, заман қашаған шындық деп танылуы да сондықтан болар. «Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі», «Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді» (Нысанбаев, 1998) деген анықтамалардың төркіні де қазақ үшін бұл ұғымның қасиетін тереңнен өрбітуге мүмкіндік береді. Өзге тілдерде орын алатын «происхождение, родословная»

(орыс тілінде), «noble/ a noble person/ nobility» (ағылшын тілінде) (Atilla, 2019) сияқты мағыналас бірліктерге талдау жасай отырып, қазақи танымдағы мазмұнның тереңдігіне, философиялық астарына еріксіз таңғалу – заңды құбылыс. Бүгінгі «генетика», «генофонд», «генетикалық код», «генетикалық ақпарат» сөздерінің ғылыми-танымдық дәйектемесі «тектілік» ұғымынан гөрі «шығу тегі», «қандық құрамы», «адамның физио-анатомиялық ерекшелігі», «гендер жиынтығы» сияқты мағыналардың тоғысынан бастау алса, «тек» сөзінің өзіне ғана тән семантикалық ой өрісін сақтайтын баламалы ұғымды өзге тілдерде анықтау – мүмкіндігі шектеулі мәселелердің бірі. «Тектілік» қазақ танымымен біте қайнасып, ұлттық ділі мен құндылықтарының қайталанбас шоқтығын құрайды. Қазақ үшін «тек» – саналы ұрпағының бастауы, өмірлік пәлсапасының арқауы, бабалар рухымен тамырлас сабақтасудың ажырамас бірлігі.

Тегі мен тәрбиесі, өскен ортасы мен бойына жинаған өнегесі Абай шығармаларының өмірлік тәжірибесін таным көкжиегімен сабақтай отырып, саналы қағидаттар тізбегін саралағаны ақиқат. «Қазақ халқының ұлттық жадында, рухани-мәдени даму тарихында «тектілік» ұғымы адам болмысына тән асыл қасиеттердің жиынтығын білдіретін құндылық ретінде, рухани категория ретінде қалыптасқан. Қазақ қоғамы үшін адам болмысын тану, адамның қоғамдағы мәртебесі «тектілік» пен «тексіздік» оппозициялық қатынасының негізінде жүзеге асты» (Өтеген, 2019: 7), – деп атап көрсетілгендей, бергісі Құнанбай, арғысы Өскенбай, Ырғызбай, Айдос Олжайұлы сияқты бабалар рухымен өсіп өнген Абайдың тектілігі айтулы билер мұратымен, аға сұлтан қайратымен қашалды. Қанмен келген тектілік білікті әке тәрбиесінің даралығымен ұштасып, Абайдың 13 жасынан әкімшілік-билік жұмыстарына араласуын, би-болыс тіршілігі арқылы қазақ даласының жағдайымен біте қайнасуын, патша саясатын тереңнен түсінуін айғақтады. Әжесі Зере мен анасы Ұлжан бойына өзгеше даналықпен сіңірген тереңдік те, ертегі-дастандар, қиссалар пәлсапасы қалыптастырған адамдық ұстанымдар да, Ғабитхан молдадан ашқан сауаты да, Абайдың Семейдегі Ахмет Риза медресесінде алған тәлім-тәрбиесі де, араб-парсы тілдерін меңгере отырып, шығыс ақындарының туындыларына бойлауы да, кейінірек «Приходская школа» арқылы игерген орыстілді мүмкіндіктері де – барлығы бала Абайдың дана Абай болып сомдалуын дәйектеді. Тектілік құпиясын да, ұлы ақынның өзгеге ұқсамайтын соқпағын да осы бір ішкі дүние реттілігі мен өмірлік сабақтар тізбегі анықтағаны даусыз.

Зерттеу әдістемесі

Мақала кешенді талдау ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, тарихи экскурстарға негізделген синхронды-диахронды зерттеу әдістерінің қажеттілігін дәйектейді. Биографиялық немесе өмірбаяндық зерттеу мен контен-талдау шарттары негізінде Абай әлемінің пәлсапалық бастауын концептуалды және контекстуалды талдау арқылы тектілік қағидаттарымен сабақтастыру мүмкіндігі жүзеге асады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

«Абай өлеңдерінің негізгі тақырыбы – адам, оның психологиялық күйі, қимыл-әрекеті, ішкі, сыртқы портреті» (Сыздық, 2004: 70), – деп белгілі тілші Р. Сыздық атап көрсеткендей, «толық адам» концепциясына негізделген Абай шығармаларын талдау, ақынның қалыптасу, өсу жолын зерделеу, сол арқылы ұлы сөз зергерінің танымдық өрісімен сабақтасу «адамтану» әлемінің құпиясымен астарласуға, ішкі құндылықтарымен тоғыса өмірлік бағдарын анықтауға жетелейтіні сөзсіз. «Адам факторы» (Қайдар, 2004: 41), «Адамтану» (Қайдар, 1998: 11) сияқты ұғымдарды тілдік зерттеулерге арқау еткен Ә. Қайдардың лингвистикалық тұжырымдамасында антропоцентристік факторлардың тіл арқылы адам табиғатын анықтаудың, оның болмысы туралы кешенді тұжырым жасаудың ғылыми негіздері дәйектелген. Танымал тілші адамды барша танымдық,

психологиялық, қоғамдық, ұлттық мүдделердің тоғысқан орталығы деп қарастыра отырып, деректер мен мағлұматтарды «Адамтанудың» басты құралдарына жатқызды, ал «табиғи реттіліктің» көзі ретінде негізгі үш мәселеге назар аударды. «Ол реттілікті біз барлықтағы барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көре аламыз. Оларды біз шартты түрде «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» деп атауды ұсынамыз...» (Қайдар, 2004: 134) деген пікірдің негізінде ғалым қоршаған орта мен оның құрамды бөліктерін өзара тығыз байланысқан «макротақырыптар» ретінде талдау қажеттігін ескертті, тілді де аталмыш салалардың барлығын қамтитын, сол арқылы әрқайсысының «өзіндік аумағы мен шекара-шегін» қалыптастыратын құбылыс деп тану қажеттігін атап өтті. Осыған орай, аталған үш ұғымның синергиялық бірлігі Абайдың тектілік әлемін танытатын, ой тереңдігін дәйектейтін құбылыстар ретінде мақаланың мазмұндық өлшемін айқындайтын зерттеу мақсатын құрады. Мақала аталар жолымен, бабалар мұратымен адам бойында қаланатын қасиеттер арқылы өмірлік ұстанымдар мен құндылықтар пәлсапасы өзектілігін талдауға бағытталған.

Даналықтың бастауын құраған Абайдың қара сөздері – ақынның өмірден түйген сабақтарын жинақтаған пәлсапалы ойлар тізбегі. Сөз зергерінің 7-қара сөзінде: *«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демекшік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген»* (Абай, 1995), – деп басталған түйінді тұжырымдары адам баласына ортақ қасиеттерді жіктеген жолдардан тұрады. Мәңгілікке жол тартқан «тән» мен «жан» ұғымдарының тереңдігін Абайдың өзіндік ой саптауынан да, қабылдау тереңдігінен де көруге болады. «... адамның жаны мен тәні – бұлар тығыз байланыста қарастырылатын, бірақ екеуі екі түрлі күрделі ұғымдар. Олар – бірін-бірі толықтыратын, атам атаулына аса қажет, бір-бірінсіз мәнін жоғаотатын мәңгілік ұғымдар... Олардың үйлесімділігі ғана, шын мәнінде, эстетикалық сұлу адамды, сыртқы пішіні ғана емес, ішкі сыры, әлемі де әсем тіршілік иесін дүниеге келтіреді», - деп жазды Қ. Әлқожаев (Әлқожаев, 2007: 85-86).

«Адамның басқа жандылардан өзгешілігі рухани негізде қалыптасқан кісілік қасиетінің болуы. Адамның бойындағы пенделік (биологиялық) қасиеттері оның 40%, ал кісілік қасиеті 60% болмысын құрайды. Әрбір ұлттың тектілік туралы түсінігі сол қоғамның даму ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады» (Жанадилов, 2022: 120) деген тұжырымға сәйкес, «кісілік қасиеттер» тектіліктің көрсеткіші болып табылады (Жанадилов, 2022: 121). Тарихи деректер арқылы келер ұрпаққа жеткен Абай бабаларының қасиет-қабілетінің қай-қайсысы да оның тұлғалық болмысын қалаған рухани діңгегі, парасат өзегі деп танылады. «Тобықты руының атақты биі Өскенбай», «Ісің адал болса, Өскенбайға бар», «өлең-сөзге жүйрік шешен Ырғызбай», «15 жасынан балуан атанған өз ортасының беделді тұлғасы Құнанбай» деген түйінді сипаттамалардың әрқайсысы ақынның тегімен бойына дарыған өзгешелігін түсіну кілті болып табылады. Абайдың:

«Жасаулы деп, малды деп байдан алма,

кедей қызы арзан деп құмарланба.

ары бар, ақылы бар, ұяты бар,

ата-ананың қызынан гапыл қалма!» деген өлең жолдарының мазмұны да ата-ана, ұрпақ мәселелерін өзектеуге құрылған. «Абайдың пайымдауында адамның бойындағы барша ізгіліктің бастауы отбасынан алынады. Ақын үйден сусындайтын нәрлі бастауды,

ата-анадан алынатын тәрбиені өте жоғары бағалаған. Сондықтан да әрқайсысымыздың адалдыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке, сұлулыққа апарар жолымыз ананың сүтінен, әкенің пәрменділігінен деген ойдың желісі Абай өлеңдерінде айқын аңғарылады» (Әлқожаев, 2007: 86).

Нәтижелер мен талқылаулар

А. Байтұрсынұлы: «Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған» (Байтұрсынұлы, 2011), – деп, Абай әлемінің «оқшаулығын» сөзінен ғана емес, сол ойдың өзегінде жатқан адамдық табиғатынан өрбіте түсіндіруді мақсат етті. Ғалымның ақын өскен ортаның ерекшелігін, бала жүрекке әсер еткен әке өнегесін, ата дәстүрін тереңнен сипаттауы да адамды танудың кілті, оның ішкі-сыртқы ғалам тұтастығын айқындауының тетігі деп бағалауға болады. «Ақын тілі» деген ұғымға айрықша ден қойған, оның ішкі мазмұнын барлай зерделеген тілші үшін ақын қаламынан туған өлеңдер әрі ақылдың, әрі қиялдың, әрі көңілдің өзгеше бейнесін сомдады. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады» (Байтұрсынұлы, 2011) деген ғалым талдауына арқау болған адам баласына тән «ой шеберлігі» де, «сыншылдық» та, «білім» де оның сөз саптау қабілетімен өлшенген.

Осы арнада Қ. Жұбановтың 1934 жылы жарық көрген «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласына зейін қойған маңызды. «Абай шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, одан шығып тастап кеткен ақын» (Жұбанов, 1999: 261) деген тұжырымын ғалым тілдік те, әдеби де талдаулармен дәлелдеу мақсатында ақын тіліне, сөз орамдарына әсер етер қоғамдық, психологиялық, халықтық себептерге назар аударды. «Абайдың еншісіне тиген әдебиет қазынасы екі түлік болатын. Бірі – емшек сүтімен қатар, құлағына кіріп, сүйегіне сіңген ананың «әлди-әлди, ақ бөпеми», атаның «сал-сал білек, сал білегі», қойшының әні, қыздың сыңсуы, қаралы қатынның жоқтауынан бастап көркемдік сезімін шарбыдай шырмаған халық әдебиеті. Екіншісі – қажылы ауыл, молдалы ауыл болған Құнанбай ауылына ала-бөтен таныс ескі Орта Азия үлгісі – шағатай әдебиеті. Абай ақын болғанының үстіне ескі мәдениет мұрасын дұрыс пайдалана білген ақын. Абай ескі күншығыстың экзотик өнерінің бірі – шағатай әдебиетімен де жақсы таныс» (Жұбанов, 1999: 255-270) деген талдауда ақын қалыптасуына әсер еткен, оның жадында сақталған халықтық қордың танымдық маңызы мен білім арқылы жинақталған тәжірибелік ілімінің өзгешелігі салыстырыла берілген. Біреуі «емшек сүтімен» сіңген өмірлік құндылықтар қатарын айғақтаса, екіншісі «пайдалана білген» мәдени мұра бірліктерін сұрыптады. Әрқайсысы ақынның сөз саптауына, мазмұн өрнегіне әсер етумен бірге, оның жеке тұлғалық болмысын, психологиялық әлемін сомдауда ерекше маңызға ие болды. Қ. Жұбанов қазақ лингвистикасына тілдік құралдарды саралаудың тың үлгісін ұсынумен қатар, адамтанудың маңызды ұстанымдарының дүниге келіне ықпал етті. Әдеби мәтіндерді құрылымдық тұрғыдан ғана емес, идеялық, мазмұндық әрі пәлсапалық негізде зерделеу нәтижесінде тілші адамзат табиғатын айқындар фактілерді сыртқы орта әсерімен, табиғи физиологиялық өзгешелігімен тығыз байланыста суреттеуді мақсат етті. Олардың бастауын халықтық таным тарихымен сабақтастырды. Зерттеуші әр тілдік материалды елдің салтын, дүниетанымын пайымдап түсіндірудің, танымдық қорды жинақтаудың басты арнасы деп қабылдады. «Абай образды қолдан жасап, жат кейіп қылып шығармайды. Қазақтың өзіне қашаннан таныс, оны келтіргенде бермекші суретінің бояуын қандырып, ашып кететін суреттерден алады» (Жұбанов, 1999: 267) деген ойдың түйіні де ақын жанының

халықтық құндылықтармен, өмірден түйген пәлсапамен астарласып жатқан әлемін танытады.

Адам жан-жақты процестердің сабақтасуын қамтамасыз ететін құбылыс болғандықтан, Ә. Қайдар оны «...бір жағынан, сол табиғаттың өзін танып-білуге санасы қалыптасқан қауым» деп санаса, «екінші жағынан, ол сол саналы қауымның ұйытқысы» да болып табылады деген қорытынды жасады. Тілші қабылдауындағы адам «табиғаттың бір көрінісін» құрайтындықтан, оның бойындағы барша қасиеттер де қоршаған орта ықпалымен қалыптасатын ойлау жүйесінің жемісі ретінде қарастырылады. Осы қатарда Ә. Бөкейхан Абайдың тұлғалық «меніне» әсер еткен мәселелер қатарында сөз зергерінің араб, парсы тілдерін меңгеру қабілеттеріне жүгінген. Алаш қайраткері: «Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен сусындады» (Бөкейхан, 2019) деген тұжырымға келген. «Тектілік пен оның эволюциясы сыры толық ашылмаған ең күрделі мәселелердің бірі және оның құпиясының ғылымда жұмбақ күйінде жатқан қырлары жеткілікті. Тектілік феномені хақында пайымдалған асыл сөздердің астарында терең ой, ғасырлық өмір тәжірибесі, генетикалық ілімге даналық көзқарас жатыр. Бұдан қан арқылы берілетін қасиетті еш нәрсемен алмастыру мүмкін емес екені анықтала түседі. Оған дәстүрлі қазақ қоғамының қойнауында пайда болған ... «тегінде бар тектілік», «тексілік тұқым қуады», «текті жердің тұлпар ұлы», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан», «асылдың қиығы», «тектінің тұяғы», «жақсының көзі», «асылдың сынығы» деген ілкіден келе жатқан нақыл сөздерде дәлел бола алады» (Жақсығалиев, 2013) деген тұжырымның астарына үңіле отырып, автордың «генетикалық ілімге даналық көзқарас» тіркесінен өрбитін маңызды ойлар қатарын «адамтанудың» өзегі деп қарауға болады

«Абай өлеңдері – өміртануға көмектесетін ойдың, парасаттың дәрісі. Бұл кез келген буын өкілінің жанына терең бойлайтын мәңгілік дүниенің үзілмес сабағы» (Оразалин, 2014: 19), – деп Н. Оразалин атап өткендей, Абай даналығы да, даралығы да елдік қағидаттармен біте қайнасқан тұлғалық өрісінен, шынайы өмір келбетін өлеңдеріне арқау еткен шығармашылық кеңістігінен бастау алатындықтан, Қ. Жұбанов ақын шеберлігін адамның тыныс-тіршілігін бейнелейтін ақиқаттан, оқырманға таныс суреттерден іздеді. Ғалымның: «Абай образды қолдан жасап, жат кейіп қылып шығармайды. Қазақтың өзіне қашаннан таныс, оны келтіргенде бермекші суретінің бояуын қандырып, ашып кететін суреттерден алады» (Жұбанов, 1999: 267) деген тұжырымы соған дәлел. Қазақ тіл біліміндегі тілтанымдық антропология ұстанымдарына адамдардың әрекетінен, тану, білу, қоршаған ортамен байланысу ерекшеліктерінен бастау алатын маңызды қағидалар тізбегі, қазіргі лингвистикалық зерттеулердің аясын кеңейтуге мүмкіндік беретін ілімдер жүйесі жатады. Адамның танымдық әлемі шексіз болғанымен, оның негізгі қорытындылары, жадыда сақталар құрылымдары, тәжірибелік қорын жинақтар көзқарастары мен тұжырымдары, ең алдымен, тіл мен ойлаудың үздіксіз байланысынан туындайтыны да ақиқат.

Ғалым Р. Сыздық Абайтанудың маңызды бөлігін көркем сөз өнеріндегі «адам» мәселесінің көтерілу, қамтылу деңгейімен бірлікте талдады. Абай әлемінің өзіндік пәлсапасына қазақтану ілімімен үйлесе бойлаған ғалым тұжырымдары тілдік фактілердің экстралингвистикалық және антропоцентристік белгілерін адам табиғатымен, тілдік амалдардың құдіретімен байланыстырды, аталмыш процесті екі жақты қажеттілікпен уәждеді. Біріншіден, тіл адамның барлық қасиет-қабілетін суреттеп талдауға мүмкіндік беретін құрал деп қабылданса; екіншіден, адам тілдік амалдардың даму, толығу, өзгеру жолдарын танымдық, әлеуметтік, психологиялық, ұлттық-мәдени негізде дәйектейтін факторлардың бірі және бірегейі ретінде зерттеу нысанын айқындады:

«ақын поэзиясында жұмсалған образды тіркестердің мағынасы (тақырыбы) жағынан, яғни лексика-семантикалық тұрғыдан адамды сипаттайтын, адамның ішкі жан дүниесін танытатын, адамның іс-әрекет, қимылын суреттейтін, сол қимыл, іс-әрекеттің орындалу амалын бейнелейтін, өмірді, өлімді, жастықты, кәрілікті астарлап атайтын, табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдер...» (Абай, 1995). Тіл мен адам одағы объективті факторларды субъективті уәждермен сабақтастыруға, сөз атаулының алуан түрлі функционалды-семантикалық, прагматикалық өзгешеліктерін саралап көрсетуге ықпал ететін танымдық байланыстар қатарын құрайтындықтан, тілші адам тақырыбын жырлаған ақындық қолданыстардың, шебер өрілген оралымдардың «жалпыхалықтық және авторлық (абайлық)» (Абай, 1995) негіздерін зерделеді. Нәтижесінде поэзия тілі бейнелі қабылдаудың, астарлы сипаттаудың, образды асқақтатудың көрсеткіші, қоршаған әлем «картинасын» даралап көрсетудің, табиғат пен адам болмысын бір-біріне ұштастыра, ұқсаттыра сабақтастырудың құралы деп қарастырылды.

Қорытынды

«Абай дейтін феноменалды құбылыстың тарихы мен тамыры тым әріде, адамзат баласының қалың қатпарлы қойнауларында жатқанын алты құрлық танып, мойындады. Ғарыштан түскен ғажайып сарын ұлтына, ұлысына, жеріне, еліне бөліп жатпай, адам дейтін Алла жаратқан тіршілік иесінің бәрін ортақ өмірлік сауалдар мен жауаптар айналасына үйірді» (Оразалин, 2014: 23) деген тұжырым төрінде де адамдық фактор, адамдық феномен жатыр, сондықтан ғасырдан ғасырға жол тартқан Абайтанудың негізгі ұстанымдары «тану» мен «танытудың» ұғымдық кеңістігін басшылыққа ала, «мәңгілік қазынаға» айнала зерделеніп, толығып, еселеніп отыр. Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау мен тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Оның антропологиялық тұжырымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі А. Байтұрсынұлының еңбектерінде адам мен оның өзіндікәлемі сана ментанымның барша жетістіктерін айқындайтын маңызды амалдардың бірі деп талданады. «...адамда екі ғалам болады – ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы – ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақлұқтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам болады» (Байтұрсынов, 1989: 225) деу арқылы ғалым адамның ішкі және сыртқы ғаламдық белгілерін тілдік құралдардың қолданылу аясымен байланыстырды. Автордың пайымдауынша, адамның рухани әлемі мен қоршаған дүние негіздері өзара тығыз байланыста дами келе, оның ойлау, сөйлеу, тану, қабылдау әрекеттерін түсіндіруге, қатысымдық болмысын уәждеуге және белгілі бір тақырыптық идеялық мазмұнда өрбітуге жол ашады. Бір-біріне ауыса отырып әрі бір-бірін толықтыра дамитын бұл екі ғалам адамның барлық болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, мақсат-міндетін анықтап қана қоймайды, сонымен қатар, оның «ес және іс әрекеттерін» де, қиял-арманын да жан-жақты талдап көрсетуде, олардың себеп-салдарын дәлелдеуде шартты қажеттілік деп танылады. «Ақын тілі» мен «әншейін тіл» (Байтұрсынов, 1989: 150) өзгешеліктеріне назар аударған А. Байтұрсынұлы «адам санасының» үш негізін барлық тілтанымдық фактілерге арқау ете отырып, тілдің міндетін оның – ақыл, қиял, көңіл – деген маңызды үш арнасынан өрбіте түсіндіреді. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып райлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау» (Байтұрсынов, 1989: 141) деген пайымның астарында бүгінгі танымдық бағыттың мақсат-міндетімен қатар «тектіліктің» де адам табиғатымен сабақтасқан қасиеті өзектелері сөзсіз. Абайдың: «Жүректе қайрат болмаса,

ұйықтаған ойды кім түртпек?

Ақылға сәуле қонбаса,
хайуанша жүріп күнелтпек» (Абай, 1995:49 деген өлең жолдары да сол келелі ойдың, кесімді пікірдің дәлелі болары хақ. Яки:

«Малда да бар жан мен тән,

ақыл, сезім болмаса.

Тіршіліктің несі сән,

тереңге бет қоймаса» (Абай, 1995: 49), – деп жырлаған ақын болмысының тереңдігі де, пәлсапалық пайымының даралығы да адам табиғатын зерделеуге, Алладан сыйға тартылған болмысын таразылауға құрылған. Бұл да тектіліктің, кісіліктің белгісі деп танылары сөзсіз.

Белгілі зерттеуші М. Мырзахметұлы тұжырымдамасынан орын алған «жантану ілімінің» заңдылықтарын адам болмысының сан қилы мүмкіндіктерімен, оның сөз өнерімен, шығармашылық қабілетімен ұштастыру да «Абайтанудың ХХІ ғасыр көгін» анықтайтын бағыты ретінде ақын қолданысындағы сөздердің мағыналық өрісін, мазмұндық кеңістігін бабалар құдыретімен, аталар өнегесімен байланыста зерделеу қажеттігі айқындары сөзсіз. Оған абайтанушының: «Абай қолданысындағы хауас сөзінің үш түрлі мағынасы бар: Біріншісі, хауас арапша түйсік, сезім. Екіншісі, сыртқы бес сезім мағынасында. Үшіншісі, хауас сәлим, яғни ішкі, сыртқы он сезім мағынасында» (Мырзахметов, 2016) деген сөз төркінінің қолданыстағы түсінігі дәлел бола алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында атап өткендей, «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады» (Тоқаев, 2020). Ұлттың жаңаруы мен жаңғыруы аясында Абай ілімінің құдіретін бағалау, Абайтанудың ұрпақ жадына жол табар құндылықтарын жүйелеу, сол арқылы Ұлы дала тұлғаларын адамтану қағидаттарымен үйлестіре сабақтастыру – уақыт пен заман міндеттеген бағдар талаптары. Ғалым М. Мырзахметұлы да Абайтанудың жаңа ғасырлық көкжиктерін адамзаттың рухани әрі моральдық ұстанымдарымен өзектеу арқылы ақын туындыларын талдаудың тың мақсаттарын белгілеп берді: «Абайдың толық адам ілімі мен жантану ілімін ерекше әрі жан-жақты терең зерттеу ісіне тікелей кіру қажеттілігі туып отыр. Ол ілім қазақ жерінің туындысы болу үстіне бүкіл түрік халықтарының келешекте қабылданар моральдық кодексінің іргетасына айналумен бірге күллі әлем халықтарының кемел адам қалыптастыруында толық адам іліміне тең түсер өзіндік ілімі болмауы себепті де, бар күшті осы мәселені шешуге салып, тезірек зерттеу нысанасына қоюға міндеттіміз» (Мырзахметов, 2016).

Әдебиеттер тізімі

Attila, JÓZSA. (2019) The Role of Nobility. *Acta Univ. Sapientiae, European and Regional Studies*, 16 (2019) 123–134. DOI: 10.2478 / auseur-2019-0015

Абай (1995) *Шығармаларының екі томдық толық жинағы*. Алматы: «Жазушы», 2-т.

Әлқожаев, Қ. (2007) *Абай эстетикасы және Ислам*. Алматы: «Ан Арыс».

Байтұрсынов, А. (1989) *Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер*. Алматы: «Жазушы».

Байтұрсынов, А. (2011) *Қазақтың бас ақыны*. [https:// abai.kz / post / 6664](https://abai.kz/post/6664)

Бөкейхан, Ә. (2019) *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. [https:// abai.kz / post / 12396](https://abai.kz/post/12396)

Жақсығалиев, Ж. (2015) *Тектілік феномені (тарихи-этнографиялық пайым)*. [https:// e-history.kz / kz / history-of-kazakhstan / show / 9027](https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9027)

Жанадилов, Ш., Биболова А.С., Ташимбетова О.Ж., Туганбаева А.Т., Бекназарова З.А.

(2022) Тектілік пен тексіздіктің салыстырмалы сипаттары және қалыптасу тетіктері. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, 4 (141). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-14-4-119-126>

Жұбанов, Қ. (1999) *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Алматы. «Ғылым».

Қайдар, Ә. (1998) *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. Алматы: «Ана тілі».

Қайдар, Ә. (2004) Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай Т.

Мырзахметов, М. (2015) *Абайтану – XXI ғасыр көзінде*. <https://abai.kz/post/41056>

Нысанбаев, Ә. (1998) «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, VIII том.

Оразалин, Н. (2016) *Шығармалар жинағы. Т. 10: Тамырлар. Арналар. Тұлғалар*. Алматы: «Ан-Арыс».

Өтеген, Б. (2019) *Тектілік – лингвофилософиялық парадигма*. Алматы: «Қазақ университеті». <https://dokumen.pub/9786010439023.html>

Сыздық, Р. (2004) *Абайдың сөз өрнегі*. Алматы: «Арыс».

Тоқаев, Қ.-Ж. (2020) *Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан*. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy

References

Abai (1995) *Shugarmalarynyng eki tomdyq toluq zhinagy*. Almaty: «Zhazushy», 2-tom. (in Kazakh)

Alqozhaev, Q. (2007) *Abai jestetikasy zhane Islam*. Almaty: «An Arys». (in Kazakh)

Attila, JÓZSA. (2019) The Role of Nobility. *Acta Univ. Sapientiae, European and Regional Studies*, 16 (2019) 123–134. DOI: 10.2478/auseur-2019-0015 (in English)

Bajtursynov, A. (1989) *Shygarmalary. Oleңder, audarmalar, zertteuler*. Almaty: «Zhazushy». (in Kazakh)

Bajtursynov, A. (2011) *Qazaқтыng bas aqunu*. <https://abai.kz/post/6664> (in Kazakh)

Bokejhan, Ә. (2019) *Abai (Ibrahim) Qunanbajuly*. <https://abai.kz/post/12396> (in Kazakh)

Myrzahmetov, M. (2015) *Abaitanu – XXI ғасыр көзінде*. <https://abai.kz/post/41056> (in Kazakh)

Nysanbaev, Ә. (1998) «Қазақстан»: *Ultyq jenciklopedija*. Almaty: «Қазақ jenciklopedijasy» Bas redakciyası, VIII tom. (in Kazakh)

Orazalin, N. (2016) *Shygarmalar zhinagy. T. 10: Tamyrlar. Arnalar. Tulgalar*. Almaty: «An-Arys» baspası, 496 b. (in Kazakh)

Qajdar, Ә. (1998) *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. Almaty: «Ана тілі». (in Kazakh)

Qajdar, Ә. (2004) *Halyq danalygy (қазақ мақал-мәтелдерінің tysindirme sözdigi zhane zertteu)* Almaty: Тоғанай Т. (in Kazakh)

Syzdyq, R. (2004) *Abajdyng soz ornegi*. Almaty: «Arys» baspası. (in Kazakh)

Тоқаев, Қ.-Ж. (2020) *Abai zhane XXI ғасырдағы Қазақстан*. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy> (in Kazakh)

Zhanadilov, Sh., Bibolova, A.S., Tashimbetova, O.Zh., Tuganbaeva, A.T., Beknazarova Z.A. (2022) Tektilik pen teksizdiktiң salystyrmaly sipattary zhane qalyptasu tetikteri. // L.N. Gumilev atyndagy Eurazija Ұлттық universitetiniң HABARShYSY. Pedagogika. Psihologija. Әлеуметтану serijasy. № 4(141)/2022 – DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-14-4-119-126> (in Kazakh)

Zhaqsygaliev, Zh. (2015) *Tektilik fenomeni (tarihi-jetnografijalyq pajym)*. <https://e-history.kz>

kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9027 (in Kazakh)

Zhubanov, K. (1999) *Qazaq tili zhonindegi zertteuler*. Almaty. «Fylym» (in Kazakh)

Ötegen, B. (2019) *Tektilik – lingvofilosofijalyq paradigma*. Almaty: «Qazaq universiteti»
<https://dokumen.pub/9786010439023.html> (in Kazakh)

Elmira Orazaliyeva

*Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan*

(E-mail: orazaliyeva.elmira01@gmail.com)

The World of Abay is the Source of the Philosophy of Nobility

Abstract. One of the priority areas of knowledge of national values is understanding of its nobility and philosophy of life. The recognition by the Kazakh people of such values as the origin of a person, his ancestry is also unambiguous. Today, speaking about genetics, gene pool, genetic code or genetic information, is more inclined to understand its DNA, collection of gender differences, physio-anatomical features, while the semantic component of the word «pedigree» or «nobility» goes much deeper into the world of spiritual values, passed down from generation to generation in an unknown sacred way. In the Kazakh language, the words «tek» / «tektilik» are endowed with exactly this content. For the Kazakh people, «tek» is a source of wise philosophy of life, the heritage of ancestors. In ality find synergy. The poet's lineage incorporates the powerful and strong character of his father Kunanbai, famous among the people for his honesty and straightforwardness, as well as the wisdom of his ancestors Oskanbai, Yrgyzbai, Aidos Olzhauly, each of whom was known among the people as the biy's nobility and justice. Abay's creation is saturated with life values aimed at understanding the inner, spiritual world of man. His sensory perception penetrates so deeply into the reader's consciousness, finding a response and understanding of the eternal and the temporary. The purpose of this article is to analyze Abay's poems through the prism of his inner and outer «I», defining the source of his world as the heritage received from his ancestors and influencing his creative canons.

Keywords: nobility, philosophy, values, heritage of ancestors, life principles, knowledge

Эльмира Оразалиева

*Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан
Астана, Казахстан*

(E-mail: orazaliyeva.elmira01@gmail.com)

Мир Абая – источник философии благородства

Аннотация. Одним из приоритетных направлений познания народных ценностей является понимание его благородства и жизненной философии. Однозначным является и признание казахским народом таких ценностей, как происхождение человека, его родословной. Сегодня, говоря о генетике, генофонде, генетическом коде или генетической информации, наука больше склоняется к пониманию его ДНК, сбора гендерных отличий, физио-анатомических особенностей, тогда как семантическая составляющая слова «родословная» или «благородство» уходит намного глубже в мир духовных ценностей, передаваемых из поколения в поколения неведомым сакральным путем. В казахском языке слова «тек» / «тектилик» наделены именно таким содержанием. Для казахского народа «тек» - источник мудрой жизненной философии, наследия предков. В этой связи и творчество Абая неразделимо с его знатной и благородной родословной,

в которой находят синергию и его принципы, и его способности, и его мир восприятия действительности. Родословная ветвь поэта вбирает в себя властный и сильный нрав отца Кунанбая, прославленного в народе своей честностью и прямоотой, а также мудрость его предков Оскенбая, Ыргызбая, Айдоса Олжайулы, каждый из которых слыл в народе благородностью и справедливостью биев. Творчество Абая насыщено жизненными ценностями, направленными на познание внутреннего, духовного мира человека. Его сенсорное восприятие так глубоко проникает в сознание читателя, находя отклик и понимание вечного и временного. Целью данной статьи является проанализировать творчество Абая через призму его внутреннего и внешнего «я», определяя источником его мира наследие, полученное от предков и повлиявшее на его творческие каноны.

Ключевые слова: благородство, философия, ценности, наследие предков, жизненные принципы, познание

Автор туралы мәлімет:

Оразалиева Э.Н. – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, академиялық қызмет жөніндегі вице-ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор. Астана қ, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3428-1950>

Information about author:

Orazalieva E.N. – Vice-Rector for Academic Affairs, Doctor of Philological Sciences, Professor, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3428-1950>

Сведения об авторе:

Оразалиева Э.Н. – проректор по учебной работе, доктор филологических наук, профессор, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан. Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3428-1950>

Zh. Sarsenbai, A. Akzhigitova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

(E-mail: janat.sarsenbay@yandex.kz)

Issues of Norm and Usage in Kazakh Texts on Social Network

Abstract. The article is devoted to the study of the current topic of modern communication–virtual language personality, and the description of lexical and semantic features of virtual language personality in Internet communication. The issue of dynamic changes in the Kazakh vocabulary introduced through Internet communication has become especially relevant in recent years. The research work began with a review of the research of domestic and foreign scientists, the features and main trends were described. During the review of scientific papers analyzing the discourse of the social network and its text, the fundamental concepts were identified and the necessary conclusions were drawn, which guided us. The purpose of the study is to consider the set of lexical and semantic properties of social network usages.

The article notes that the main feature of communication in Kazakh-speaking social networks is the replacement of a real participant by a participant in virtual communication. We have done analysis of the structure, lexical and grammatical characteristics of Kazakh texts collected from social networks. The features of the texts of the discourse of social networks were described. It is mentioned that texts in social networks are not a source of knowledge, they are news or entertainment information, and accordingly they should have brief but rich information, the information in the text is transmitted not only by writing letters, but also by pictures, audio and video recordings.

Examples from Facebook and WhatsApp networks were given as research materials. The study revealed the use of Facebook language terms in Kazakh texts, an increase in the activity of foreign words, a lexical-syntactic combination of foreign and native words, a combination of words without a lexical combination, etc. As a result, on the basis of the collected materials, grammatical (morphological, syntactic) features of Kazakh texts in the social network were divided into groups and a linguistic analysis was carried out. In modern public consciousness, linguistic research has become relevant, defining the linguistic image of a social network as a means of implementing linguistic communication. In this regard, it is very important to improve the language skills of network users.

Keywords: social network, virtual communication, internet, norm, usage

DOI: <https://doi.org/10.71078/1z6x2j67>

Arrived: 8.06.2025; approved: 15.06.2025; available online: 21.06.2025.

Introduction

One of the relevant problems of sociolinguistics is the norm. This article is intended to introduce these language norms, to show their types, basis, and current status. In order to analyze the interrelation between the concepts of norm / linguistic norm / and usage and the differences between them, linguistic facts showing the objective norm and normalization processes in the modern Kazakh literary language were covered.

The language units of virtual communication are replacing the language units that have become the norm in real communication, and deviant usages are becoming 'normal' for virtual communication. At the same time, as a result of the rapid development of virtual communication in all languages of the world through the Internet and social networks, new concepts, new

names, new words appear over time. This phenomenon also affects the Kazakh language.

Social network communication in the Kazakh-speaking virtual environment and its features can be summarized as follows:

- 1) Participation of an unfamiliar communicator in the process of real communication in the discourse of a social network during virtual communication;
- 2) In the social network discourse, not one functional style is visible, but a mixed style is reflected;
- 3) Non-verbal means of communication and emotionally expressive vocabulary are often used;
- 4) Virtual communication happens freely;
- 5) Messages and information on social networks are provided not only by letters, but also by photos, videos and audio recordings;
- 6) Social network discourse is hybrid in nature, it can be both written and oral;
- 7) The language space of the social network is also negative: changing the norms of the language and culture of speech, rudeness, bad manners, indulgence of emotions and feelings, thereby negatively affecting the moral and spiritual and moral state of the user of the social network;
- 8) The word is formed with the position of saving the language.

The purpose of the study is to scientifically differentiate the language of popular programs on TV channels and social networks in order to improve compliance with literary norms in everyday speech, to identify the scientific features of the norm and usage, to study the main existing shortcomings, the reason for their existence based on specific scientific data.

Materials and methods

The level of communication in social networks is different. It depends on the character traits, culture and past circumstances of the relationship. These levels are given in scientific studies as follows:

1) Level 1 is phatic (from the Latin *fatuus* meaning *foolish*). Exchange of specific lines and phrases to support the conversation. This is most common in forced relationships. In such relationships, people do not receive any knowledge, relationships become automatic, limited, superficial. The level of communication depends on the social level of these interlocutors, according to etiquette and social norms.

2) Level 2 is informative. At this level of communication, the interlocutors receive useful, new, interesting information from their conversations. The information level arises in the context of joint actions. This level is characterized by activity in relationships and showing interest in them.

3) Level 3 is personality. This level is possible if communicators are able to recognize the environment, themselves and the personality of the interlocutor. Therefore, at this level, the creation of a conversational workshop will be associated with spiritual growth. Not every participant reaches this level. Especially in social networks, this is not so noticeable when spreading and developing relationships.

At present, it can be said that a new form of language has appeared in speech activity – written oral speech. Because it is clear that although users of social networks communicate on the Internet in writing, in the written word they use the norms of colloquial speech. It is possible to classify the signs of oral and written speech in social networks. Signs of oral speech: immediate transmission of information, the ability to support online dialogue in real time, saving speech and language resources, spontaneity of the text, non-compliance with spelling rules, the use of network and computer slang, the arrival of ellipsis, inversions, compact structures. Signs of the written word: written registration, direct exchange of words through written symbols, visual perception, the ability to make a long delay in communication, the

possibility of free placement of textual information, the ability to correct the sent message.

This nature or hybrid nature of the social network's discourse language makes it unique. Communication in a social network occurs both in written and oral form, and written use is reflected in oral speech. In this regard, some researchers talk about the negative nature of the language of social networks. This is rudeness of the language of the Internet, the language of social networks, the use of uncultured, inappropriate words, bad manners, personal bad manners, etc. They affect the psychological, moral and spiritual state of a person.

R. Syzdyq (Syzdyq, 2001: 76) and N. Uali (Uali, 2007: 17) are scientists who spoke about norms and usages in Kazakh linguistics. In their works, this is called new usages. Of course, it is not enough to rely on the language system – the language norm in parallel in revealing the basic nature of the language norm. That is why professor R. Syzdyq, having brought together the language system – the language norm – the usage, shows the differences between these categories, which are similar to each other, and based on these features analyzes some phenomena in the literary language norm and reveals the facts.

The social network is not only a place of linguistic communication, but also a system based on linguistic economy, which follows the activity of its own language, characteristic of the Internet. In this system, language preservation serves to reduce the time of social network users without compromising the content of the information, that is, it serves to «provide more information in less time».

Жоғарыда келтірілген мысалдардың бірінші сөйлемінде жіктік жалғауының 1-жақ көпше түрінің қосымшасы, екінші сөйлемде жіктік жалғауының 2-жақ жекеше түрінің қосымшасы түсіріліп берілген. Үшінші және төртінші сөйлемдерде септік жалғаулары түсіріліп берілген. Бұлардан басқа мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл жерде барыс септік жалғаудың түсіп қалып жұмсалыуы табыс септік пен ілік септік жалғауларына қарағанда өте сирек кездеседі және олардан ерекшелігі байқалады.

Кейбір септік жалғауларын түсіріп айту да стильдік мотивпен келеді. XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулардың көркем сөз үлгілерінде табыс, ілік, барыс септіктердің жалғаулары түсірілмейтін тұстарда түсірілген сәттері бар. Мысалы:

Арғымағың(ды) жамандап,

Тұлпар(ды) қайдан табарсың (Асанқайғы).

Мұндай жағдайды өлең жырлардың шартынан туған ерекшеліктер: тармақтағы буын санының өлшеміне қарай бұл жалғаулар қосылып та, түсіріліп те қолданылады.

Тілдің грамматикалық құрылысында болатын құбылыстар заңдылықтарға айналатыны, тіл дамуынан орын алатыны анық. Олардың ерекшеліктерге ие болып, мағынасы да, қолданылу аясы мен мүмкіндігі де күрделенуі заңды.

Тілдің құрылымдық табиғи нормалары негізінен қай кезеңде де тұрақты келеді. Кейбір жағдайда ішінара тілдің құрылымдық заңдары да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Қазан төңкерісіне дейінгі көркем әдебиет стилінде қазіргі әдеби тілімізден ерекше кейбір синтаксистік құрылымдар, жалғаулықтар кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде үшін, туралы шылаулары XX ғасырдың 20-30-жылдарына дейін ілік септіктегі сөзбен меңгеріліп жұмсалған: *менің үшін, оның үшін, соның үшін, баланың турасында < баланың туралы*. Мұндағы үшін шылауы сол дәуірдегі көркем әдебиет тілінде бірінші, үшінші жақтардағы жіктеу, сілтеу есімдіктерге, кейбір бұйрық рай етістікпен де тіркесіп қолданылған (Ерназарова, 119).

Оның үшін құрылымы қазіргі тіліміздегі себеп, салдар мағынасын білдіретін *себебі, өйткені, сондықтан* жалғаулықтарының қызметінде қолданылады. Ал *соның үшін* құрылымы қазіргі тіліміздегі *сол себепті, сондықтан* жалғаулықтарының мағынасында жұмсалады. Қазіргі норма бойынша *мен үшін, сол үшін, бала туралы* деп атау тұлғасындағы сөзбен қабысады. Сондай-ақ үшін шылауы *-у тұлғалы етістікпен* де тіркесіп жұмсалады: *оқу үшін, тыңдау үшін*.

Қазіргі әдебиеттерде ара-тұра үшін шылауының орнына барыс септігінің жалғауы да қатарласып жұмсалады, бірақ екеуінің синтаксистік қызметі бірдей емес: *көру үшін келдім – көруге келдім*.

Мысалы:

1. Қаракесекке кеткен малымды қайтарып *алуға (алу үшін)* қауқарым жетпейді емес (А. Сейдімбеков).
2. Майбасар дәл намаз үшін (*намазға*) онша асыға қоятын тәрізденбеді. (М. Әуезов).
3. – Әрине, бұлар *Отанға керек (Отан үшін керек)*, сол үшін біз осында жүрміз, сол үшін жалақы аламыз (І. Есенберлин).

Қазіргі нормада екеуі де қолданыста бар.

Адам ойын толық жеткізуге мүмкіндік беретін сөйлемнің орны ерекше. Сөйлем – синтаксистің ең күрделі, ең негізгі единицасы бола келіп, адамдардың бір-бірін түсінуге, өзара сөйлесуіне қажетті көпір.

Б.А. Серебренников тілдің фонетикалық және грамматикалық жағынан дұрыс құрылуына назар аударып, мынадай пікір білдіреді: «Сөйлемдерді құру ережелері тілдік құрылымдар мен коммуникативтік үлгілерді құрудың арнайы заңына бағынады. Сөйлеу тілі оның таза механикалық қызметінен шығатын өзіндік ерекшеліктеріне ие болады» (Серебренников, 1980: 62).

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасы орын алатын тұстары байқалады. Мәселен, сөйлем баяндауышпен аяқталмай, өзге тұрлаусыз мүшелермен аяқталып, баяндауыш пен оған тәуелді тұрлаусыз мүшенің орындары ауысып қолданылатын тұстары болады. Мысалы:

1. Ауылнай болып атқа мінген бір кезде (М. Шаханов).
2. Мағашқа жаңағы сөзді үйреткен өзі (М. Әуезов).
3. – Ол кісіні білем мен, бірінші класта оқытқан мені (Ә. Әлімжанов).

Мұндай орын алмастырып қолданылу нормаға жатпайды. Сөйлемдер қазақ тілі синтаксисінің табиғатына үйлес, орын тәртібі сақталып құрылады. Жоғарыдағыдай бұл тәртіптің бұзылу фактілері әдеби тілдің прозалық стилінің синтаксисіне ауызекі сөйлеу нормасының әсері болса, екінші жағынан жазушының жеке стиліне байланысты.

Сөздер бір-бірімен ретсіз тіркесімге енбейді, олар тек мағыналық тұрғыдан жақын, орайлас болғанда ғана тіркеседі. Синтаксистік тіркесімділіктің заңдылығы негізінде бағыныңқы мен басыңқы сыңарларының өз орны, жұмсалы мүмкіншілігі болады.

Көп жағдайда басыңқы сыңар қызметіндегі сөз бағыныңқының белгілі қосымшаларды жалғауын қажет етеді. Мәселен, басыңқы қызметіндегі сабақтас етістік бағыныңқының табыс септігінде ашық немесе жасырын тұрып та, тура объектіні білдіруін қалайды. Мысалы: *Ауруды тексерді, шайды ішті, қымыздан ұрттады*. Бұл мысалдардағы табыс септіктің орнына шығыс септігінің де жұмсалыуы болады. Мұндайда тура объектінің толық емес, оның белгілі бір бөлшегі қозғалысқа (шайды толық емес, жартылай немесе аздап ішкендігін, бір ыдыстағы қымызды түгел емес, аз немесе көп бөлігін ұрттағандығы сезіледі) түскен деп түсінген жөн.

Мұндай реттерде тек табыс септігі емес, шығыс септігінің болжауы арқылы да тура объектіні білдіруге мүмкіндік бары байқалады. Бұл тек екі септікте болатын құбылыс емес. Ол меңгеріле байланысатын сөз тіркестеріне тән.

Тіркесімдегі басыңқы қызметте етістік болғанда, бағыныңқылардың белгілі бір септік жалғауында келетіндігі белгілі. Айталық, қозғалыстың басталар сәтін, шығу орнын білдіргенде, шығыс септігінің (*жұмыстан келді, шөптен жасайды*), мекенді білдіргенде жатыс септігінің (*үйде отыр, университетте жүр*), сондай-ақ қозғалыстың тоқтау шегін, бағытын білдіретін етістік барыс септігінің жалғауларын (*Астанаға кетті, үйге барды*) керек етеді.

Профессор С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» атты еңбегінде тілдік құрылымның жоғары дәрежедегі деңгейлік сипатын былайша көрсетеді: «Тілдің грамматикалық құрылысы тіл деңгейлерінің көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да әрі күрделісі, әрі ауқымды екені даусыз. Өйткені тілдің қоғамдық

құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, атқаратын қызметіндегі сан алуан жүктері, даму барысындағы диалектикалық заңдылықтары – бәрі-бәрі тілдің грамматикалық құрылысынан анық көрінеді» (Исаев, 1992: 3). Ғалымның сөзінен тілдің грамматикалық құрылысының, атқаратын қызметінің күрделі екендігін байқаймыз.

Қорытынды

Синтаксистік нормаларды саналы түрде жетілдіру, тіл мәдениетін арттыру мақсатының қолға алынуы, тіліміздің синтаксистік жүйесінің дамуына жаңа мүмкіндіктер тудырды.

Норманың негізгі қызметін былайша көрсетуге болады:

1. Бірнеше (жарыспа) тұлғалардың ішінен біреуінің қалыптасуына жол ашады;
2. Әр түрлі стильдік тармақтардағы бұрыннан бар және жаңа сөздерді пайдалана отырып, олардың қолданылу аясын кеңейтеді;
3. Тілдің дамуына әсер етіп, жаңа сөз бен тіркестер тудырудың барлық тәсілдерін (сөз мағынасының кеңеюі, қосымша жалғау, тіркесу, бірігу т.б.) пайдаланады;
4. Сөздердің жиілігін анықтауға мүмкіндік береді;
5. Ғылым, техника, оқу ағарту, тұрмысқа т.б. байланысты жаңа атаулардың қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

- Балақаев, М., Сыздықова, Р., Жанпейісов, Е. (1968). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Алматы: Мектеп.
- Болғанбаев, Ә. (1970). *Қазақ тіліндегі синонимдер*. Алматы: Ғылым.
- Ерназарова, З.Ш. (2001). *Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері*: Филол. ғыл. док. дис. Алматы.
- Исаев, С. (1992). *Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар*. Алматы: Ана тілі.
- Пауль, Г. (1960). *Принципы истории языка* / Пер. с нем. Москва: Изд. иностр. лит.
- Сенкевич, М.П. (1976). *Стилистика научной речи и литературное редактирование научных произведений*. Москва: Высшая школа.
- Серебренников, Б.А. (1980). Фонетический и грамматический строй языка и история народа / В кн.: *Проблемы современной тюркологии*. (С. 60-67) Алматы: Наука.
- Смағұлова, Г. Н. (1998). *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері*. Алматы: Ғылым.
- Соссюр, Ф. (1977). *Труды по языкознанию* / Пер. с. франц. Москва: Прогресс.

References

- Balakayev, M., Syzdykova, R., & Zhanpeisov, E. (1968). *History of the Kazakh literary language*. Almaty: Mektep. [in Kazakh]
- Bolganbaev, A. (1970). *Synonyms in the Kazakh language*. Almaty: Gylым. [in Kazakh]
- Ernazarova, Z. Sh. (2001). *Pragmatic foundations of syntactic units in Kazakh spoken language* (Doctoral dissertation in philology). Almaty. [in Kazakh]
- Isaev, S. (1992). *Basic grammatical concepts in modern Kazakh*. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]
- Paul, G. (1960). *Principles of the history of language* (Translated from German). Moscow: Foreign Literature Publishing House. [in Russian]
- Saussure, F. (1977). *Works on linguistics* (Translated from French). Moscow: Progress. [in Russian]

Senkovich, M. P. (1976). *Stylistics of scientific speech and literary editing of scientific works*. Moscow: Vysshaya shkola. [in Russian]

Serebrennikov, B. A. (1980). Phonetic and grammatical structure of the language and the history of the people. In *Problems of modern Turkology* (pp. 60–67). Almaty: Nauka. [in Russian]

Smagulova, G. N. (1998). *National-cultural aspects of synonymous phraseologisms*. Almaty: Gylym. [in Kazakh]

Raya Darmenkulova,¹ Miramgul Sarsembayeva²

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

(E-mail: rainur70@mail.ru)

Problems of Syntactic Norm

Abstract. The article examines the issue of norms in the syntactic system of the Kazakh language. One of the key issues in speech culture is linguistic norms. Norms, representing systematization and order, function as both linguistic and social categories that appear in all forms of language use.

The article analyzes the use of verb phrases in the predicative form from the perspective of linguistic norms and provides their description. The influence of analogy is also discussed when addressing norms in the syntactic system. Some synonymous forms emerge due to the law of analogy. Despite the existence of synonymous variants of each syntactic unit, their usage follows specific norms. Syntactic norms are primarily determined by the combinability and usage features of syntactic units, as well as their grammatical properties and systemic relations. This issue is explored in detail in the article.

Keywords: syntactic norm, structure, linguistic norm, predicate, literary language, fiction.

Рая Дарменкулова,¹ Мирамгуль Сарсембаева²

¹*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

²*Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан*

(E-mail: rainur70@mail.ru)

Проблемы синтаксической нормы

Аннотация. В статье рассматривается вопрос нормы в системе синтаксиса казахского языка. Одной из актуальных проблем культуры речи является норма. Норма, представляющая собой систему и упорядоченность, является языковой и социальной категорией, проявляющейся во всех формах употребления языка.

Рассматривается употребление глагольных словосочетаний в предикативной форме с точки зрения нормы, даётся их характеристика. Также при обсуждении норм в системе синтаксиса затрагивается влияние аналогии. Некоторые синонимичные формы возникают под влиянием закона аналогии.

Несмотря на наличие синонимических вариантов каждой синтаксической единицы, их употребление регулируется нормой. Синтаксическая норма определяется, прежде всего, особенностями сочетаемости и употребления синтаксических единиц, их грамматическими свойствами и системными отношениями. Этот вопрос также широко рассматривается в статье.

Ключевые слова: синтаксическая норма, структура, языковая норма, предикат, литературный язык, художественная литература.

Авторлар туралы мәлімет:

Дәрменқұлова Р. – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4433-3581>

Сарсембаева М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9746-3455>

Information about authors:

Darmenkulova R. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4433-3581>

Sarsembayeva M. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, M.Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9746-3455>

Сведения об авторах:

Дарменкулова Р. – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4433-3581>

Сарсембаева М. – кандидат филологических наук, доцент Таразского университета им М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9746-3455>

ҒТАР 16.21.25

Ғылыми мақала

С.Қ. Асанова, Қ.Т. Мұхамади*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**Алматы қ., Қазақстан**(E-mail: symbat.asanova.00@bk.ru)***Етістік негізді сөз тудырушы тұлғалардың этимологиясы**

Аңдатпа. Бұл мақалада түркі тілдеріндегі *-ар, -ер, -ыр, -ір* есімше тұлғаларының тарихи қалыптасуы, мағыналық және қызметтік ерекшеліктері, сондай-ақ этимологиясы қарастырылады. Түркі тілдеріндегі аталған қосымшалардың қолданысы, фонетикалық өзгерістері мен семантикалық даму үдерісі жан-жақты талданады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл тұлғалар тек шақтық мағына ғана емес, заттың сапалық белгісін де білдірген. Сонымен қатар, есімше тұлғаларының қазіргі түркі тілдеріндегі морфологиялық ерекшеліктері мен олардың сөйлем құрылымындағы орны талданады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, бұл тұлғалардың көне түркі тіліндегі бастапқы мәні мен қазіргі түркі тілдеріндегі беретін мағыналары салыстырылады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, есімше қосымшаларының грамматикалық қызметіне терең талдау жасалады. Сондай-ақ, мақалада қосымшалардың түркі тілдерінің диалектілік ерекшеліктерімен байланысы қарастырылып, олардың даму заңдылықтарына шолу жасалады. Есімше тұлғаларының қолданыс аясы ауызекі сөйлеу тілінде, халық ауыз әдебиетінде және жазба әдебиетте де сараланып көрсетіледі.

Түйін сөздер: есімше тұлғалары, түбір, семантикалық өзгерістер, морфологиялық ерекшеліктер, түркі тілдері, шақтық мағына, диалектілік ерекшелік

DOI: <https://doi.org/10.71078/d5a9re23>

Түсті: 4.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Тілдің семантикалық кеңістігіндегі атау бірліктері тек белгілі бір заттық ұғымды білдіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың лексикалық жүйедегі орны мен салмағының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Сонымен бірге, тілдік бірліктердің даму жолдары мен қызметі де қарастырылады. Күнделікті қолданылатын тұлғалардың тарихи қалыптасу ерекшеліктерін анықтау, ең алдымен, олардың ішкі мағыналық құрылымын зерттеуге алып келеді.

Н.А. Баскаков түркі тілдеріндегі алғашқы тұлғалардың маңызы жайында өз пікірін білдірген. Ол әртүрлі жұрнақтардың бірігуі немесе олардың қызметі негізінде сөйлем құрылатынын атап көрсеткен. Сондай-ақ, тілдік қолданыс пен тарихи қалыптасқан түбірлердің семантикалық өзгерістерге ұшырағанын да айтқан.

Қазақ ғалымдары да бұл мәселеге ерекше назар аударған. Ә. Қайдаров, М. Томанов, Ә. Ибатов сынды зерттеушілер алғашқы түбірлер бастапқыда тек ашық буын болғанын атап өтеді. Қосымшалардың этимологиялық табиғатын ашу үшін, олардың алғашқы қалыптасу кезеңін зерттеп, түбірлік негіздегі жағдайын анықтау қажет. Осы бағытта ғалым Б.Сағындықұлының түбіртек теориясына сүйене отырып, қосымшалардың көне тұлғасын реконструкциялау арқылы олардың бастапқы мағынасын ашуға болады.

Зерттеу әдістемесі

Қазіргі түркі тілінде әлі де қолданыста жүрген көне тұлғалар бар. Соның бірі тілімізде диалектілік сипатқа ие және басқа да туыстас түркі тілдерінде сирек қолданылатын келер шақ есімше тұлғалы *-ар, -ер* қосымшасы. Аталған қосымша қазақ тілінің батыс говорларында *-ұр, -үр* вариантында да кездеседі. *-ұр, -үр* қосымшасы қазіргі таңда белсенді қолданылмаса да кейбір сөздердің құрамында сақталып қалған. Мысалы: *Білгенін айтар болұр, Бүгін бармаса, басқа күн барұр*.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тудырушы тұлғаларды қарастырғанда, олардың кейбірінің етістік негізді екенін байқауға болады. Түркітанымда сөз тудырушы тұлғалардың шығу тегі жайлы пікір алалығы бар. Бұл мәселе 1940 жылы Н.К. Дмитриевтің «Грамматика кумыкского языка» еңбегінде де қозғалған: «Никто и ничего не установил, что отличается с точки зрения функционального отношения аффикса *-дыр* от функции аффикса *-т*, от функции аффикса *-ғыз* и т.д.» (Дмитриев, 1940: 136).

Аталған келер шақ есімшелі тұлғалы *-ар, -ер* қосымшасының қарақалпақ тіліндегі тарихы туралы Н.А. Баскаков былай дейді: «Қазіргі тілде есімшенің келер шағы *-ар, -ер, -р* варианттарының көмегімен жасалады. Ал қысқа дауысты *-ыр, -ур, -ир, -юр* варианттары кейбір қатып қалған формаларға, негізінен күйді білдіретін *турур, отурур, джатурур, ждор-ур* етістіктеріне тән, кейде олар басқа негізде де кездеседі. Мысалы: *Сендей қызғызлар балагча ана болур келинлек* (Баскаков, 1997: 425).

Н.З. Гаджиева мен Б.А. Серебренников түркі тілдерінің тарихи салыстырмалы грамматикасын зерттей келе *-ар, -ер, -ыр, -ир* қосымшасы туралы мынадай пікір білдіреді: «Түркі тілдерінде етістіктен сын есім жасайтын тұлғаларды есімше деп атауға болар еді. Бірақ қазіргі түркі тілдеріндегі есімшелерден айырмашылығы бар көне түркі тілінде *-ар, -эр, -ыр, -ир* деген етістіктен сын есім тудыратын спецификалық жұрнақтар болған. Олар статикалық белгіні, заттың қасиетін білдіреді. Мысалы: *ақар – ағар*. Мұның түбірі *ақ* етістігі» (Серебренников, Гаджиева, 1986: 133).

Кейбір түркі тілдерінде сақталған көне түркі тілінің *-ар, -ер, -ір* жұрнағы әлі де қолданыста. Әзірбайжан тіліндегі *жанар* сөзі *горящий, горючий* мағынасында жұмсалады. Атаулы сөздің түбірі – *жан*, *-ар* есімше тұлғасы екені белгілі. Ал *жарар* сөзі *уютный, пригодный* мағынадағы сөздің де құрамын талдар болса, түбірі *жар, -ар* – есімшенің тұлғасы.

Есімшенің бұл формасы қазіргі түркі тілдерінде осы шақ, келер шақ формасында тек якут тілінде сақталған. Ал көне түркілік тілде мезгілдік мағынаны емес, заттың сындық қасиетін сипаттаған. Көне түркі тілінде *учар құш* тіркесі – *ұшып бара жатқан құс* емес, *ұша алатын құс* мағынасында жұмсалған. Бұл жердегі есімшенің *-ар* формасы заттың сындық қасиетімен қоса, осы шақ пен келер шақты да білдіре алатынын көрсетеді.

Аталған форма есімшенің келер шақ формасы ретінде көбінесе болжалды мағынаны да білдіреді. Мысалы, *учар құш. -ар, -ыр* көне түркі тілінде келер шақ, нақ осы шақ қызметін атқарған. Мәселен, *мен алып отырмын* әзірбайжан тілінде *алырам*, түрік тілінде *аларым*, түркімен тілінде *аларыч* болады.

А.П. Поцелуевский түркімен тіліндегі *-ор* форманты *-ар* формасының ауысқаны деген пікір айтады (Поцелуевский, 1946: 151). Бұл пікірді ғалым Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононовтар да қолдайды. Түркі тілдері мен әзірбайжан тілдерінің диалектілерінде *-ор* көрсеткіші жиі қолданылады. Бұл *-ор* формасы қазақ тіліндегі *-ар, -ер* формасымен сәйкес келеді.

Көне түркі тілдерінде етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ болған *-ар, -эр, -ір, -ир* форманты әрқашан іс-әрекеттің динамикалық белгісін білдірген. Мәселен, әзірбайжан тілінде *ахар текучий* деген мағына берген. Бұл сөздің түбірі – *ақ* болса, *-ар* формасы келер

шақ формасында жұмсалынған.

Сондай-ақ, түркі тілінің грамматистері *-р*, *-ар* формаларын якут тілнен басқа түркі тілдерінде есімшенің осы шағында сипаттайды, дегенмен қазіргі таңда бұл белсенді формант емес екенін дәлелдеген.

Көне кезеңдегі тілде *-ар*, *-ер*, *-ыр*, *-ір* формалары әртүрлі мағына білдірген. Тілдің дамуы барысында ол сапаны да білдіретін болған. Мысалы, қазақ тілінде *жанар* сөзі мен ұйғыр тіліндегі *қарар* тұлғасында сапалық мағына бар.

Ғалым Ә. Төлеуов *-ар*, *-ер*, *-ір* жалғауын сын есімге жалғанатын тұлға ретінде қарастырып, жасар, қысқар, көгер сияқты сөздерді туғызып етістік жасайды деген пікірді айтады (Төлеуов, 1975: 130).

Бұдан бөлек, *-ар*, *-ер*, *-ір* түркі тілдерінде болжалды келер шақ қызметін де атқарады. Етістік түбіріне есімшенің *-ар*, *-ер*, *-ыр*, *-ір* жұрнағы жалғанып болжалды мәнге ие болған. Мысалы, кошқар болар қозының маңдай жағы дақ келер, кісі болар жігіттің арқа басы кең келер. Бұл мақалдағы келер етістігі арқылы болжалды келер шақ мағынасын беріп тұр. Бұл пікірді Н.З. Гаджиева мен Б.А. Серебренников та қуаттайды: “Будущее предположительное время образуется посредством аффикса причастия на *-ар*, *-ер*, *-р*, *-ур* используется аффиксами лица I-ой группы: барарман. Варианты *-ур*, *-үр* более архайчны и встречаются преимущественно в устно поэтических произведениях письменно литературного происхождения. Причастия будущего времени образуются с помощью аффикса *-ар*, *-р*, *-ар*, *-ур*”. Демек, *-ар*, *-ер*, *-ыр*, *-ір* формалары келер шақтық мағынада көбіне ауызекі поэтикалық тілде ғана емес, халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндігін байқаймыз.

Н.К. Дмитриев әзірбайжан, құмық және түркімен тілдерінің материалдарына сүйене отырып, *-р*, *-үр* аффикстерін бір-бірімен фонетикалық варианттар ретінде қарастырады. *-ар* аффиксін бұлардың ең еуелгі формасы ретінде зерттеп оның әртүрлі мағына бергенін көрсетеді. Ғалымның көрсетуінше, аталған тілдерде *-ір*, *-ур* осы шақтық мағынаны білдірген де, *-ар* аффиксі келер шақтық мағынаны білдірген. Мысалы, әзірбайжан тілінде: *гәдір* – келе жатыр, *йәзір* – жазу, *гәдар* – барады, *йазар* – жазады мағынасында келеді.

Тува тіліндегі *-ар*, *-ер*, *-ыр*, *-ір* формасы туралы Ф.Г. Исхаков пен А.А. Пальмбах “Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология” атты еңбегінде мынадай пікір айтқан: “... образует глаголы главным образом от основ качественных прилагательных: *акар* – белить, *сесэр* – синеть, *тазар* – чиститься, *қайгұр* – горевать, *суғар* – поливать (Исхаков, Пальмбах, 1961: 264).

Т.И. Грунин әзірбайжан тіліндегі осы шақты білдіретін: *-ыр*, *-ир*, *-ур*, *-үр* түркі тіліндегі осы шақты білдіретін *-іjar* аффиксі тек қызметі жағынан байланысты деп қарастырған. Әзірбайжан тілінде бұл форма кейін дифференцияланып, жуан дауыстымен берілген формасы болжалды келер шақ мағынасын білдірген. Ал жіңішке дауыстымен берілген варианты өзінің алғашқы мағынасын сақтап қалған. Ғалым өзінің позициясын дәлелді көрсету үшін өзге түркі тілдеріндегі жуан және жіңішке дауыстылармен берілген семантикалық шектеуліктерді мысалға келтірген.

Ғалым А.М. Щербак *-ар*, *-ыр* аффиксіне жеке талдау жасап, аталған қосымшаларды зат есім мен сын есімнен етістік тудыратын қосымша деп қарастырады.

-ар, *-ыр* аффиксі мен *-қар*, *-кер* аффиксі арасында байланыс бар. Бірақ бұл байланысты бір жолға түскен дей алмаймыз. М. Қашқаридан еңбектерінен келтірген Э.В. Севортянның мысалдарында бұл байланыстардың бар екеніне негіз бар. *-ар* және *-қар*, *-кер* аффикстерінің шектелуінің негізгі мынада: *-ар*, *-ір* аффикстері жалғанған етістіктердің барлығы жоғарыда келтірілгендерден басқа, салт етістіктер жасай алады. Онда *-қар*, *-кер* аффиксі пайда болған етістіктер салт етістіктері деп айтуға толықтай негіз бар.

Келесі мәселе – түркі тілдеріндегі дауыссыздан кейінгі позицияда қ дыбысының түсіп

қалуы. Бұл дағдылы құбылыс емес. Сондықтан *-ар* және *-қар*, *-кер* аффикстерінің екеуі де қолданылады. Осылайша *-ар* аффиксі *-қар* аффиксінің фонетикалық бір түрі ретінде интерпретация жасауға ешқандай мүмкіншілігі жоқ.

Ерте кезеңдегі түркі тілдерінің қалыптасуында қимыл есім тұлғаларының біразы таза есімшелер мәніне ауысқан. Онда процестің бірден-бір көрінісі сол, олар шақтық мән алып, оған қимыл мәнін қосып алған. Осы шақ пен келер шақ мағынасын жеткізетін түркі есімшелер: *-ар*, *-ыр*, *-ер* қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік қолданыста бар.

Қазақ тілінде *-р* тұлғасы үнемі болып, қайталанып тұратын істің осы шақтық мағынасын білдірсе, башқұрт тілін зерттеушілер аталған тұлғаны келер шақ мағынасын береді деп атап көрсетеді.

-ар тұлғасы қазақ тілінде келер немесе ауыспалы осы шақ мағынасын береді. Әзірбайжан тілінде *-ар* көбінесе осы шақты білдірсе, *-р* келер шақты білдіреді. *-Р* қазақ тілінде осы шақты білдіретін еркін қолданылатын тәсілі емес. Тек қана *отыр*, *тұр*, *жатыр*, *жүр* қалып етістіктерінің құрамында ғана кездесіп, нақ осы шақтық мағына туғыза алады.

М. Томанов еңбектерінде якут тілінде *-ыыр*, *-ар* тұлғалары семантикалық тұрғыдан қарастырғанда мәндес болып, бірі-бірінен ажырамайды. Ал олардың айырмашылығы *-ар* қосымшасы дауыссыз дыбысқа аяқталған түбірлерге, ал *-ыыр* қосымшасы дауысты дыбысқа біткен түбірлерге жалғанады деген тұжырым айтқан. Ал гагауз тілінде жуан дауыстыларға аяқталған сөздерге *-ар* аффиксі жалғанады. Негізгі жіңішке болып келетін сөздер түрік, гагауз және сол сияқты батыс, шығыс тілдерінде кездеспейді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Түбір дауысты дыбысқа аяқталса, солтүстік шығыс моделі бойынша түрік, гагауз тілдеріне қарама-қайшы *-ар*, *-ер* аффиксі сақталып қалады. Байырғы өзбек, ұйғыр тілдерінде, сондай-ақ қырғыз тілдерінде де *-ар*, *-ер* аффиксінің *-ир*, *-үр* варианты кездеседі. Ал қазақ, қырғыз сияқты оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс тілдерінің бір бөлігінде *-ар*, *-ер* жуан түрінде қабылданған. Башқұрт тілінде қарама-қарсы (*-ур*, *-ер*, *-ор*) болып келеді. Мұнда дауыстылардың әртүрлі өзгерістері болып отырады. Қалған түркі тілдерінде аталған дауыстылар жүйесінің екі түрі де әртүрлі пропорцияда сақталған.

Түркі тілдерінің бірқатарында бөлшектік сан есімдер де *-ар*, *-ер* жұрнақтарының қолданылуынан жасалады. Э.В. Севортянның еңбегінде бұл туралы мол деректерді кездестіре аламыз. Мысалы, ежелгі ұйғыр тілінде – *бірер*, *бір-бірден*, мамлюк қыпшақтары тілінде – *ушер* (*уш-уштен*), арғу қыпшақтары тілінде – *екісар* (*екі-екіден*), хорезм диалектісі тілінде *бірер*, ескі түрік тілінде – *бірар* т.б. *-ар*, *-ер* қосымшаларынан жасалған сан есімдер анықталған. А.Н. Кононов *-ар*, *-ер* формантының генезисін *-лар*, *-лер* көптік жалғауымен байланыстырады.

Өзінің докторлық диссертациясында Б. Сағындықұлы да *-ар*, *-ер* қосымшасының генезисі мен этимологиясына терең талдау жасаған. Талдау жүргізу барысында, көне *-ар* түбірі *-ер* тұлғасының фонетикалық варианты екенін көрсетеді. *Тар*-дың құрамындағы *-ар* осы *ар*. Ғалым есептік сан есімдерге қосылғанда *уч+ар*, *екир+ар* т.б. болып көптік мағынада да көрсете алған деп тұжырым жасайды (Сағындықұлы, 1994: 137). Бұл жоғарыда келтірілген А.Н. Кононовтың пікірімен ұштас.

А.М. Щербак “Очерк по сравнительной морфологии тюркских языков. Глагол” атты ғылыми зерттеуінде былай жазады: “Известно несколько разновидностей аффикса будущего предположительного, отличающихся друг от друга характером огласовки: *-р*, *-ур*, *-ар*, *-ір*, *-ир*, *-ор*, *-ур*, *-өр*. Первая разновидность типична для тех случаев, когда основа оканчивается на гласный. Староогузский – *сөзлариур*, башкирский – *башлар*. Вторая разновидность является либо преобладающей, либо единственно возможной при наличии в исходе глагольной основы согласного” (Щербак, 1981: 85).

А.Хасенова “Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты” деген еңбегінде *аудар*

дегендегі *-дар* мен *шығар, шөгер, батыр* деген сөздердегі *-ар, -ер* аффикстерін *-дір, -дыр* тұлғаларымен бір шеңберде қарайды. Қазақ тілінде өрісі тар бұл *-дар* және *-ар, -ер* аффиксінің якут алтай тіліндегі жиі қолданылу сферасы мұның айқын дәлелі десек те болады (Хасенова, 1971: 186).

Болымсыздық формасын беретін *-ар, -ур* есімшесінің екі варианты бар. Біреуі қарлық, ұйғыр, қыпшақ сонымен қатар оғыз тілдеріне, ал екіншісі – *келмар* түрі оғыз тілінің диалектілеріне тән. Мысалы, түрік тілінде *білмес, көрмаз*, ескі түрік тілінде *сөйлемар*, шор тілінде *ақпаз, ағаз* т.б.

Ескерткіштерде *-арды, -ерді* деп анықталған тұлғалардың қазіргі тіліміздегі сипаты «еді» көмекші етістігі түрінде болып келеді. Бұл етістіктердің түбірі *-ар, -ер* болады. Негізгі мағынасы – *бар (есть)*. Б. Сағындықұлы *б+ар* сөзі де осы *-ардың* жаңғырығы болар деп тұжырымдайды. Олай дейтін себебіміз, олардың арасындағы мағыналық жақындықтан келіп шығады.

Қазіргі түркі тілдерінің біразында *-ар, -ур* есімшесінің атрибутты қолданылуы қысқарып, предикат ретінде қолданылу жүйесі кеңейіп барады.

Бүгінде *-ыр* есімшесі кең таралған келер шақтық мәнге ие. *-ыр* формасы дауыссыз негізге қосылып алты түрлі вариант туғызады. *-ар, -ер* – жуан дауыстыларға жалғанса, *-ур, -ір, -ур, -үр* варианттары – жіңішке дауыстыларға жалғанады. Түркі тілдерінің көбінде алдыңғысы қысаң дауысты варианттары тән болғандықтан, әдетте аффикстердің екі этимологиялық типі бар деп есептеледі. Аталған көрсеткіштердің семантикасы бірқатар түркі тілдерінде аффикстердің араласып кетуіне әкеліп, кейбір түркі тілдерінде фонетикалық дифференциация болды.

Қорытынды

Түркі тілдерінің даму тарихында *-ыр* формасының субстантивтенуі орын алып, бұл форма арқылы жасалған сөздер зат есімге айналды. Бұл жайында Н.К. Дмитриев пен Н.З. Гаджиевалар өз еңбектерінде толық мәлімет берген болатын.

-р формасы жатыс және шығыс септіктерінің аффикстерін қабылдай отырып, көсемшенің де қызметін атқарып жүр. Сонымен қатар, *-р* формасындағы етістікке есімдер мен демеуліктер көмекші элемент ретінде жалғанады. Қазіргі түркі тілдерінде *-р* формасының етістікті есім ретінде қолданылуы қысқарғанын байқауға болады. *-ар* формасының генезисі мен этимологиясын қарастыра келе, жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірінен атаулы қосымшаның бір кездерде *бар* мағынасында жұмсалғанының қолдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- Баскаков, Н. (1997). *Историкотипологическая морфология тюркских языков*.
Дмитриев, Н. (1940). *Грамматика кумыкского языка*. М.-Л.: Изд-во АН СССР.
Исхаков, Ф., Пальмбах, А. (1961). *Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология*. М.: Издательство восточной литературы.
Поцелуевский, А. (1946). *Проблемы стадияльно-сравнительной грамматики тюркских языков*. Ашхабад.
Сағындықұлы, Б. (1994). *Қазақ тілі лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары*. Докторлық диссертация. Алматы.
Серебренников, Б., Гаджиева, Н. (1986). *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков*.
Төлеуов, Ә. (1975). *Қазақ тіліндегі есім категориясы*. Алматы.
Хасенова, А. (1971). *Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты*. Алматы.
Щербак, А. (1981). *Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: глагол*. М.-Л.

References

- Baskakov, N. (1997). *Historical and typological morphology of Turkic languages*.
Dmitriev, N. (1940). *Grammar of the Kumyk language*. Moscow–Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences.
Iskhakov, F., & Palmbakh, A. (1961). *Grammar of the Tuvan language. Phonetics and morphology*. Moscow: Publishing House of Oriental Literature.
Khasenova, A. (1971). *Lexical and grammatical features of the verb*. Almaty.
Potseluevsky, A. (1946). *Problems of stadial-comparative grammar of the Turkic languages*. Ashgabat.
Sağyndyqūly, B. (1994). *Phonological patterns in the development of the Kazakh language lexicon* (Doctoral dissertation). Almaty.
Serebrennikov, B., & Gadzhieva, N. (1986). *Comparative-historical grammar of the Turkic languages*.
Shcherbak, A. (1981). *Essays on the comparative morphology of the Turkic languages: The verb*. Moscow–Leningrad: Nauka.
Töleuov, Ä. (1975). *The nominal category in the Kazakh language*. Almaty.

S.K. Asanova, K.T. Mukhamadi

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: symbat.asanova.00@bk.ru)

Etymology of Verb-Based Word-Forming Affixes

Abstract. This article examines the historical formation, semantic and functional features, as well as the etymology of the participial forms *-ar*, *-er*, *-yr*, *-ir* in Turkic languages. The usage of these affixes, their phonetic changes, and processes of semantic development in Turkic languages are analyzed in detail. Research findings indicate that these forms express not only tense meanings but also qualitative characteristics of objects. Additionally, the morphological features of participial forms in modern Turkic languages and their role in sentence structure are explored. Based on scholarly studies, the initial meanings of these forms in Old Turkic are compared with their modern meanings in Turkic languages. The study employs a historical-comparative method and provides an in-depth analysis of the grammatical function of participial affixes. Furthermore, the article examines the relationship between these affixes and dialectal variations in Turkic languages, providing an overview of their development patterns. The scope of participial forms in spoken language, folklore, and written literature is also discussed.

Keywords: participial forms, root, semantic changes, morphological features, Turkic languages, tense meaning, dialectal feature.

С.К. Асанова, К.Т. Мухамади

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: symbat.asanova.00@bk.ru)

Этимология словообразующих аффиксов глагольного происхождения

Аннотация. В данной статье рассматриваются историческое формирование, семантические и функциональные особенности, а также этимология причастных форм *-ар*, *-ер*, *-ыр*, *-ир* в тюркских языках. Детально анализируются употребление указанных аффиксов в тюркских языках, их фонетические изменения и процессы семантического

развития. Результаты исследования показывают, что эти формы выражают не только временное значение, но и качественный признак объекта. Кроме того, изучаются морфологические особенности причастных форм в современных тюркских языках и их роль в структуре предложений. Опираясь на исследования ученых, проводится сопоставление первоначального значения этих форм в древнетюркском языке с их современными значениями в тюркских языках. В исследовании применяется историко-сравнительный метод, проводится глубокий анализ грамматической функции причастных аффиксов. Также рассматривается связь данных аффиксов с диалектными особенностями тюркских языков и анализируются закономерности их развития. Обозначены сферы употребления причастных форм в разговорной речи, фольклоре и письменной литературе.

Ключевые слова: причастные формы, корень, семантические изменения, морфологические особенности, тюркские языки, временное значение, диалектная особенность.

Авторлар туралы мәлімет:

Асанова С.Қ. – магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-1388-4350>

Мұхамеди Қ.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9639-2938>

Information about authors:

Asanova S.K. – Master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-1388-4350>

Mukhamadi K.T. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9639-2938>

Сведения об авторах:

Асанова С.К. – магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-1388-4350>

Мухамеди К.Т. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-9639-2938>

ҒТАР 16.21.27

Ғылыми мақала

Б. Мырзабаева¹, Я. Шимшек²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Гиресун университеті, Гиресун қ., Түркия

(E-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru)

Сөз және сана кеңістігі: Абай шығармаларындағы адресаттық құрылым мен әлеуметтік мағына

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы сөздің прагматикалық мәні мен әлеуметтік коды лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Абай сөзінің адресаттық құрылымын, прагматикалық қызметін, сондай-ақ оның қоғамдық сана мен моральдық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін талдау. Зерттеу бағыттары мен идеялары – сөздің әлеуметтік мәнін поэтикалық және дискурстық кеңістікте ашу, Абай шығармалары арқылы ұлттық сана мен рухани жаңғыру үдерісіндегі тілдің ықпалын көрсету, лингвистикалық құралдардың әлеуметтік мазмұнды қалай жеткізетінін анықтау. Абай тілінің коммуникативтік, тәрбиелік және дүниетанымдық функцияларын зерттеу арқылы қазіргі қазақ қоғамындағы рухани және тілдік жаңғыру мәселелеріне ғылыми негіз ұсыну. Абай шығармалары арқылы берілетін әлеуметтік кодтар мен құндылық жүйелері тіл білімінде адресаттық құрылыммен байланыстырылып, прагмалингвистикалық тұрғыдан сараланады.

Зерттеу әдіснамасы – дискурс-талдау, прагмалингвистикалық және семантикалық талдау әдістері, стилистикалық және лексикалық құрылымдарды контенттік интерпретациялау. Зерттеу барысында Абай шығармаларындағы сөздің тыңдаушыға бағытталған прагматикалық сипаты мен оның қоғамдық-әлеуметтік мазмұны айқындалады. Диалогтік құрылымдардағы тілдік трансформациялар арқылы берілетін символдық және моральдық кодтардың қоғамды рухани кемелденуге бағыттайтын ықпалы дәлелденді. Абай шығармалары нақты төрт адресаттық құрылымға топтастырылып, сөздің құрылымдық пен мағыналық жүйелері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды трансляциялау құралы ретінде танылды. Абай дискурсының прагматикалық кеңістігін зерделеу арқылы қазақ әдеби тілі мен қоғамдық сананың дамуындағы маңызды кезеңдер ғылыми тұрғыдан сипатталды. Сонымен қатар бұл зерттеу тіл мен ойлау, сөз бен сана арасындағы байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Мақала нәтижелері қазақ тілін оқыту, әдебиеттану, дискурс теориясы, сөзтану, ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған білім беру және мәдениет салаларында қолданыла алады.

Түйін сөздер: Абай, сөз, әлеуметтік код, адресант-адресат, дискурс, адресаттық құрылым, прагматика, тілдік трансформация

DOI: <https://doi.org/10.71078/e72bvn92>

Түсті: 10.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Адам болмысының өзегін құрайтын, бір-бірімен тығыз байланыстағы екі ұғым – сөз және сана. Бұл ұғымдар адамның ойлау жүйесі мен танымдық қабілетін сипаттауда тіл білімінде, психолінгвистикада, философия мен когнитивтік ғылымдарда қарастырылады. Сөздің тек коммуникация құралы ғана емес, сондай-ақ сананың көрінісі, ойдың формасы, дүниетанымның материалдық қабаты екені белгілі. Ал мағына мен

мазмұнның ішкі қайнары, сөздің туындау кеңістігі – сана. Жүсіпбек Аймауытұлы «Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді» деп тіл мен сананың, ойдың өзара байланысын дәлелдеп, мағынасыз сөз болмайтынын, ойлау мен тіл дамуының синхронды жүретіндігін айтып, автордың осы тұжырымы тіл мен ой тұтастығын танудың ұлттық-ғылыми негізі ретінде танылады.

Сонымен адамның ішкі ойлау құрылымы мен сыртқы тілдік көрінісінің арасындағы өзара әрекеттесу өрісін – сөз және сана кеңістігі деп айтуға болады. Бұл кеңістік ойдың тілге айналу, тілдің мағынаға айналу үрдісінде қалыптасады. Санадағы абстрак ұғым, сөз арқылы сыртқа шығып, нақты формаға енеді. Бұл кеңістіктің екі жағы болады. Бірі – субъективті, яғни адамның ішкі дүниесіне тән, екіншісі – интерсубъективті, яғни тілдік нормаларға бағынатын әрі қоғамдық санаға бағытталады. Когнитивтік лингвистикада бұл кеңістік менталды репрезентациялар, фреймдер сияқты ұғымдармен сипатталады. Мысалы, адам санасында ақыл, қайрат, ар, жігер секілді ұғымдар жеке тәжірибемен байланысып, эмоционалды-когнитивтік құрылым құрайды. Осы құрылым сөз арқылы бейнеленіп, басқа саналармен, яғни оқырман, тыңдаушы, қоғаммен байланысқа түседі. Сол сияқты сөз де сананың сыртқа бағытталған формасы ғана емес, оны қайта құраушы күш те болады. Адам өз ойын сөзбен білдіре отырып, өз санасын да реттеп, танымын қалыптастырады. Осы құбылысты ішкі сөз, рефлексиялық сана, тіл арқылы ойлаумен байланыста қарастыруға болады (Emmorey & et., 2000).

Сөз бен сана кеңістігі Абай шығармаларында ерекше үйлесімде көрініс табады. Абайдың сөзі, яғни оның поэзиясы мен қара сөздері – автордың дүниетанымының, ішкі рефлексиясының, рухани ізденісінің көрінісі. Абай – тек ақпарат жеткізуші ғана емес, санамен жұмыс істейтін, адам танымына бағытталған сөз шебері. Мысалы, Абайдың «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген тіркестерінен сана мен сезімнің рефлексиясын сөз арқылы жеткізеді. Автор 19-қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» деп (Дүйсенбайұлы, 2016), сөздің адамның өзін-өзі тану, тәрбиелеу жолындағы орнын айқындайды. Бұл дегеніміз – сана кеңістігін сөзбен тәрбиелеу, оны құрылымдау әрекеті.

Абай үшін сөз – тек тілдік құбылыс емес, дүниені танудың, қоғамды реформалаудың, адамды дамытудың құралы. Осылайша автор жеке санадан ұлттық санаға, одан ары жалпыадамзаттық танымға жол ашады. Абай шығармаларындағы сөз бен сана кеңістігі – философиялық, әлеуметтік, психологиялық деңгейде тұтас әлемді бейнелейтін құрылым.

Коммуникативтік актінің негізгі элементтері – адресант пен адресат ұғымдары тіл білімінде, прагматика мен дискурстық талдауда кеңінен зерттеледі. Сөйлеушінің сөзін естіп, түсінуге бағытталған тұлғанемесе аудитория, яғни сөйлеу актісінің қабылдаушысы – адресат. Адресант пен адресат ұғымдары сөйлеу әрекетінің интерактивті, диалогтік сипатын көрсетеді, сонымен қатар тіл мен ойдың сыртқа шығу үдерісінде маңызды орын алады.

Адресат ұғымы лингвистикада Роман Якобсонның коммуникация моделімен байланысты қарастырылады. Мұнда тілдік қарым-қатынастың 6 компоненті көрсетіледі: адресант, адресат, код, хабар, канал, контекст (Мельчук, 1975). Яғни адресант – сөйлеуші, адресат – тыңдаушы, код – тіл, хабар – мәтін, канал – байланыс құралы, контекст – мәнмәтін. Бұл модельде адресат хабардың қабылдаушысы ретінде анықталады. Осылайша адресаттық құрылым тек грамматикалық емес, прагматикалық, психологиялық, әлеуметтік өлшемге ие екені көрінеді.

Ал прагматика саласында Джон Остин және Джон Серльдің еңбектерінде адресат ұғымы сөйлеу актілерінің табысты жүзеге асуындағы шешуші фактор ретінде қарастырылған (Остин, 1999; Серль, 2010). Яғни кез келген сөйлеуші, айтушы адресаттың когнитивтік күйін, әлеуметтік статусын және мәдени контекстін ескере отырып, әрекет етеді. Осылайша адресанттың мақсаты – адресаттың санасында белгілі бір реакция тудыруы керек. Сонымен қатар адресаттық құрылым мәтіннің интенционалдығы, яғни автордың интенциясы мен мәтінді қабылдауымен де тығыз байланысты. Автор өзінің сөзін белгілі бір адресат түріне арнай отырып, мәтін ішіндегі құрылымды соған сай құрады. Мәселен, сұраулық немесе лептік интонациялар, қаратпа сөздер, экспрессивті-эмоционалды сөздер, мәтін ішіндегі «сен», «біз», «құрметті бауырлар» сияқты тілдік бірліктердің қолданылуы адресатқа бағытталғандығын көрсетеді. Айтушы мен тыңдаушы арасындағы байланыс тек тілдік құралдар арқылы емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық кодтар арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда адресат – тыңдаушы ғана емес, мән мен мағынаны бірігіп құраушы тұлға болады. Әсіресе көркем әдеби мен публицистикалық стильде жазылған мәтіндерде бұл байланыс күрделене түсіп, көпдеңгейлі адресаттық құрылым пайда болады. Мәселен, тікелей адресат (нақты тұлға, қоғам), жанама адресат (болашақ ұрпақ), әмбебап адресат (адамзатқа үндеу).

Абай Құнанбайұлының адресаттық құрылымдарын талдау барысында осы теориялық негіздер маңызды тірек бола алады. Себебі Абай сөзінің өзіне, метафизикалық нысанға, нақты және жалпыланған адресатқа бағытталып, санаға әсер ету ұмтылысы байқалады. Бұл – тек тілдік құрылым ғана емес, философиялық, тәрбиелік, қоғамдық категория.

Абай шығармалары – қазақ руханияты мен тілінің алтын қоры. Оның поэтикалық және философиялық еңбектері сөздің терең мағынасы мен қоғамға әсер ететін әлеуметтік кодының үлгісі болып табылады. Бұл мақалада Абай шығармаларындағы адресаттық құрылым мен әлеуметтік мағына лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі – қазіргі қазақ қоғамындағы тіл мен рухани жаңғырту мәселелерін түсіну үшін Абайдың тілдік құралдары мен олар арқылы берілген моральдық-әлеуметтік мазмұнды қайта зерделеудің маңызы бар. Бұл бағытта жүргізілген терең зерттеулер аз, ал Абайдың тіліне прагматикалық, адресаттық құрылым тұрғысынан талдау жасау – жаңа әдіснама ретінде тың дерек ұсына алады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Абай шығармаларындағы сөздің адресаттық құрылымын, прагматикалық қызметін және оның қоғамдық сана мен құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін анықтау. Осыған орай атқарылатын міндеттер: Абай сөздерінің адресатқа бағытталу сипатын айқындау; әлеуметтік мағынаны жеткізетін лингвистикалық құралдарды талдау; поэтикалық және дискурстық негізде сөздің қызметін ашу.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада дереккөз ретінде Абайдың поэзиясы мен қара сөздері алынды. Материалдар сапалық жағынан Абайдың шығармаларындағы мәтіндері алынса, сандық жағынан Абайдың 192 поэзиясы, 46 қара сөзі болса, соның шамамен 10 шақты шығармасы қарастырылды. Мақалада Абай шығармаларын зерттеу барысында прагмалингвистикалық талдау, дискурстық талдау, контекстуалды-мағыналық талдау, адресаттық модельдеу тәсілі секілді әдістер қолданылды.

Мақаланы жазу барысында келесідей зерттеу кезеңдері қамтылды: Абай шығармаларын іріктеу; адресаттық құрылымдарын айқындау; әлеуметтік мазмұнды тілдік құралдар арқылы сипаттау. Абайдың сөзі – таным мен дискурсты қалыптастыратын ерекше құрал болғандықтан, автор тек ой білдіру емес, сөз арқылы әлеуметтік бағдар, ұлттық танымды береді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Абай шығармашылығына қатысты отандық, тіпті шетелдік зерттеулер көп. Тәуелсіздік жылдарына дейінгі М. Әуезов, Қ. Мұхамедханов, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев зерттеулерінен басталған еңбектермен қатар тәуелсіздік жылдарындағы М. Мырзахметұлы, Ж. Шойынбет, Т. Жұртбай, С. Қирабаев, Ғ. Есім, Р. Сыздық және т.б. ғалымдардың зерттеулерімен ұштасып жатыр. Абай мұрасына қатысты зерттеулердің басым көпшілігі әдебиеттану бағытында болса да, тіл білімі бағытында да зерттеу еңбектері бар. Қазіргі таңда Абай мұрасына антропоэкетілік негізінде зерттеулер жүргізіліп жатыр. Осы тұрғыдан алғанда және прагматикалық пен адресаттық құрылым негізінде жүйелі талдаулар сирек кездеседі. Профессорлар Ж. Манкеева, Б. Шалабай еңбектерінде Абай тілі коммуникативтік тұрғыдан талданса да (Манкеева, 2014; Шалабай, 2015), нақты адресаттық деңгей мен әлеуметтік код мәселелері толық ашылмаған.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласының «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» бөлімінде: «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады» деп, Абайдың ой-тұжырымдарының ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайтындығын айтты. Себебі бүкіл адамзат баласының рухани азығының ақын мұрасында көрініс беретіндігі дәлелденіп отыр. Абай шығармаларындағы білім мен имани гүл, өлшеу мен құндылықтар, тыңдаушы концепциялары – әлемдік деңгейдегі ірі тұлғалар тұжырымдарымен үндесіп жатқандығын қазіргі білім мен ғылым, мәдениет интеграциясынан анық көріп отырмыз. Абай шығармаларын, яғни сөзін зерттеген сайын оны қабылдау деңгейі де түрліше. Жалпы белгілі бір тұлғаның мұрасын, шығармасын оның сөзі деп қабылдайтын болсақ, оның адресаттық құрылымын анықтауға, адресанттың әлеуметтік тобын көрсетуге, адресат сөзінің әлеуметтік мәнін жіктеп ашуға болады.

Түйін сөздер: балалық шақ, балалық шақтың жан жарасы, қоршаған орта, психологиялық даму, отбасылық тәрбие, дарын, көркем әдебиет, мектептегі білім беру, Бердібек Соқпақбаев, Ақберен Елгезек, қарым-қатынас

DOI: <https://doi.org/10.71078/23s99d15>

Түсті: 27.05.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы балалар психологиясы бақылау әдісін негізгі әдіс ретінде теориялық-әдістемелік тұрғыда ғана дамытып қоймай, эксперименттер мен тесттерді енгізу мәселелерін де талқылады, сондай-ақ психикалық дамуды зерттеудің жаңа құралдарын іздеді. Көркем әдебиетте ерекше кейіпкер – бала

бейнесінің пайда болуы, оның ішкі жан дүниесін зерттеу тек әдебиеттанушылардың ғана емес, сонымен қатар психологтар мен педагогтардың да назарын аударды. Бұл бағытта алғашқылардың бірі болып П.Ф. Каптерев (Каптерев, 1894) көркем әдебиетті балалық шақты психологиялық зерттеудің құралы ретінде талдай бастады. Ол әдеби шығармаларды тек фактілердің көзі ретінде ғана емес, таным әдісі ретінде қарастырды. Осы зерттеу жұмысы көркем әдебиетті балалардың жан дүниесін тану әдісі ретінде қарастыруға бағытталған. Бұл әдіс XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында балалар психологиясында қалыптасып, кеңінен таралды. Ол жүйелі тәсіл тұрғысынан – мүмкіндіктері, қолдану тиімділігі, мақсаттары, міндеттері мен қағидағтары тұрғысынан психикалық дамуды зерттеуге арналған.

М. Жұмабаевтың «Педагогика» жинағындағы «Тегінде берік ұғу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол – жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол – жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек» (Жұмабаев, 1922) деген тұжырымды өрбіте отырып, өз зерттеулерімнің нәтижесімен бөлісем. Қазіргі таңда «балалық шақтың жан жарақаты» (детская травма) ұғымы жұқпалы ауру іспеттес (Ислами, 2024). Ересектер осы мәселеден айығудың жолын жанталаса іздесе, бір жағынан ұрпағым осы кеселді жұқтырмаса екен деумен беріп жатқан тәрбиесінің дұрыс-бұрыстығына күмәнмен қарайды. Қайдан шықты, неге бұл тіркесім трендке айналды деген сұрақтар біраз мазалады. Анықтамасы қазақ тілінде жоқтың қасы. Өзге тілден аударма жасап көріп едім, «Балалық шақтағы психологиялық жарақаттар – бұл күшті күйзеліс жағдайлары немесе оқиғалар салдарынан туындайтын психологиялық зақым. Оған физикалық, психологиялық немесе сексуалдық зорлық-зомбылық, немқұрайлы қарау, жақын адамның қазасы, ауыр жол-көлік апаты немесе табиғи апаттар, сондай-ақ соған байланысты жарақаттаушы оқиғалар жатады. Салдары баланың жарақатты басынан өткізген кездегі жасына, жеке қасиеттеріне, отбасынан және қоғамнан көрген қолдауына, сондай-ақ оқиғаның сипаты мен ұзақтығына байланысты болады. Мұндай жарақаттардың ықтимал салдарына эмоцияны реттеу қиындықтары, үрейлі бұзылыстар, депрессия, мінез-құлықтағы ауытқулар, оқу мен әлеуметтік бейімделудегі қиындықтар жатады (Бегоян, 2013). Яғни, біз айтып жүрген жарақат-жарақат болмау ықтималдылығы жоғары.

Жалпы тәрбиелеуші күштің бірін көркем әдебиет құрайды. Сондықтан да, жоғарыда көрсетілген теорияларға сүйене отырып, осы тақырыпты зерттеу негізінде өмірбаяндық шығармалар қатарына жататын, Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі мен Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармалары негізінде талдап көрмекке тырыстым. Көркем әдебиетте бала психологиясы – адамзаттың ең нәзік, ең терең сезімдерін, ойларын, армандарын бейнелейтін тақырыптардың бірі. Бала – қоғамның болашағы, ал оның психологиясы мен дүниетанымы ересектердің өміріне тікелей әсер етеді. Қазақ әдебиетінде балалардың психологиясы мен олардың әлемді қабылдауы, әсіресе, 1960-1990 жылдар аралығында жазылған шығармаларда айқын көрінеді. Бұл кезеңде жазушылар балалардың ішкі әлемін, олардың сезімдерін, қорқыныштары мен қуаныштарын терең зерттеп, көркемдік тұрғыдан шеберлікпен жеткізді.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу нәтижелерін сәтті қайта жаңғырту және тұжырымдау үшін жұмыстың басында қойылған мақсатты жүзеге асыруға барынша ықпал ететін ғылыми таным әдістерін қолдану қажет болды. Бұл жағдайда ең тиімді деп танылған әдістер мыналар: социологиялық, формалды, құрылымдық, синтез және әдеби талдау (Ислами, 2024). Әдеби және жалпы ғылыми таным әдістерін біріктіре қолдану зерттеліп жатқан тақырыптың ең маңызды қырларын анықтауға мүмкіндік берді. Әдеби талдау мен синтез әдістері қолданылды, мұнда синтез жалпы ғылыми әдіс ретінде әртүрлі зерттеу

аспектілерін біріктіру мен интеграциялауда маңызды рөл атқарды. Бұл әдіс тақырыпты жан-жақты қарастыру үшін түрлі дереккөздер мен тәсілдерді біріктіруді көздеді. Ал, әдеби талдау әдісі психологиялық аспектілерді жеткізу үшін қолданылған стильдік элементтерді, бейнелерді, метафораларды, аллегорияларды және басқа да әдеби құралдарды қарастыру үшін пайдаланылды. Қолданылған ең маңызды материал түрі – әдеби шығармалар «Балалық шаққа саяхат», «Болмаған балалық шақ». Бұл контексте балаларға арналған шығармаларды оқу мен талдау – кейіпкерлердің, сюжет пен стильдің психологиялық қырларын терең түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тарихи және мәдени дереккөздер мен аналитикалық шолулар да зерттеу үшін пайдалы болды. Тарихи материалдар балалар әдебиетінің тарихын және жанрдың дамуы барысында байқалған психологиялық үрдістерді зерттеу үшін, сондай-ақ мәдени ықпалдың психологиялық романдарға әсерін қарастыру үшін қолданылды. Ал аналитикалық шолулар – белгілі сыншылар мен мамандардың прозадағы балалар психологиясына қатысты жасаған талдауларына негізделді, бұл басқа зерттеушілердің терең қорытындылары мен пікірлерін алуға мүмкіндік берді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақ прозасындағы соның ішінде «Балалық шаққа саяхат», «Болмаған балалық шақ» повестеріндегі балалардың психологиясы туралы зерттеу жұмыстары қарастырылмаған. Орыс және Еуропа әдебиетінде кеңінен таралған зерттеу тәсілі екенін байқауға болады. Балаларға арналған мәтіндердің авторларының шыққан тегі қарастырылды, бұл олардың кәсіби ғана емес, жеке қасиеттерін де ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында 1990 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыс сияқты әртүрлі тарихи жағдайлар талданып, бұл көркем шығармаларды жан-жақты қарастыруға сеп болды. Әртүрлі ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас мысалы ретінде әке мен баланың ара-қатынасы зерттеліп, үлкендер мен кішілер арасындағы байланыс процесінің маңыздылығы айқындалды. Балалар әдебиетіндегі психологиялық романдар шеңберінде «трагедия» және «ауыртпалық» ұғымдары қарастырылып, елдегі күрделі тарихи-саяси жағдай мен елдің мәдени кеңістігі арасындағы тығыз байланыс көрсетілді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ әдебиетінде бала психологиясын терең әрі шынайы бейнелеу – жазушылардың шеберлігін көрсететін маңызды аспектілердің бірі. Баланың ішкі әлемін, оның сезімдері мен ойларын көркем түрде жеткізу арқылы авторлар оқырманға сол кезеңнің әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі мен Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармасындағы бала психологиясының көріністері салыстырмалы түрде талданады. 1960 жылдар мен 1990 жылдары тәрбиеленген ұл мен қыздың психологиясындағы айырмашылық пен ұқсастықты қарастыру үшін *ұрпақтар теориясына сүйенсек x, y, z ұрпақтың* (Шамис, 2018) айырмашылығы мен өздеріне ғана тән табиғаттың төрт мезгілі сияқты ерекшеліктері бар екенін көреміз. Біз қарастырып отырған шығармалардағы ұрпақтың ұқсас тұстарын қарастыра келіп әсер ету факторларына жете тоқталып отырмын. «Алып анадан туады» демекші бала психологиясының қалыптасуында ананың рөлі өте жоғары. Бақытты балалық шақта: *«Әкемді алсаң, ал құдай, шешемді қой, Шекпен тоқып берсе де өлмеймін ғой. Халық бұл өлеңді текке шығармаған. Шешелі балада бәрі бар. Менде қазір бәрі бар. Үйде түк болмай қалған күнде де шешем мені аштан өлтірмейді, әйтеуір бірдеңе тауып, өз аузына салмастан менің аузыма тосады»* – деп (Соқпақбаев, 1960) бір ғана үзіндімен анасының рөлін айқындап тұр. Бала үшін ана бүкіл әлем. Ананың «ақ» дегені «ақ», «қара» дегені «қара» деп танитын бала түсінігі ананың сүйген асын сүйеді, сөйлеген тілінде сөйлейді, жақсы көрген адамын

жақсы көреді. Яғни, бала өздігінен әрекет ете алмаған кезінде ананың рөлі ерекше. Ең алғашқы танымын қалыптастыратын адамы – баланың анасы. *«Шұқшиып сабақ жазып отырсам: – Менің жаным ұлкейгенде өкіметші болады, – деп көтермелеп қоятын»* – деген ананың бір сөзінің өзі балаға қанат бітіреді, сенімділік ұялатады. Баланы титтей де бір жағымды қылығы үшін мақтай отырып барар жолын айқындайтын да анасы. Аялы алақанын сезініп, мамықтай тиетін жылы сөздеріне шомылып, өскен ұрпақ мейірімді, бауырмал, тәрбиелі болмауы мүмкін емес деген тұжырымға келдім. Болмаған балалық шақтағы Ақбереннің сөзімен айтқанда: *«Баласын сағынбайтын ана болғанмен, анасын сағынбайтын бала болмайды. Өйткені, пендесінің кеудесіне Тәңір өмірдің ұлы демін анасының жатырында үрлеп, тірілтеді. Құрсақта басталған ана мен баланың байланысы мәңгі үзілмейді. Ол көрінбейтін тылсым жіп секілді, екеулеріңізді бір адам қылып байлап тастаған. Өкінішке орай тағдыр талкегімен, сіз анаңызды ұмытуыңыз мүмкін, бірақ сіздің жаныңыз, қайталап айтам сіз емес – жаныңыз, анаңыздың жанымен үнемі бірге болады»* осы тұста «жан» М. Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» (1922) «жан тілі» деп берілетін психология тұрғысынан қарасақ, бала психологиясының негізгі діні анасында жатқандығын аңғарамыз. Адамға ауа қандай қажет болса, балаға ана сондай қажет. Сәтсіз отбасындағы балаларды қорғау мақсатында аналық құқықтарын айырып жатады. Сол баладан сұрап көрсеңіз, қай өмірді таңдар еді?! Анасының жанында жарымаған өмір ме, жоқ балалар үйіндегі ыстық тамақ жылы төсекті ме?! Әрине, анасының қасында болуды таңдары хақ. Бала дүние үшін сүймейді, бала бар болғаны үшін сүйеді. Сүюді баладан үйреніп, баланың психологиялық ахуалының дұрыс қалыптасуы үшін ананың көңілін, ананың жағдайын жасау ұрпақ үшін, ұлт үшін ұтымды алғы шарттардың бірі болмақ. Екінші қарастыратын мәселе, әке рөлі. Бала психологиясындағы әкенің рөлін айтпаса да түсінікті, менің мақсатым аталған шығарма арқылы бала әкеден нені күтеді, нені алады, әке қандай дүниеге мән беру керек деген дүниелерді қарстырып көрсек. Бердібектің өз естеліктерінде әкесінің сөздерін сыни тұрғыдан келтіреді. *«Бәрі құдайдан, құдай өзі жеткізеді» дейді әкем. Қашан жеткізеді? Сарғайып қанша тосуга болады оның жеткізуін? Ол жеткізгенше, желкеміз үзілетін болды ғой»*. Кішкентай баланың өзі әрекет ету керектігін түсінеді. Себебі, адам жаратылысынан еңбекпен, қозғалыспен дамиды. Дүние есігін аша сала жылайды. Өзінің жарық дүниеге келгенін хабардар етеді. Еміздік іздеп анасының кеудесін түрткілеп, дыбыстар шығарып, күліп, отырып, еңбектеп тіршілік қамына кіріседі. Құдай береді депжата берсе, құрсағының тоймайтынын түйсігімен түсінеді. Сол сияқты Бердібек те әкесінің қамсыз отыруына кейиді. Балаға әкеден асқан қаһарманның қажеті жоқ. Нағыз батыр, қаһарман, дүниені өзгертетін, қорғаныш болатын тұлға – ол әке. Бұл тұжырымның дәлелін Ақбереннің жағдай көрсетіп тұр. *«Әкем жарық дүниеден өтісімен, біз Үржарға көштік. Алматыдағы үйімізден алғанымыз – бар болғаны екі-үш шамадан киім-кешек екен»* (Елгезек, 2024). Әке кеткен соң қорған да жоқ, пана да жоқ, Бердібек анандан айрылып жетімдіктің қиындығын көтерсе, Ақберен әкеден айрылып балалық шақтың қызығын көрместен ересек өмірге араласады. Әкесі туралы көп сөз қозғамағанымен көрші ауылдан келген құдағиды анасы іздеп келген екен деп құшақтап бөтен адам екенін көргеннен кейін, тірі пендеден жақындық таппай әкесінің моласына барғанын айтады. *«Қайда барғаным, не істегенім есімде жоқ, таңертең атам мені әкемнің моласынан тауып алыпты... Зираттың есігін ашпастан, бейітке сүйеніп ұйықтап қаппын»* (Елгезек, 2024). Бұл тұста Ақбереннің он алты жасар жігіт шағы еді. Осы тұста да әкенің балаға деген, баланың жан тіліне деген әсерін көреміз.

Өгейлік. Бердібек шешеден, Ақберен әкеден өгейлік көреді. Қалаңның қаталдығы, мейрімсіздігі, көрсеткен қорлығы мен Күмістің ластығы бала көңіліндегі кірбінді арттыра түскендей. Бала не түсінер деп ойлаймыз. Ал, баланың бауыры үшін қиналғанын бауырлар ғана түсінер. Бердібек пен Тұрдыбектің арасындағы бауырмалдықты бауырының басына төнген ауыр хәлді көргенде *«Су екен деп, аптол ішіп қойыпты... – Ұста дүкеніндегі*

отқа қолын тығып алыпты. Бұл хабарды естігенде менің арқа-басым шымырлап кетті» (Соқпақбаев, 1960) артық айтудың да қажеті жоқ шығар. Жүректері таза болғандықтан ба, өмірді түсінуі ерекше ме, жоқ біз ересектер қатыгез болдық па?!

Ақберен бауыр туралы айтқанда кішене ғана жүректің соншалық сезімтал болуы. Әкенің ажалынан да бауырдың өліміне қайғырғанын, ересек өскен сәтінде де сол жараның жазылмауын өз шығармасынан көреміз. «Біз ағам екеуіміз қуыстай бөлмедегі жиналмалы тар төсекте жататынбыз. Түн ішінде біреу мені көтеріп ап, басқа бөлмеге ауыстырып жатқызып жатқаны есімде. Таңертең оянсам, сыртта жұрт жиналып қалған, у да шу, біреу еңіреп жылап жатыр, біреу басу айтып жатыр. Мен әлі де елең- алаң қалпымда тұрмын. Бір кезде санамның түкпіріне «ағам қайтыс болды» деген суық ақпарат жетті. Осылайша мен алғаш рет ажал деген сұмның бар екендігін білдім. Қазалы жұрттың бір шетінде, «енді маған кім сурет салып береді?» – деп бақырып жылап тұрғаным әлі есімде. Сол кездегі ащы өкініш сезімі әлі күнге дейін кеудемде жаңғырып тұр» (Елгезек, 2024). Бала психологиясы өзіне, жанына, жүрегіне жақын адамдардан қалыптасып, болашақта сол түйгендері мен алғандарынан қалыптасып ересек өмірге аттанатынын салыстырмалы түрде көрсетіп беруге тырыстым.

Бердібек тағы бір жолдарда «Адамды адам ететін де, хайуан ететін де тұрмыс екен, мен соны білдім» дейді. Ұғынған пендеге осыдан артық мотивация, осыдан артық қайрау сөздің қажеті жоқ шығар.

Қорытынды

Қазақ көркем прозасында бала психологиясын бейнелеу – әдебиеттің маңызды бағыттарының бірі. Бердібек Соқпақбаев пен Ақберен Елгезектің шығармаларында бұл тақырып әртүрлі стильдік және көркемдік тәсілдермен тереңдетіліп көрсетілген. Екі автор да баланың ішкі әлемін шынайы суреттеу арқылы оқырманға сол кезеңнің әлеуметтік және мәдени контекстін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл шығармалар қазақ әдебиетінде бала психологиясын зерттеуде құнды материал болып табылады. Бала психологиясы – адамның өміріндегі ең күрделі және маңызды кезеңдердің бірі. Әдебиетте бұл кезеңді бейнелеу үшін авторлар түрлі тәсілдерді қолданады: ішкі монолог, баланың көзқарасы арқылы баяндау, символика және метафоралар. Қазақ әдебиетінде бала образының қалыптасуы ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарға негізделген. Бердібек Соқпақбаевтың бұл повесінде басты кейіпкердің балалық шағы қиын-қыстау кезеңдермен сипатталады: жетімдік, аштық, жоқшылық. Автор өз өмірінен алынған оқиғалар арқылы сол дәуірдегі балалардың психологиялық күйзелістерін шынайы суреттейді. Мысалы, анасының қайтыс болуы мен жетімдік тақырыбы баланың ішкі әлеміндегі күйзелісті көрсетеді. Қиындықтарға қарамастан, кейіпкердің білімге деген құштарлығы мен армандары оның болашаққа деген сенімін көрсетеді. Бұл аспект баланың психологиялық тұрақтылығы мен мақсатқа ұмтылысын айқындайды.

Ақберен Елгезектің бұл шығармасы постмодернистік элементтермен ерекшеленеді. Бала кейіпкердің ішкі монологтары арқылы оның санасындағы күрделі процестер, қоршаған ортаға деген көзқарасы мен сезімдері тереңдетіліп беріледі. Балалықтың болмауы – метафоралық түсінік Шығарманың атауының өзі балалықтың болмауын меңзейді. Бұл метафора арқылы автор баланың ерте есейіп, өмірдің қиындықтарымен бетпе-бет келуін көрсетеді. Бұл жағдайлар баланың психологиялық дамуына әсер етіп, оның мінез-құлқы мен дүниетанымын қалыптастырады. Екі шығарма да бала психологиясын бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерге ие. Соқпақбаевтың повесі реалистік стильде жазылған, ал Елгезектің шығармасы постмодернистік тәсілдерді қолданады. Тақырыптық жағынан екеуі де балалық шақтың қиындықтарын суреттесе де, көркемдік әдістері мен баяндау тәсілдері әртүрлі. Қазақ әдебиетінде бала образы ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді бейнелеуде маңызды рөл атқарады. Екі шығармада да

баланың ішкі әлемі арқылы сол кезеңнің әлеуметтік жағдайы, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі көрсетіледі.

Бердібек пен Ақбереннің ақындыққа, жазушылыққа, жалпы өмір жолын таңдауға осы қазіргі тілмен айтып жүрген «сәтсіз балалық шақтың жарасы» (Бегоян, 2013).

«Мен бұл кезде жұрттан жасырып, өлеңдер жазатын едім. Көбі өз басымдағы қайғы-қасіретім. Өлі де болса өлдіге қиғым келмейтін аяулы анам, оны жоқтау. Тұрдыбектің басындағы ауыр хал. Күмістің оны ұратындығы. Қара бұлттай қалбиган мынау Күміс, Соғады Тұрдыбекті гүрс-гүрс, – деген екі жол өлең есімде қалыпты» – деп Б. Соқпақбаев өзінің өлеңге қалай келгенін жазса, А. Елгезек: «Елдің бәрі мені түсінбейтін. Мен керісінше оларды... Менің ауылдағы лақап атым – қияли. Түстің өзін ел көргендей емес, өзімше көретінмін. Қазір де өзгеріп тұрғаным шамалы. Мен өлең жазатын болдым. Қоңыр дәптердің ішіне» деген жолдардан ақ жарақатты, жан-жараны қалай түсінсең, қалай пайымдасаң, қалай пайдалансаң сол нәтижеге жететіндігіңді ұққандаймын. Неге екі автор да менің өмірім осындай болды, жетімдік пен өгейлікті тарттым деп тағдырға лағынет айтып кете бармады.

Әдебиеттер тізімі

- «Петербург саясаты» Қорының Презентациясы бойынша. (2017, сәуір 18).
Бегоян, А.Н. (2013). *Анатомия психотравмы: боль, болезнь и исцеление. Психотерапия*, (5)
Елгезек, А. (2024). *Болмаған балалық шақ*. Абай.
Жұмабаев, М. (1922). *Педагогика*.
Ислами, В. (2024). *Психологический роман в детской литературе*. Salud.
Каптерев, П. Ф. (1894). *Детство и юность Жорж Занд с психологической точки зрения. Воспитание и обучение*. (8).
Соқпақбаев, Б. (1960). *Балалық шаққа саяхат*. Жауқазын
Шамис, Е. (2018) *Е. Шамис жобасының деректері және #Y ұрпағы және #Z ұрпағы Күн астында жеке орындарын іздеу*
Шамис, Е., Никонов, Е. (2018) *Ұрпақтар теориясы: Бэби-бумерлер стратегиясы*. (2 б)

References

- Begoyan, A.N. (2013). *Anatomy of Psychotrauma: Pain, Illness, and Healing. Psychotherapy*, (5).
Islami, V. (2024). *The Psychological Novel in Children's Literature*. Salud.
Kapterev, P. F. (1894). *Childhood and Youth of George Sand from a Psychological Perspective. Education and Upbringing*, (8).
Presentation by the Petersburg Politics Foundation. (2017, April 18).
Shamis, E. (2018). *Data from the E. Shamis Project and the #Y and #Z Generations: Searching for a Place Under the Sun*.
Shamis, E., & Nikonov, E. (2018). *Theory of Generations: Strategy of the Baby Boomers* (2nd ed.).
Sokpakbaev, B. (1960). *Journey to Childhood*. Zhaukazyn.
Yelgezek, A. (2024). *The Unlived Childhood*. Abai.
Zhumbabayev, M. (1922). *Pedagogy*.

Aigerim Kasenova

*Akkai Nusipbekov School-Gymnasium with a Preschool Center,
Almaty Region, Kazakhstan
(E-mail: aika_abd89@mail.ru)*

**The Reflection of Child Psychology in Kazakh Literature Through Artistic Prose:
Based on B. Sokpakbayev's «Journey to Childhood» and A. Yelgezek's «The Unlived
Childhood»**

Abstract. This article explores a unique method of understanding child psychology – the analysis of biographical works of prominent individuals in artistic literature. This method was proposed by renowned pedagogue-psychologist P.F. Kapterev and gained wide application in child psychology and pedagogy at the end of the 19th and beginning of the 20th centuries. Turning to such analysis serves a dual purpose: on the one hand, it aims to search for authentic and valuable insights into the world of childhood and to find objective research methods; on the other hand, it reflects writers' efforts to deeply explore a new type of literary character – the child – and their subtle emotional development. Kapterev substantiates the convenience, possibilities, goals, and objectives of this cognitive method from the standpoint of studying the course of psychological development in childhood. He views this process as an interactive system of internal factors (hereditary predispositions, personal experience and activity, self-education) and external influences (living conditions, social and physical environment, family upbringing, and school education). This research adheres to the principles of comprehensiveness, integrity, and individualization. According to Kapterev, this method does not replace theoretical research in child psychology; instead, it significantly complements and verifies them. It provides a visual representation of personality formation, determines the significance of specific influences, and enables the formulation of new issues. Through the analysis of literary works, Kapterev outlines a general picture of mental development in preschool age, the formation features of personality traits and artistic abilities in childhood, the psychological characteristics of various child types, and the conditions for their emergence. For researchers in the early 20th century, the central issue was the analysis of the wide gallery of child types in literature – identifying age-specific and individual traits of a child's personality, not only based on hereditary factors but, above all, as a result of the decisive influence of interactions between the world of children and adults.

Keywords: childhood, emotional trauma of childhood, environment, psychological development, family upbringing, talent, fiction literature, school education, Berdibek Sokpakbaev, Akberen Elgezek, interpersonal relationships.

Айгерим Касенова

*КТУ «Школа-гимназия имени Акая Нусипбекова с дошкольным мини-центром»,
Алматинская область, Казахстан
(E-mail: aika_abd89@mail.ru)*

**Отражение детской психологии в художественной прозе казахской
литературы
(на примере повести Б.Сокпакабаева «Балалық шаққа саяхат» и произведения
А.Елгезека «Болмаган балалық шақ»)**

Аннотация. В данной статье рассматривается особый метод познания детской психологии – анализ автобиографических произведений выдающихся личностей в художественной литературе. Данный подход был предложен выдающимся педагогом-

психологом П.Ф. Каптеревым и получил широкое распространение в детской психологии и педагогике на рубеже XIX–XX в. Обращение к такому анализу обусловлено, с одной стороны, стремлением к поиску достоверных и ценных сведений о мире детства, а также к нахождению объективных методов его исследования; с другой – интересом писателей к глубокому осмыслению внутреннего мира нового героя – ребёнка. Каптерев обосновывает актуальность, возможности, цели и задачи этого метода в контексте изучения хода психического развития в детском возрасте. Он рассматривает данный процесс как систему взаимодействия внутренних (наследственные предрасположенности, личный опыт и деятельность, самовоспитание) и внешних факторов (бытовые условия, социальная и физическая среда, семейное воспитание, школьное образование). Исследование базируется на принципах целостности, системности и индивидуализации. Каптерев подчёркивает, что данный метод не заменяет теоретических исследований в детской психологии, а напротив, значительно их дополняет, позволяя наглядно представить процесс становления личности, определить значимость определённых воздействий и поставить новые исследовательские вопросы. Анализируя художественные произведения, Каптерев описывает общую картину психического развития в дошкольном возрасте, особенности формирования личностных качеств и художественных способностей в детстве, а также психологические черты различных детских типов и условия их возникновения. Для исследователей начала XX века ключевой задачей было изучение широкой галереи детских образов в литературе с целью выявления возрастных и индивидуальных особенностей личности ребёнка на основе решающего влияния взаимодействия мира взрослых и детей наряду с наследственными факторами.

Ключевые слова: детство, душевные травмы детства, окружающая среда, психологическое развитие, семейное воспитание, одарённость, художественная литература, школьное образование, Бердибек Сокпакбаев, Акберен Елгезек, взаимодействие

Автор туралы мәлімет:

Касенова Айгерим – «Ақай Нүсіпбеков атындағы мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, Алматы облысы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-5207-6132>

Information about authors:

Kasenova Aigerim – Akkai Nusipbekov School-Gymnasium with a Preschool Center, Almaty Region, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-5207-6132>

Сведения об авторах:

Касенова Айгерим – КГУ «Школа-гимназия имени Акая Нусипбекова с дошкольным мини-центром», Алматинская область, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-5207-6132>

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

ҒТАР 16.01.45

Ғылыми мақала

Ләззат Әлімтаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: lazalim_72@mail.ru)

Профессор Р.С. Әмірдің еңбектері қазіргі оқу үдерісінде

Аңдатпа. Заманауи білім беруді жаңғырту жағдайында оқытудың құзыреттілік нәтижелерін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Оқу пәндері білімге, дағдыларға бағытталған нәтижелерге қойылатын талаптар негізінде құрылады. Мақала профессор Р.С. Әмірдің «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша бағдарлама шеңберінде «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі» курсын дамытуға қосқан үлесін қарастыруға арналған. Негізгі идеялар оқулықтың заманауи білім беру талаптарына сәйкестігін көрсету.

«Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі» оқулығы (2014) когнитивтік, функционалдық және жүйелік құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкес келетін негізгі дереккөзге айналды. Оқулық бакалавриат студенттерінің материалды жоғары деңгейде меңгеруін қамтамасыз етеді.

Күтілетін нәтижелер: күрделі сөйлемдердің түрлері, олардың құрылымы мен қызметі туралы негізгі білімді қалыптастыру; тілдік материалды талдау, салыстыру, синтездеу дағдыларын дамыту; сөйлеуін түрлі сөйлеу жағдаятына сәйкес дұрыс құрастыру т.б.

Зерттеу профессор Р.С. Әмірдің көзқарасы заманауи лингводидактикалық талаптарға сәйкес екенін және оқу курстарын құрастыру кезінде негізгі теориялық еңбек бола алатынын растайды.

Түйін сөздер: құрмалас сөйлем, құзыреттілік, коммуникативтік талап, оқу нәтижелері, синтаксистік құрылым, блум таксономиясы

DOI: <https://doi.org/10.71078/8gz81431>

Түсті: 10.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Қазіргі білім беру үдерісінде білім беру бағдарламаларындағы пәндерге қойылатын талап – пән мазмұнының оқыту нәтижелеріне бағытталуы. Әрбір күтілетін нәтиженің құзіреттілік түрлеріне танымдық (базалық білім); теориялық, қолданбалы, аралас (ұғымдық категориялар, теория, ереже, парадигмалық қатарлар, әдістер, кезеңдер, жүйелер т.б.); функционалды (әдістемелік, технологиялық білімдер); әдіс-тәсілдер, технологиялар; жүйелі (өнімді) оқу өнімі жатады.

Оқыту нәтижелері Блум таксономиясы бойынша (танымдық, функционалды, жүйелі) пәнді оқу барысында студенттер меңгеруге тиіс біліктілік деңгейіне негізделуі тиіс.

Олар айқын, өлшенуге және бағалануға икемді болуы керек. 1. «Субъект» 2. «Кәсіби немесе әлеуметтік ортада» 3. «Не істей алады» деген үш элементке негізделеді (Бершадская, 2018).

Зерттеу мақсаты. «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер синтаксисі» пәні мазмұны мен оқыту үдерісін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес талдап, профессор

Р. Әмірдің оқулығы негізінде оқу нәтижелерінің құзыреттілік түрлеріне (танымдық, функционалдық, жүйелі) сәйкестігін көрсетілуі керек. Пәндік білім мазмұны мен Блум таксономиясына негізделген оқу нәтижелерінің өзара байланысы дәлелденіп, білім алушылардың меңгеруі тиіс нақты дағдылар мен құзыреттерді сипаттай отырып, құрмалас сөйлемдерді коммуникативтік, құрылымдық талдаудың үлгілерін ұсына отырып, оқытудың нәтижелілігін арттыру жолдарын айқындау. Сонымен қатар, теория мен практиканы сабақтастыратын тәсілдер негізінде студенттердің сыни ойлау, талдау және синтездеу қабілеттерін дамытуға баса назар аударылады.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада сипаттау, талдау және жүйелеу әдістері негізінде оқулық мазмұнын қазіргі білім беру талаптарымен салыстыра отырып, теориялық тұжырымдарды нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Сонымен қатар, салыстыру және интерпретациялау әдістері арқылы құрмалас сөйлемдердің құрылымдық және коммуникативтік ерекшеліктері көрсетіледі.

Нәтижелер мен талқылау

«Филология: қазақ филологиясы» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер синтаксисі» пәні профессор Р.С. Әмірдің 2014 жылы министрліктің грифімен шыққан «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі» атты оқулығымен жүргізіледі. Ілгеріде аталған бүгінгі күні талап етіліп отырған пән құзыреттіліктері мен оқыту нәтижелеріне аталған оқулық мазмұны толық сәйкес келеді.

Бакалавр оқыту деңгейінде танымдық құзіреттілік бойынша қойылатын талап: оқу саласы бойынша алдыңғы қатарлы іргелі оқулықтар негізінде білу және түсіну дағдыларына ие болуы. Білу дағдысының модельдері: негіздеу, саралау, ұйымдастыру, анықтау, қайталау, есте сақтау, атау, жүйелеу, интерпретациялау, пайымдау т.б. Түсіну дағдысының модельдері: түсіндіру, топтастыру, табу, хабарлау, таңдау, аудару т.б. Қорыта айтқанда, білім алушы пәнді оқу барысында нені біледі, нені түсінеді деген мәнге саяды. Біріншіден, осы білу және түсіну дескрипторлары бойынша аталған оқулық негізінде білім алушы қандай оқу нәтижелеріне жете алады деген мәселені қарастырамыз.

Білім алушылар білу және түсіну дағдылары барысында келесі білімдерді меңгереді:

- көп предикативті конструкция деп танылған құрмалас сөйлем компоненттері пропозициялық мағынаға ие және бұл жалпы сөйлем семантикасы;
- құрамына сай: 2 және көп компонентті;
- грамматикалық форма алуына, ұйымдасу ерекшелігіне сай салалас, сабақтас құрмаластар. Сабақтас, салаластар, олардың грамматика-семантикалық түрлері тек грамматикалық ұстаныммен емес, олардың басты ерекшелігі – коммуникативтік қызмет тұрғысынан даралануы.

Осыдан барып, құрмалас сөйлемдердің практикалық мәні ашылған;

- коммуникативтік талғамға сай күрделі пікірді хабарлайтын синтаксистік тұлға сегменттік, тізбектілік типті құрылысқа жүгінеді. Сабақтастар тізбектілік, салаластар сегменттік талапты өтейді;

- баяндауыштары финиттік тұлғадағы салаластарды байланысу амалына қарай жалғаулықсыз, ал ерекше интонациялық қалып арқылы ұйымдасқандарды іргелес салалас құрмалас сөйлем деп атаған.

- грамматика-семантикалық тұрғыдан даралағанда, іргелестер іштей: мезгілдік, қарсылықтық, себептік, шарттық, айқындауыштық, объектілік, теңдік, телінбе атты семантикалық топтарға бөлінген;

– сабақтас құрмаластар тұлғадан мағынаға қарай ұстаным негізінде топтастырылған.

Танымдық аспектіде осы білімдерді меңгере отырып, қолдану менталдауға негізделген функционалдық құзіреттілік дағдыларын – қолдану мен талдауды игереді. Қолдану дағдысының модельдері: қолдану, таңдау, демонстрация жасау, интерпретациялау, шешімге келу, тәжірибе жасау т.б. Талдау дағдысының дескрипторлары: талдау, бағалау, топтастыру, салыстыру, салғастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай білу, сыни пікір айту, бөлшектеу, түсіндіру, себептерін айқындау, тәжірибе жасау, нәтижелерді синтездеу т.б. Жоғарыда аталған білім негізінде функционалды құзіреттілік бойынша білім алушы:

- пікірдің жай немесе күрделі екендігін талдай отырып, оның қызметін тану керек;
- предикативтік қатынастардың санын анықтау арқылы компоненттердің санын тану керек;
- баяндауыштардың грамматикалық форма алуына сай салалас немесе сабақтас екендігін ажырат а білу керек;
- компоненттердің грамматикалық қатынасынан туындайтын семантиканы айқындау керек.

Бұл оқулықтан коммуникативтік бағытта келесі білімдерді меңгереміз. Лебіз білдіру әрқашан коммуникативтік талаптар арқылы орындалады. Р. Әмір өз еңбегінде коммуникативтік талаптарды бірінші және екінші дәрежелі деп бөледі. «Коммуникативтік талаптың ең қарапайым көрінісі мына түрде көрінеді:

а) ақпаратты жеткізу – хабарлы сөйлем арқылы іске асады;

ә) сұрау, сұрақ қою – сұраулы сөйлемдер арқылы орындалады;

б) біреуді жұмсау, бұйыру – бұйрықты сөйлемдер арқылы іске асады» (Әмір & Әмірова, 2014: 93).

Жай сөйлемдердің тема мен ремаға жіктелісіне I немесе II дәрежелі коммуникативтік талап негіз болады. I дәрежелі коммуникативтік талапқа ең алдымен оның хабарлы, сұраулы, бұйрықты етіп берілуі, екіншіден, оның қарапайым логикаға құрылуы шарт. Себебі пікір уақыт пен кеңістіктегі іс-әрекет, іс-әрекеттің субъектісі, субъектінің атрибуты, іс-әрекеттің нысаны және пысықтауыштық өрістерді қамтиды. Бірақ адам әрдайым осындай ретпен сөйлей бермейді. Тілдесімнің мақсаты мен мазмұнының күрделенуіне қарай коммуникативтік талаптар да күрделенеді. Оларды Р. Әмір былай береді: «Құрмалас сөйлем құрамына мынандай екінші дәрежелі коммуникативтік талаптардың әсері байқалады.

Лебізді үнемді етіп құру.

Лебізді түрлендіріп, ажарлап айту.

Адресатпен үндесу.

Лебізді экспрессивті ету.

Лебіздің актуалды құрамын ерекшелеп айту, т.т.» (Әмір & Әмірова, 2014, 94-б.)

Осы коммуникативті талаптарға байланысты сөйлемнің тема-ремасы өзгереді.

Құрмалас сөйлемдер жүйесінде тілдесімнің коммуникативтік мақсатқа сәйкес құрылуында қалыптасқан орын тәртібі де өзіндік қызметі бар. Р. Әмір оны үшке бөліп көрсетеді:

1. Базистік (түпкі) орын тәртібі.

2. Кірігу орын тәртібі.

3. Инверсиялық орын тәртібі (Әмір & Әмірова, 2014: 97).

Керегін алып еді, көңіл-күйі көтерілді. Мұнда сөйлеуші қалыпқа сай бірінші бағыныңқы сөйлемді беру арқылы оны мағыналық жағынан басыңқыға меңгертіп тұр, яғни себебін білдіретін пікірді бірінші орналастырып, соған қатысты жаңа ақпаратты екінші сөйлемде береді.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасып отырады және ұдайы бақылауда болады. Бұл мысалда

салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулық байланыстыратын компоненті коммуникативтік мақсатқа орай соңғы позицияда орналасқан.

Құрамында нәруыздық заттар көп болғандықтан, тағамға (асбұршақ, үрмебұршақ, соя, жасымық), мал азығына пайдаланылады. Бұл сабақтас құрмалас сөйлемде де бағыныңқы компонент басыңқының себебін анықтап, актуалды мүшеленуге сәйкес коммуникативтік мақсатқа құрылған.

Құрмалас сөйлемдердің ішінде компоненттер тізіліп қана қоймай, сонымен қатар кірігіп те құрылады. Ол да коммуникативтік мақсатқа сай орын алады.

Алмагүл бұл өлеңнің өз даусына сәйкес келмейтінін біле тұрса да, даңқ құмарлығы жеңіп, осы тұста осындай әнге бас ұра бастаған жастардың мадақтауын тілеп, өзінің орындауына алды. Сонысына қарамай, бір-екі жеңіске ие болып еді, менімен бақ таластыра кетті. Бұның кезегі келгенде, ел орынға отырар шақ еді, бюро тарап, аудан басшылары түгел тысқа беттеп үлгерген, кабинетте Ауганбай Халелұлы жалғыз қалыпты. Бұл мысалдардағы ақпараттың мәнділігі жағынан кіріктірілген компоненттер маңызды болып келеді, олардың информативтік мәнділігі жоғары. Сөйлемді бұлай құрудың да арғы жағында коммуникативтік талап жатыр.

Құрмалас сөйлемдер жүйесінде инверсия да белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай орын алады. Инверсияға көбіне сабақтас құрмалас сөйлемдер ұшырайды. Қалыпты қисынға сәйкес бағыныңқы компонент үнемі басыңқы сөйлемнен бұрын орналасады. Ал инверсия кезінде бағыныңқы компонент басыңқыдан бұрын емес, кейінгі орынға шегінеді. Құрмалас сөйлемдердің бұлай құрылуы сөйлеушінің сөйлемді ой екпініне негіздеп жеткізу мақсатын көрсетеді. Яғни ой екпіні түсіп тұрған компонент алдыңғы орынға шығады да, төменгі орынға мәні жағынан екінші орында тұрған ақпарат орналасады:

Бүгін сізге жолығады, кешікпей үлгеріп келсе.

Күні-түні дайындалдым, уақыты жақындап қалғандықтан.

Қашан кітабы шығады екен, барлығын жақсылап оқитын.

Құрмалас сөйлемдер құрылымдық компоненттеріне қарай осы амал-тәсілдер арқылы актуалданады. Олардың орын тәртібі, бағыныңқының басыңқының алдында келуі – осылардың барлығы да коммуникативті талаптарға сай ақпараттың өзектелуі болып табылады.

Құрмалас сөйлемдер сонымен бірге экспрессивтік сипатта болады. Лебіздің эмоциялы, экспрессивті реңкте құрылуының әр түрлі жолдары бар. Экспрессивті құрмалас сөйлемдер әр түрлі сезімдерді оятады. *Әлден ақытта құрық үстіне құрық жаудырып, ну жылқыны иіріп бетін түзең, екі қырдың астына түсірдік-ау!* Бұл мысалда компоненттердің құрамына демеулік шылау және лексикалық бірліктер арқылы экспрессивтік мән үстеліп тұр.

Бізғындай ұрпақ, мол ырыстың ортасында отырып, айдалада жалғыз қалғандай, айналасы құлазып тұрса, мұның несі бақыт? Бұл аралас құрмалас сөйлемде екінші компонент шатты рай тұрғалы етістікпен келіп, үшінші компонент ретінде риторикалық сұрақты білдіретін сөйлем қатысып, экспрессивті құрмалас сөйлем жасалған. *Бізді іздеп әуре болма, бәрібір таба алмайсың!* Бұл мысалдар экспрессивті құрмалас сөйлемдерді танып, олардың құрылысын жіктеп көрсетуге негіз болатын деректер ғана. Коммуникацияда экспрессивтік сипаттағы құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары, олардың берілу сипаты өте ауқымды.

Құрмалас сөйлемдер лебізді түрлендіруге, ажарландыруға да қызмет етеді. Әрбір сөйлеуші басқадан өзгеше қылып, түрлендіріп сөйлеуге ұмтылатыны анық. Бұл жөнінде Р. Әмір еңбегінде «Осылай сөйлеу – қазақтың абыройы, мәртебесі» деп бағалайды.

Құрметтейік, көтерейік те әйелді! Ана әйелді құрметтейік! Оның сүюі таусыла ма, бүкіл дүние соның емшегін емін, ер жеткен емес пе? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі жеткен жоқ! Бұл үзіндіден автордың

қисынды сөйлеу шеберлігін анық байқаймыз. Оның сөйлемдерді құру барысында сөздерді мақсатты түрде байланыстырып, орындарын белгілеуі де коммуникативтік талапқа сай жасалған.

Әйда! Көшенің қақ ортасында иттер тойы қызсын да кетсін. Алдыда – Динго, сонан соң Таймас, желаяқ, қалғандары соңында. Бәрі үміткер Ертеңіне есіліп ақ тау, жосылып жота жол берді, жол үзгі жалғанып қалды екі шек қосылып. Поезд да өтті ен далада еркін салып айғайын, будақтатып көсіріп. Есрафил да бұл алыстан түнілді, жас алыптан – жаңа адамнан үміт кесіп, тосылып. Бар ашуы алқымына тығылып, қалжыраған, бір тұрып, бір жығылып, кетті қайтып мұз жеріне, түбегіне, қанды іздері қалды жарда жосылып. Осындай көркем әдебиетте кездесетін мысалдарға жеке ізденіс, жеке сөйлеу стилі, ажарлылық, түрлілілік секілді көптеген сипаттар тән болып келеді.

Осы мазмұндағы білімдерді игеру барысында білім алушылар келесі талдау дағдыларын игереді:

1. Компоненттердің тема-ремалық қатынасын анықтайды;
2. Құрмалас сөйлем сыңарларына тән орын тәртібін атап, себебін түсіндіреді;
3. Коммуникативтік талап дәрежесін талдап, оның себебін түсіндіреді.
4. Осы мақсатқа жегілген тілдік бірліктердің қызметін саралайды. Ол сондай мөлдір: түбіне түскен түйме алақандағыдай көрінеді.

Талдау:

Құрылымдық:

1. Құрылысына қарай: құрмалас
2. Құрамдық ұстаным бойынша: екі компонентті
3. Грамматикалық тұлғалануына сай: салалас, іргелес
4. Семантикалық ұстаным бойынша: айқындауыштық (Р. Әмір бойынша)
5. Функционалдық ұстаным бойынша: айқындауыштық, атрибутивті қатынас (екінші компонент бірінші компонентпен анықтауыштық қатынасқа негізделген.

Коммуникативті аспект бойынша:

1. *Тема-ремалық қатынасын анықтаңыз:* бірінші компонент тема – судың мөлдір екендігі, ал мөлдірлігінің қаншалықты дәрежеде екендігі рема жаңа мәнді ақпарат (себебі сөйленім мәнімен тыс талданып отыр).

2. *Құрмалас сөйлем сыңарларына тән орын тәртібін атап, себебін түсіндіріңіз.*

«Ол түбіне түскен түйме алақандағыдай көрінетіндей мөлдір» деп жай сөйлеммен берілетін пікірді екінші дәрежелі коммуникативтік талапқа сай құрмалас құрылымды етіп берген, яғни қарапайым қисын сай сөйлем мүшелерінің орын тәртібіне негізделмеген.

3. *Коммуникативтік талап дәрежесін айқындап, оның себебін түсіндіріңіз.* Пікірді түрлендіру, атрибутты өзектеу мақсатында, екінші компонент етіп қатыстырылған.

4. *Осы мақсатқа жегілген тілдік бірліктердің қызметін атаңыз.*

Ажарлау, тыңдаушының назарын аударту мақсатында сол актуалданған мүшеге дейкис ретінде сондай деген әсерлі сөзді қатыстырған.

Оқу нәтижелерінің соңғы сатысы синтез бен бағалауға негізделген жүйелеу күзиреттілігі. *Синтездеудің* моделдері: теорияландыру, жасау, қорытындылау, басқару, себебін түсіндіру, салдарын саралау, нәтижелерді жалпыландыру, жоспарлау, негіздеу, жобалау, пәнаралық білімді интерпретациялау т. б. *Бағалаудың* моделдері: бағалау, сыни тұрғыдан қарау, салыстыру, шешімге келу, дәлелдеу, болжау, рецензиялау, ұсыну, қолдау.

Қорытынды

Білім алушы эссе, шығарма, баяндама, реферат, мәлімдеме, презентация жаза және жасай алу керек. Жағдаятқа сай пікірін дұрыс бере алу керек. Коммуникативтік мақсатына, нәтижеге жету үшін тілік бірліктерді дұрыс таңдап, оралымды ету керек.

Шаршы топта сөйлеу, шешен сөйлеу, түрлі етіп сөйлеу дағдыларын иелену керек. Аталған оқыту нәтижелеріне осы курста профессор Р. Әмірдің «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі» оқулығының мазмұнын дұрыс меңгерген әрбір білім алушы осы мақсаттарға қол жеткізе алады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі

Бершадская, Ю. К. (2018, мамыр). *Индикаторы, опыт разработки и применения критериев оценивания* [PDF-файл]. Семинар АКУР. https://knastu.ru/media/files/page_files/teachers/Bershadskaya_UK_-_indikatory_opyt_razrabot._tsenivaniya_Seminar_AKUR_05.2018.pdf

Әмір, Р. С., & Әмірова, Ж. Р. (2014). *Қазіргі қазақ тілі: Құрмалас сөйлемдер жүйесі*. Алматы: Қазақ университеті.

References

Bershadskaya, Y. K. (2018, May). *Indicators, experience in developing and applying assessment criteria* [PDF file]. AKUR Seminar. https://knastu.ru/media/files/page_files/teachers/Bershadskaya_UK_-_indikatory_opyt_razrabot._tsenivaniya_Seminar_AKUR_05.2018.pdf

Amir, R. S., & Amirova, Zh. R. (2014). *Modern Kazakh language: The system of compound sentences*. Almaty: Kazakh University.

Lyazzat Alimtayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: lazalim_72@mail.ru)

The Scientific Works of Professor R.S. Amir in the Modern Educational Process

Abstract. In the context of modern educational reforms, academic disciplines are increasingly expected to align with competency-based learning outcomes. Course content must meet specific cognitive, functional, and systemic goals.

This study examines the contributions of Professor R.S. Amir to the course «Syntax of Compound Sentences in Modern Kazakh Language» within the «Kazakh Philology» curriculum. The key idea is to demonstrate that his textbook fully meets contemporary educational standards. The textbook “The System of Compound Sentences in Modern Kazakh Language” (2014) serves as a core resource for developing competencies in theoretical understanding, practical application, and communicative analysis. It helps undergraduate students achieve the intended outcomes at various levels of Bloom’s taxonomy.

The research methodology involves analyzing the textbook content through Bloom’s taxonomy and identifying cognitive, functional, and systemic competencies. It also includes syntactic and communicative interpretation of sentence structures and discourse analysis.

Findings show that the textbook enables:

- comprehensive understanding of structural and semantic types of compound sentences;
- development of analytical and interpretive skills;
- mastery of communicative functions and expressive forms of sentence construction.

The content supports the transition from theoretical knowledge to applied linguistic skills, fostering deep syntactic awareness.

This work illustrates how Professor Amir’s linguistic framework satisfies current pedagogical demands. It can serve as a reference for curriculum development in Kazakh

language syntax. The outcomes can be utilized in the creation of course syllabi, educational materials, and in the instruction of Kazakh syntax in higher education settings.

Keywords: Complex sentence, competence, communicative requirements, learning outcomes, syntactic structure, Bloom's taxonomy

Ләззат Алімтаева

*Қазақстан Республикасының ұлттық университеті атындағы Әл-Фараби университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: lazalim_72@mail.ru)*

Научные труды профессора Р.С. Амира в современном образовательном процессе

Аннотация. В условиях модернизации современного образования особое внимание уделяется формированию компетентностных результатов обучения. Учебные дисциплины строятся на основе требований к результатам, ориентированных на знания, навыки и умения.

Настоящая работа посвящена рассмотрению вклада профессора Р.С. Амира в развитие курса «Синтаксис сложных предложений современного казахского языка» в рамках программы по специальности «Казахская филология». Основная идея – показать соответствие учебника Р.С. Амира современным образовательным требованиям. Учебник «Система сложных предложений современного казахского языка» (2014) стал базовым источником, соответствующим требованиям к компетенциям: когнитивным, функциональным и системным. Его использование обеспечивает высокий уровень усвоения материала студентами бакалавриата.

Выявлено, что учебник Р.С. Амира обеспечивает:

- формирование базовых знаний о видах сложных предложений, их структуре и функции;
- развитие навыков анализа, сравнения, синтеза языкового материала;
- усвоение коммуникативных и экспрессивных требований при построении высказываний.

Работа подтверждает, что подход профессора Р.С. Амира отражает современные лингводидактические требования и может быть моделью при составлении учебных курсов.

Ключевые слова: Сложное предложение, компетентность, коммуникативные требования, результаты обучения, синтаксическая структура, таксономия Блума

Автор туралы мәлімет:

Ләззат Әлімтаева – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6679-6174>

Information about author:

Lyazzat Alimtayeva – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6679-6174>

Сведения об авторе:

Лаззат Алимтаева – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6679-6174>

ҒТАР 16.31.51

Ғылыми мақала

К. Курмантай*Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия, Алматы қ., Қазақстан**(E-mail: kurmantaykarina@mail.ru)***Жазбаша тіл дамытуда сыни пікір қалыптастырудың
лингвистикалық негізі**

